821.512.122
Ж92

Шымкентбай
ЖЫЛМАҒАНБЕТОВ

ӨМІР КӨШІНДЕ

821.512.122
Ж92

Шымкентбай ЖЫЛМАҒАНБЕТОВ

ӨМІР КӨШІНДЕ

(Әңгімелер, өлеңдер, әзіл-сықақ, фельетондар)

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ОККЖ
ИНВ.№ 82007

ҚОРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ
БӨЛІМІ

Тараз - 2023

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5Қаз)-5
Ж 92

Ж 92 Өмір көшінде. *(әңгімелер, өлеңдер, әзіл-сықақ, фельетондар)*. Шымкентбай Жылмағанбетов - **Тараз: «Формат-Принт»,** 2023 жыл. 180 бет

ISBN 978-601-259-144-6

Қаламгер Шымкентбай Жылмағанбетовтің бұл кітабына әр жылдарда жазылған әңгімелері, өлеңдері, әзіл-сықақ, фельетондары іріктеліп алынған. Мұның өзі үш кітаптан тұрады. «Қырмызы ғұмыр» атты бірінші кітапқа әңгімелері, «Сезім пернелері» деп аталатын екінші кітапқа өлеңдері жинақталса, үшінші кітап – «Арсыз болмай атақ жоққа» әзіл-сықақ, фельетондары топтастырылған.

Шығармалардың желісі соңғы үш ғасырдың үзік-үзік көріністерін көз алдыңа әкеледі. Бас кітаптың «Өмір көшінде» деп аталуы да сондықтан. Әңгімелері мен өлеңдерінде сол кездердегі қоғам тынысы, жастар өмірі, олардың ата-анаға, Отанға, туған жерге, асыл жарға, отбасына, еңбекке деген сүйіспеншіліктері сырлы сезіммен суреттеледі. Махаббат ұшқынынан жалын лаулатып, жаныңды тәтті әсерге бөлейді.

Сонымен бірге тағдыр тауқыметіне төтеп бере алмай өмірден баз кешкен мұңлықтардың мұңы да оқырмандарын бейжай қалдырмайды. Ал, әзіл-сықақтарында өмірдегі түйткілдер мен адам бойындағы келеңсіздіктерді ащы тілмен шағып, айыз қандырады.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-259-144-6 **© Ш.Жылмағанбетов. 2023**

Бірінші кітап

Қырмызы ғұмыр

(әңгімелер)

Киіктің лағы

Сонан бері талай жылдар өтті. Сонан бері жерінен жеріді ме, ауыл маңындағы сулы қаққа киіктер оралмай жүрген көрінеді.

ххх

...Жаз еді. Шілденің шіліңгірі тұла бойды шым-шым күйдіріп, жүрісті ауырлатып келеді. Астымдағы күрең жорға жас жылқы-тын. Бас білдіріп, тақым тигелі де көп болмаған. Жан-жағына еліре қарап, басын ала қашады. Інімнің мінгені әкемнің боз торысы.

Түс ауа сары жонды қырқаға көтерілдік те, аттарымызды тұсап жібердік. Айран, нанымызды алдымызға алып, жыңғылдың көлеңкесінде ауқаттануға отырдық.

Әудем жерде қос ат жайылып жүр. Тым алыстан ауыл мұнартып, төменде оймақтай болып көл жатыр. Көкжиекте ақ сағым ойнайды. Аспанда көгілдір бояулар мен ақ шарбы бұлттар жүзіп барады. Әні, сонау биік сарғыш төбеден қылаң етіп, шаң көтерілді. Інім де сол жаққа қарап отыр екен.

-Ки-ік-тер,- деді ол бірден.

Кең дала төсін дүбірлеткен қалың үйір көлге қарай құлап келеді. Қапырық ыстық таңдайларын қаңсытып, аңқаларын кептірген-ау. Ұзын саны елуге жуық бір үйір көл табанға жақындағанда жүрістерін бәсеңдетіп, шаңырақ мүйізді текесі оқшау шықты. Ойнақшып, шиыршық атқан қимылмен үйірін шолып қарады да, тұнып жатқан мөлдір суға тамсана тесілді. Сосын бүлк-бүлк жеңіл басып жақындай түсті.

Біз де осынау ғашық мезеттен айырылып қалмайық деп жер бауырлай жаттық. Тамаша сәтті қапы жібермей, демімізді ішке тартамыз. Шаңырақ мүйіз теке салқын суды

қылқ-қылқ жұтты. Қалың үйір де еркін сіміруге кірісті.

Шөлін қандырып, қарнын сыздатқан киіктің лағы анасының жанына келіп бұғағынан иіскелей бастады. Анау оның арқасынан емірене жалады. Үйір көл табанының көгіне жайыла түсті.

Су жиегінде талайды көрген ешкі мен бейкүнә лақ қана қалды. Ерке сәбидің бейнесін елестеткендей тәтті көрініс жүректі елжіретіп, бізді де өзіне тартып барады. Бір сәт бір-біріне мейірлене қарап қалған...

Жануарлар елең еткенше, жер-көкті солқылдатып, гүрс еткен дауыс шықты. Үйір ышқына қашты. Сейілмеген түтін арасынан жалп еткен жалқы лақты ғана көзіміз шалып қалды. Өн бойымнан ып-ыстық бірдеңе жүгіріп өткендей болды. Кеуде тұсым дүрс-дүрс соғады. Інім де солай қарай қарап тұр екен.

Атқа міне салып шауып келсек, аяғын әлсіз қозғап жатқан лақтың жанында екеу отыр. Аспан әлемін шарасына сыйдырып, жанары мөлт-мөлт жәудірейді лақтың.

Мылтық асынғандармен амандаспадық. Қырын қарап тұрмын. Бойды ашу кернеп, денем дір-дір етеді. Бірақ істер шара жоқ. Мына суық жүзді қаныпезерлерден қаймығамыз.

-Олжаға ортақ болғыларың келе ме а-а, деді құстымсық, құмай көздісі қызылсыраған құзғындай, лақтың аяғынан ұстап жатып.

-Ешкісін көздеп едім, лағына тигенін қарашы,- деп екіншісі жымысқыланып өтірік өкініп қойды.

Біз кейін шегіндік. Лақтан аққан жылымшы қан топыраққа ұйып қалған. Жанұшыра қимылдағысы келеді, ышқынады. Бірақ әлі жоқ. Көзінен жас ағуда. «Менің не жазығым бар еді. Дала қызығын да көре алмадым-ау. Анамның да ақ сүтіне тоя алмадым ғой. Мынау жарық дүниенің де паркын біліп үлгермедім. Адамдар неткен қатыгез» деп ішкі шерін шығарып жатқандай елестеді

бізге.

Оқ тиген оң қолтықтың асты қарауытып, қоңыркүреңденіпті. Құмай көздісі қынынан пышағын суырып, бауыздауға кірісті. Менің жүрегім езіліп, буыным босай берді. Бұдан әрі қарауға дәтім шыдамай, ауылға қарай тұра шаптым. Көзде жас. Ініме қарасам, ол да ағыл-тегіл жылап келеді екен.

Артымыздан тағы да дүрс еткен мылтық даусы естілді. Бәлкім, лағының жатқан жеріне қайта оралған аналықты оққа байлады ма екен қанды қолдар. Білмейміз, еңіреп шауып келеміз...

Осы оқиғаны інім әкеме түп-түгел айтып берген.

-Киіктер енді бұл жерге оралмайды,- деді ол қабағы түксиіп. -Енді оралмайды.

Сол күні түс көріп, ұйқымнан шошып оянғаным әлі есімде.

Келесі жылы әлгі екеуі айдалада мотоциклмен киік қуып жүріп мерт болыпты дегенді естідік. Осы өңірге белгілі киік аулаушылар екен. «Киіктердің киесі ұрды оларды» деді ауыл адамдары. Бәлкім, рас та шығар.

ххх

Араға біраз жыл салып, демалысымда туған ауылға барғанмын. Ол аймақтан құралай көз дала еркесін кездестіре алмадым. Досым «қызыл көз құлқын құмарлар қырып салған шығар. Тұрғанымен акша ғой» деді даусына мұң орай. Ал мен болсам киіктер мекеніне қайта оралса екен деп іштей тілеп тұрдым.

Әсілі, әкемнің айтқаны шындық болды-ау.

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Түнгі жауын

Жентектелген қара бұлт қою түнді онан бетер түнертіп тұрды да, маржандарын шашып жіберді. Сонан кәдімгі ақ жаңбыр себелесін. Әншейінде ауыз жаппай шабаланатын иттер де үрмейді. Қоралардағы қойлардың пысқырынып, күйсегені де, қозылардың маңырағаны да естілмейді. Айнала жым-жырт. Мүлгіген тыныштық. Қырдан ескен самалмен әдемі бір жып-жылы жұпар иіс лекіп, ауаны жайлап алған.

Киіз үйдің есігі сықыр етіп ашылып, онан біреу шықты да көрші үйдің жанына барып тоқтады.

-Айша, а Айша?

-О не апа, мен мұндамын.

-Немене қиналып жатырсың ба, ботам?

Іштен жауап болмады. Алаңдап тұрған кемпір қасына келген немересіне дауыстады.

-Жүгір, Халима жеңешеңді шақырып кел.

Толғақ қысқан келіншек тістеніп, ішін басады. Қара терге түсіпті.

-М-м-м, жаным-ай!

Қинала шыққан үнді ұйқыдағылар да есітіп, жылы көрпе астынан бастарын қылтитты.

...Ағайынды жігіттер бір-біріне үрпиісе қарасты. Бұлар қой күзетінде тұрған.

-Толғатып жатыр ма?- деді інісі.

-Солай болуы керек. -Әйелінің жыламсыраған дауысы сай-сүйегін сырқыратты. Бейне бір өзі ауырып тұрғандай. Сойте тұра «кім туар екен» деп ойлады. Бірақ, онысын інісіне сездірмей, темекісін тұтатты.

Ентіккен үндер, ыңырсыған дауыс құлақ түбінен естіліп тұр.

-Уһ, жаным қиналды-ау!

-Сабыр ет, келін шырағым.

Бұлар бір-біріне қорқа қарады. «Қалаға неге апармадық?» деген інісіне «отыр» деді саусақтарын сытырлатып ағасы. Байыз табар емес өзі.

Бір кезде ыңырсыған дауыс етінен ет кесіп алғандай ащы шықты.

-А-а-па!

Тоқтамыс орнынан атып тұрып: «Мен дәрігер шақырамын» деді де шідірлеулі жүрген аттарға қарай жүгірді. Іле нәрестенің іңгәлаған үні естілді де, екеуі бірдей үйге кіріп кетті.

-Тоқтар, - деді шешесі. – Міне, дүниеге тағы бір ұлан келді. Атын кім қоямыз?

-Інісінің есімін Тоқтамыстың өзі қойсын,- деді бала кезіндегідей басын сипап, ыржия күліп.

Жаңбыр жауып тұр. Тоқтамыс аспанға шалқалап жауынға бетін тосты. Бұл бір сүйінші сұрап тұрған жаңбыр болды. Жаңбыр – аспан нұры ғой. Нұр.

-Нұрбол қоямыз!- деді көзі шоқтай жанып.

Аққұба жүзі алаулаған ол ағасын құшақтай алды. – Нұрбол!...

Үйге қайта кірген Тоқтамыс: «Жеңеше, Нұрболды көрейінші», - деді. Жеңгесі қайын інісінің қуанышына риза көңілмен қарап, інісін меңзеді.

Жауын әлі бір қалыпты сатырлап жауып тұр. Үйдегілер түгел дастархан басына отырды. Жүздері қандай жарқын еді.

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Махаббат мақамы

Эстрада сахнасында оркестр вальс ойнап тұр.

Екеуі дөңгелене билеп жүр.

-Жаксы билейді екенсіз! – Қызды сөзге тарту үшін жігіт айтты мұны. – Сіздің қасыңызда мен аюдай қорбаңдап жүрген болармын сырт көзге.

- О,о, сіз мені тым мақтап, өзіңізді кемсіткеніңіз қалай?

Қыз жайдарлана сөйледі. Енді жігіттің мысы қашты. Ертелі мың толғанып тапқан сөздері, қапелімде желді күнгі бұлттай ыдырап, сөз таба алмай әлек. Араларын үнсіздік жайлай бастады.

Оркестрдің сан алуан әуені жан-дүниеңді баурап, делебеңді қоздырады. Бақытты жанның жалқы сәттегі сезім күйін толғап жатқандай. Кеудеңді шаттық кернеп, құс болып ұшып жүргендейсің.

Мына әуенде махаббат сыры шертілуде ғой, - деді жігіт аққұба жүзінде нұр ойнап.

Қыз жігітке таң қалғандай қымсына қарады.

-Неге олар тек қана махаббат жайлы шығармалар орындайды екен?

-Неге? Бетховенді де орындайтынын білемін мен.

-О, о Бетховен елдікті, ерлікті жырлайды. Өте тамаша адам болған-ау!

-Иә, иә, дұрыс айттыңыз.

Сөздері жарасып, әңгімелері өріс ала бастады...

Музыка аяқталды. Жастар топ-топ болып сыртқа шықты. Қайсыбіреулері осы жерде қимас заттарын жоғалтқандай жалтақтайды.

Қала ішінде әлі абыр-сабыр басылмаған. Көп қабатты үйлердің терезелері сәуле шашады. Ары-бері толассыз ағылған адамдар, машиналар... Мамыр түнінің жібектей майда желі көше бойындағы қайың, теректердің

жапырағын сыбдырлатып, сыр ұрлап тұрғандай.

-Айтыңызшы, адресіңіз қалай еді? Бәлкім, такси ұстармыз.

-Қажеті жоқ, міне, келіп те қалдық үйге.

Жігіт кенет тоқтап қалды. Әлденеге ыңғайсызданып тұр. Оның есіне қыздың есімін сұрамағаны түсті.

-Менің есімім Нұрлан, - деді ол сөзін бөліп-бөліп. Қыз да жігітке күлімсірей қарап тұрып:

-Айнұр, - деді басын сәл төмен ие аққу мойнын бұрып. Қара түндей қап-қара мақпал шашы судырап иығына төгілді.

Жігіт оның қараторы жүзінен, бота көзінен әлдеқандай бір жылылықты байқады. Сәбидей алаңсыз, бейкүнә қарайды екен. «Ақылды боларсың» деді іштей.

-Міне, біздің үй. Жеткізіп салғаныңызға көп рахмет. Сау болыңыз!

-Сау болыңыз, көріскенше...

Айнұр жымиып күлді. Сонан соң сәмбі талдай талдырмаш әдемі мүсін тық-тық басып кете барды. Нұрлан ол үйіне кіріп кеткенше, сыртынан сүйсіне қарап тұрды.

...Алтыншы күннің кешінде екеуі концертте бірге отырды. Бетховеннің тоғызыншы симфониясын тыңдады. Онда ықылым замандар бойы зар илеген қара халықтың мұңы шертіліп, адамзаттың өткен тарихы баяндалып жатты.

Бұл Айнұрдың сүйіп тыңдайтын симфониясы-тын. Ал, дәл қазір осынау қасиетті шығарма екеуі үшін ойналып жатқандай болды... Жаңа бүршік жарып, көктеп келе жатқан махаббаттың нәріндей еді бұл...

Сағыныш

Күндегіше сабақ дайындауға келген Садық, сквердің арғы жақ шетінде отырған өзіне жүзі таныс қызды көріп, қасына барды. Бүгін бұл жерде, көл жағасына жағалай қонған қаз, үйректей абитурент қыз-жігіттер көп-ақ екен. Сонда да ол олардың арасынан әлгі қызды жаңылмай таныды. Өзінің көргенше асығатын Айнагүлі. Теректің бір шоқ жапырағын қолында ойната, желпініп тұрып:

- Саламатсыз ба! – деді жылы шыраймен жымиып.

- Саламатсыз, - деді қыз да күлімсіреп. Сосын ысырылып орын берді.

...Әдепкіде бұл қызбен Садық, осы сквердеағасының жатақханасын іздеп жүріп жолыққан. Ағасы Марат осында заводта жұмыс істейтін еді. Оныншыны бітірген Садық совхозда екі жыл жұмыс істеген. Бір күні ағасынан хат келді. Онда: «Қалаға кел. Сенің білім алуың керек. Қазандай басыңның құр қауашақ емес екенін мен білемін» депті. Сонымен не керек, «ләпбайға» зар болып жүрген Садығың астанаға тартып кетті. Көптің бірі емес, атымды оздырам деп кетті.

Кешке дейін ағасының жатақханасын таба алмаған Садық, сквердежалғыз отырған бейтаныс қыздың жанына келді. Шаршағандікі ме, әлде мәдениеттілік жасады ма үні бәсең шықты. «Бос па екен?» деп сұрады. Қыз оқып жатқан парақтағы жолдан адаспайын дегендей, кітаптан көзін аудармастан «отырыңыз» деді. Ойын бөлгенін жаратпай қалған сыңайлы. Оның қызбен танысайын дегенде ойы жоқ болатын. Көп жүргендіктен шаршап, аз ғана демалғысы келген. Оның үстіне заводтың жатақханасын сұрамақ болды. Біраздан соң тыңайған ол, қыздан жатақхананы қайдан табарын сұрап, адресін

Жасымау керек. Жаңа саған айтқан жоқ едім, мен де құлап қалдым. Амал не, жарын тағы келеміз. Міндетті түрде түсеміз. Көрерсің әлі.

- Мәс-саған, онда келесі жылы тағы кездесетін болдық қой, - деп Садық жерден жеті қоян тапқандай қуанды. Әлгіндегі жүзіне үйірілген уайым бұлты сейіліп, күндей жарқырап шыға келді.

- Ал, қане, кеттік пе! Құрметті Әуезовке сәлем берейік.

- Кеттік...

Театрда «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» тамашалады.

Күз белгі бере бастаған. Ексім желмен реңі өзгерген талдардың сары-қызғылт жапырақтары теңіздің алапат толқынында жүзген қайықтай қалт-құлт етіп, суылдап түсіп жатыр. Сағағынан үзіліп, ұшып-қонады, ұшып-қонады. Күздің шартабақтай күні алқызыл шапағын шашып, Алатаудың асқар шыңына жасырынуға таяу.

Екеуі әңгімелесіп отыр. Бірер сағаттан соң екеуінің жолы екі айырылмақ. Садық барып еңкіш тартқан кейуананың соңғы гүлін сатып әкеліп, қаяусыз көңілімен Айнагүлге ұсынды. Бір-біріне телміре қарайды.

Садық түні бойы дөңбекшітіп, көзін іліндірмей қойған жан сырын жыр ғып төккісі, бәрі-бәрін айтқысы келді. Бұл екеуміздің өміріміздегі маңызды мәселе деді. Бірақ оның көкейін түсінген қыз «Асығыстық жасама, уақыт дегенің алдымызда көп емес пе. Менің бұл қаталдығым үшін көңіліңді кір шалмасын» деп бет бақтырмады. Мысы құрыған жігіт «Бір ойлағаның бар шығар, ақылды қыз» деп бұған көнді. Көнсе де «ауылында жігіті бар ма екен» деген күдікті ой жүрегін сыздатып өтті. Сөйтіп, көрікті ой, зерделі сезімі көкірегінде булығуымен қалды.

Диктор қыз поездың жүретінін хабарлады. Жұрт сеңдей соғылысып, жапатармағай вагондарына ұмтылды.

-Хош, - деді Айнагүл.

-Келесі жылға дейін,- деді бұл.

Поезд батысқа қарай қозғалғанда Садық денесінің бір мүшесі осында қалғандай ауыр күй кешті. Ол аздай, сол сәт адресін алмағаны есіне түскенде өзегі өртеніп, қол бұлғап қалған Айнагүлге ұз-а-ақ қарап тұрды. Өкініп қалды.

Садық ғашықтық сезімінің махаббат атты дертке ұласатынын өмірінде бірінші рет білгендей болды. Және оны тілмен айтып жеткізе алмайтынын да шын сезді. Ауылына барғанша да, барғасын да қыз бейнесі көз алдынан кетпеді.

ххх

Садық баяғы таныс сквердс, аяқ астындағы сарғайған жапырақтарды нығарлай басып келе жатыр. Астанаға келгелі бос уақытын осы жерде өткізуді әдет қылып алған. Бәрі баяғыша, еш өзгеріс жоқ. Қазір екінші жыл, бұл студент. Бірақ Айнагүлді кездестіре алмай-ақ қойды. Сағыныштан сарғайған жүрек, тек соны ғана іздейді. «Қайда болды екен? Қош бол, алғашқы махаббатым менің. Бәлкім, тағдыр бізді әлі де кездестірер». Шіркін, жүрек осылай сөйлейді...

Күзгі сарыала жапырақтар желмен дірілдеп ұшады...

Ол Айнагүлін әлі іздеп жүр

Адалдық

Ферма орталығына келгенімде сауыншылар сүт құйылған ыдыстарды әлдекашан даярлап, сыртқа шығарып қойған екен. Машинамды тоқтаттым да, су ішуге сол жердегі бір үйге кірдім.

- Келіңіз, төрге шығыңыз, - деді маған қарсы шыққан әдеміше қыз инабаттылықпен.

Су ішіп болған соң, арадағы тыныштықты мен бұздым.

- Атыңыз кім болады, қарындас?
- Гүлзар. – Ол езу тарта, жымия күлді.

...Қыз әдепкідей емес, ашылайын деді. Бірақ, даладан «шопыр балалап» келе жатқан, ер адамның дауысы естілді де сөзіміз бөлінді. Қызға рахмет айтып, сыртқа шықтым. Флягтар машинаға тиеліп, жолға дайын тұр екен.

Ұзақ жол бойы ойланып келемін. Қасыма да адам алмаған едім. Гүлзар менің көз алдыма елестеп, ойымнан кетер емес. «Шіркін кішіпейілді де парасатты ауыл қызы қандай жақсы. Бәлкім ақылды да болар». Шынын айтсам, мен оны бір көргеннен-ақ ұнатып қалдым. «Бірақ Гүлзар мені ұната ма? Үстім болса аңқыған бензин. Мынау түрім де келіспеген. Таза киімімді кисемші».

Сол күні түні бойы көз ілмей шықтым.

Ертеңіне сол фермаға тағы жолдама алдым. Бар жылдамдықпен жүйіткіп келемін. Жол тегіс. Жүрегім алып ұшады. Бүгін Гүлзарға неде болса өз ойымды айтпақпын. Бірақ, Гүлзар не дейді. «Сүймейтін болса ше?...».

Фермаға күндегіден ерте келдім. Су ішуді дәлел қып Гүлзардың үйіне тағы бардым. Шешесі бар екен, ақ көңіл адам болып шықты. Риясыз ақ жарқын амандасты.

Сөзді өзі бастады.

- Балам, Аралға барасың ба?
- Иә.
- Мына біздің қыз Әлімбаев көшесіндегі апасының

үйіне баратын еді, ала кетпейсің бе?

«Мәңгі алып жүрер едім» дедім ішімнен.

- Жарайды.

Жолға шықтық. Машина жер апшысын қуырып, қара жолдың шаңын аспанға будақтата зымырап келеді. Мен әдепкіде қысылып-қымтырылсам да, Гүлзарға өзімді-өзім қинап отырып көңілімдегінің бәрін айттым. Оның жауабы да көңілімнен шықты. Өзінің мені қалайтынын айтты. Сондағы менің қуанғаным-ай. Көңілім масайрап сала берді. Бірақ, оны сол сәтте сүюге батылым жетпеді. Дегенмен оның өзіме ең жақын адам екенін сезіндім. Махабаттың құдіретті күшін де сонда білдім...

Сол күні өте кеш оралдым. Завод директоры жүдә шорт мінез адам еді. Заводқа келсем ол да күтіп тұр екен. Ашудан түтігіп кетіпті.

- Әй, бала сен осы уақытқа дейін не бітіріп жүрсің. Сенің бір өзің үшін, осынша адам жіпсіз байланып тұра ма, а?

Кешіккендігіме кешірім сұрап, енді кешікпейтіндігімді айтайын деп едім, ол маған құлақ аспады. Өйткені мұнан бұрын да айыпты болғанмын.

Ертеңіне мен де намысқа тырысып, арызымды жазып апардым да, жұмыстан шықтым. Гүлзарменен танысуыма да бірден-бір себепші болған осы жұмысым еді. Амал қанша, басқа жұмыс іздеуге тура келді.

Бір аптадан кейін қаладағы автобазаға жұмысқа орналастым. Бір лақсасы шыққан самосвал еншіме тиді. Енді Гүлзарға баруым да қиындай бастады. Бірде Асан деген диспетчер жігітке өлердегі сөзімді айтып, Гүлзардың ауылына жолдама алдым.

Гүлзарды қатты сағынған едім. Ол да мені тағатсыздана күткен екен...

Көп ұзамай Гүлзарды үйге алып келдім. Семья құрдық.

ҚОРДЫ ҰЙЫМДАСТЫ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАН
БӨЛІМІ 2007

Гүлзардың үй-ішімен де қатынасымыз жақсы. «ЗИЛ-150» машинасын да алдым.

Сөйтіп басыма бақ қоғандай бақытты болдым да қалдым ...Бір күні жұмыстан келсем Гүлзар егіл-тегіл жылап отыр. Мұрат та бесікте іңгәлап жатыр. Апам базарға кеткен екен.

- Не болып қалды?,- дедім жүрегім елжіреп кетіп, аяныш білдіре.
- Саған шақыру қағазы келді. Әскерге алатын көрінеді.
- Қапа болма, бір ләжі болар жаным,- дедім.

Ол тағы да өксіп жылады.

Комиссия мені әскерге жарамды деп тапты. Сол күні Гүлзар тіпті жүдеп кеткендей болды.

Әскерге аттанатын күн де жетті. Гүлзар мені достарыммен бірге шығарып салды. Сонда ол менімен дұрыстап қоштаса да алмады-ау, байғұс. Қасындағы адамдардан ұялса керек. Поезд орнынан қозғалғанда ол қолындағы Мұратымен бірге мұңая қолын бұлғап қала берді.

Мен автобатальонға келіп түстім.

Күндер зымырап өте берді. Үймен де үздіксіз хат алысып тұрдым. Міне, әскери қызметім де шамаласып қалды...

Бір күні сапардан келсем, үйден хат келіп жатыр екен. Онда апам: «балам сені қатты сағындық, мүмкіндігің болғанынша суретіңді салып жібер» депті. «Шіркін ана-ай, аз-маз күнге де шыдамайды-ау. Енді бір айға жетпей үйге де барып қаламын ғой» деп жүріп, сурет іздей бастадым. Гимнастеркамның да қалтасын қарап шықтым. Төс қалтамнан бір сурет ілініп шықты. Ол Марияның туған күнінде Борис, Елена, мен және Мария төртеуміз түскен суретіміз екен. Соны алдым да «апа әзірше мына суретті ала тұр. Аз күнде өзім де барып қаламын ғой» деп хат жазып жібердім.

Бұрын мен Марияны танымайтынмын. Оны әдеттегідей бір күндік демалысқа шыққанда Борис таныстырған еді.

Сол күні біздер киноға да бардық. Ол әкесінің жұмысына байланысты көшіп келген екен.

Әскер қатарындағы қызық та қиын күндер екі күндей болмай, зымырап өте шықты.

Поездан түскенімде, бала жетектеген бір келіншектер көбейіп кетті дейсің. Олардың бәрі мені күтіп алуға келген Гүлзар сияқты болып көрінді маған. Бірақ, олардың ішінде көптен сарғайып аңсаған асыл жарым жоқ болып шықты. «Салған телеграммамды алды ма екен, әлде бір тығыз жұмысы болып шықпай қалған шығар. Бірақ...»

Үйге келсем, апамның жалғыз өзі отыр. Мені көре сала жас адамша орнынан қарғып тұрып, құшағын жайып келіп, маңдайымнан, бетімнен, көзімнен емірене сүйе берді. Шіркін ана құшағы неткен аялы. Мен де бір сәтке сағынышым басылғанша, басымды кеудесіне қойып тұра бердім. Бір мезетте барып, жан-жағыма көз тастай:

- Апа, Гүлзар қайда? - дедім.
- Кетіп қалды ғой, балам.
- Неге?
- Менен болды-ау шамасы.
- Сондай-ақ, не істеп едің оған.
- Сенің суретіңді сұрап мен сорлы... – Анам кемсеңдеп қоя берді.
- Мұратты да алып кетті ме, апа?
- Иә, балам, тастамады.

... Мен бұдан бір ай бұрын жіберген суретімнің умаждалып хатпенен бірге столдың тартпасында жатқанын көрдім...

Сол күні үйде апаммен бірге болдым. Көзайым айтып көршілер де келіп жатыр. Дастарханымыз бір жиылмады. Бейне бір той өтіп жатқан тәрізді.

Ертеңіне Гүлзарды алып келуге фермаға қарай жол тарттым. Апам «бәлкім ол келмес, сенің орыс қызбен суретке түскеніңе қатты ренжіп кетті, айтып түсіндірмесең»

деп еді. Бірақ, мүлде олай болмай шықты. Мені көргенде Гүлзар да, анасы да қуаныштарын жасыра алмады. Гүлзар мойныма асылған күйі:

- Қасым, жалғыз келдің бе? – деді. – Жүзінде әлденеге деген күдік бар.

- Сен не деп ойлап едің, өзің тұрғанда басқаны не қылам. Жүрегімде алаулап тұрған жалғыз махаббатым сен емессің бе, қызғаншағым-ау, - деп құшағыма алдым.

Мұрат үшеуміз үйге қайттық.

Бірде түскі ас ішіп отыр едік.

- Ал жыртты,- деді апам.

- Нені?

- Суретті.

Мұрат столдың тартпасындағы сурет пен хатты тілімдеп тастапты. Апам жыртылған суретті жинап алып, отқа тастады. Мен оған қиналсам да іштей тындым.

Арада жарты жылға жуық уақыт өтті. Сурет те, басқасы да ұмыт бола бастаған. Бір күні Мариядан хат келді. Онда ол жақында бір офицерге тұрмысқа шыққанын, ал оның төртеуміздің түскен суретімізді көріп шатақ шығарғанын, сонан соң бұл суретті жыртып тастауға көзі қимай маған жібергенін жазыпты. Мен де оны құп алдым.

Бұл жолы біздің суретімізді апам да, Гүлзар да, Мұрат та, жыртқан жоқ, оған реніш те білдірмеді. Ол менің альбомымда әлі күнге сақтаулы тұр. Әскерден ескерткіш. Ал, Гүлзар екеуміздің арамыздағы аяулы махаббатымыз, алғашқы кездескендегіміздей пәк қалпында...

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Партизандар соқпағы

Зулап келе жатқан мотоцикл кенеттен тоқтап қалды. Олжас жалма-жан түсті де бакке үңілді. Айтқандай-ақ, бензин таусылған екен. Мотоциклін бір еменнің түбіріне сүйеді де, жол жиегіне отырып темекі тартты. Енді, міне, ұзақ отыруға тура келеді. Мынау мылқау ормандағы жалғыз-ақ жолдан жақын арада машина жүре қояр деймісің. Олжас орнынан тұра бере темекі тұқылын шиыра лақтырып жіберді.

- Әй, жолдас, мынауыңыздан өрт шығаруыңыз да кәдік қой.- Қыз дауысы сыңғырлай шықты.

Сержант таңдана жалт қарады. Қарсы алдында әдемі гүлді өрнегі бар, көк көйлекті қыз тұр екен. Дене мүсіні тастан қашалғандай сымбатты, тіп-тік.

- Сіздей орманшы қайдан тап болған бұл жерге?

- Орманшы болмай-ақ қояйын, бірақ, ана темекіңізді сөндіріңіз жолдас сержант.

Олжас орнынан тұрып барып, әлгі шеккен сигаретін аяғымен таптап сөндірді.

- Сіздің бұйрығыңыз орындалды, жолдас...

- Мен сізге бұйрық бергенім жоқ. Онан да бұл жерде неге күнге қыздырынып жатырсыз соны айтыңыз.

- Бензин таусылып қалып, көрмейсіз бе?...

- Менің атамда бар еді, жүріңіз соған барайық. Мына жерде жақын.

Олар мотоциклді бұтаға жасырды да орманшының үйіне қарай бет алды.

Жолда келе жатып Олжас қасындағы қыздың атының Оксана екенін білді. Атасының үйіне қыдырып келген көрінеді. Өзі институтта оқиды екен. Әңгімемен олар орманшының үйіне келіп қалғандарын да байқамады. Орманшының үйі шағын алаңқайға қоныстанған екен.

Есік алдына үйілген шөпті ұзын бойлы, кең жауырынды орман қызметкерлерінің формалы киімі мен фуражкасын

киген шал, сарайға тасып жатыр. Құшақ-құшақ шөпті жеп-жеңіл басынан асыра көтеріп, бір талын да түсірместен апарып тастайды.

- Ата, тағы да мені күтпестен өзіңіз істеп жатырсыз ба? – деді Оксана оған.

- Қызым-ау, бұл небәрі бір-ақ сағаттық жұмыс қой, оған көмектің не керегі бар?

- Ата, мына жігіттің мотоцикліне бензин керек болып тұр, жолда тұрып қалыпты.

- Саламатсыз ба, атай, мен сержант Олжас Омаров, Н әскери бөлімінің курьері боламын.

- Ә-ә, көрші екенсің ғой.

- Иә, көршіміз, - деп қолын ұсынды ол.

- Иван Кузьмич, - деп таныстырды өзін орманшы. – Бензин керек дедің бе, беруге болады. Оксана ана сарайдан ыдысқа құйып әкеле қойшы...

- Кәне мен де көмектесейін Иван Кузьмич, айыр табыла ма?

- Табылуын табылады, бірақ сен дем ал, онсыз да шаршап жүрген боларсың.

Олжас оның сөзін тыңдамастан үстіндегі мундирін шешіп, қолына айыр алды.

Оксана да бұл уақытта бензинді бұлардың жанына әкеліп қойып, киімін ауыстырып, таптауға маяның үстіне шыққанды. Жұмыс та қызып кетті. Соңғы бір айыр шөпті Оксананың аяғының астына тастай бере, Олжас есік сыртынан әлдебір дауысты есітті. Жартылай ашылған есіктен сыртқа көз тастап еді, орманшының шалқасынан ессіз, сұлқ жатқанын көрді. Жүгіріп барып, кеудесіне құлағын тосқан-ды. Тыныс алып жатыр екен. Сонан соң Оксана екеуі оны еппен көтеріп апарып, керуетке жатқызды. Сәлден кейін қарт есін жинап, көзін ашты.

- Қызым сен қорықпа, мен тәуірмін, - деді ол даусы дірілдей әлсіз ғана.

- Ата, мен Олжаспен дәрігерге барып келсем қайтеді?

- Жоқ, керек емес қалқам, онан да жаңбыр жаумай тұрып шөпті жинап тастаңдар, мына карғыс атқыр граната жарқыншағының әсері ғой бәрі, қазір-ақ тұрып кетемін.

Шөпті әбден ұқыптап жинап болған соң, екеуі мотоциклге барды. Бензинді құйып жатып Олжас:

- Оксана, атаңа не болған, бұрыннан солай ма еді?

- Иә, бәрі де сол соғыс лаңы,жарқыншақтың зардабы ғой. Менің атам осы жерде партизандық жасаған...

- Ал неге бұл жерде жалғыз тұрады, өзі сырқат.

- Оның да өзіндік құпиясы бар. Сен анау ақ қайың жанындағы обелискіні көрдің бе? Сол менің әжемнің бейіті. Ол партизан отрядының байланысшысы болған. Кейін оны бір сатқын немістерге ұстап беріп, деревняға нақ совет жауынгерлерінің келер алдында атып тастаған.

- Қандай өкініште!

- Партизан отрядына барамыз ба екеуміз,- жүзі алабұртып, жанарынан әлдебір ұшқын жылт ете қалды. – Мен каникул сайын барып тұратынмын.

- Қандай отряд? – Олжас таңданған кейіп байқатты.

- Атам мен әжемнің соғысқан жерін айтамын.

- Ертең барайық.

- Өзің көрдің-ғой, атамның қандай халде жатқанын. Үш-төрт күннен кейін барсақ қайтеді.

- Жарайды, келістім.

Арада бірнеше күн өтті. Жексенбі күні ертеңгісін орманшының үйінің жанына келіп, су жаңа «Ява» мотоциклі тоқтады. Шатырдан Иван Кузьмич те шықты.

- А-а, Олжаспысың, үйге кір, құрметті қонағым боласың.

- Саламатсыз ба атай, денсаулығыңыз қалай?

- Иә, қандай денсаулық болсын бізде, жүрген ғой әйтеуір.

Шамалыдан соң Оксана да шықты, қолында әлдекандай

сұйық толы құмыра. Бейне үй шаруасында жүрген уыздай жас келіншекті көз алдыңа елестетеді. Осындай ақылды да сұлу қызға қандай жарасымды. Олжастың көңілін бір сезім қытықтап өткендей, жүрегі лүпілдеп кетті. Қызға сүйсіне қарап қалды.

- Сәлем Олжас! Мә, дәмін көршi,- деді ол ойнақы дауыспен күлімдей. – Менің жасаған шырыным.

- Шырын. – Бір-екі рет ауыз толтыра ұрттады да, - дәмді екен,- деді шын пейілмен.

- Олжас сен отыра тұр, мен тездетіп киініп шығайын, сосын кетеміз.

Орманшы қарт жақындап келіп:

- Отрядқа ма, барыңдар, сендерге-жастарға көру керек, білу керек аталарыңның қалай соғысқандығын.

Жасыл шөп өсіп, көрінер-көрінбестей болып жатқан жалғыз аяқ жолмен бұлар жүріп келеді.Талай көлшіктер мен батпақты жерлерді де айналып өтті. Бұрынғы партизандардың шарлаған жолдарының қазір ізі де қалмаған. Ештеңе болмағандай мынау орман да тылсым тыныштықта маужырап тұр. Оксана мен Олжас орман арасымен бір сағаттай жүрді. Ақырында олар ашық алаңға шықты.

- Әне көрдің бе, қарайып тұрған төмпешікті-ол жеркепе, ал мынау орманға жақын тұрғаны барлаушылар взводының орналасқан үйі. Онда менің әжем кезекті тапсырманы орындап келгеннен кейін тұрған, сонда демалған. Әрине ол кезде біздей жас қой... Сол жас күйінде кетті. -Оксана көзіне жас алды. -Жүр соған барайық.

Букет бұлардың алдына түсіп құйрығын бұлғаңдата жеркепеге қарай бастады. Оның артынан бұлар да келді. Есікті ашып,ішке енді. Іші қараңғы екен. Тек есік саңылауынан болмашы сәуле себезгілейді. Ыза исі мұңкіп тұр. Аздан соң көздері де үйренейін деді. Сонда да болса Олжас анықтап көргісі келгендей шырпы жағып, жан-жағына сұқтана қарады. Осы кез бәрі де анық көрінді, едені

де, қабырғасы да, төбесі де, тақтайдан жасалған жататын орындары да.

- Міне, мына жерде менің әжем жатқан, ал төменде оның корзинасы тұрған.

...Партизан отряды орналасқан лагерді әбден аралап болған соң олар қайтуға беттеді. Алаңқайдағы ескірген жеркепелер бар сырды ішіне бүгіп жансыз тұр. Сонау бір қиын-қыстау қаралы жылдардың елесі де жоқ, бәрі де ұмыт болғандай. Бір кезде жаңбыр тамшылады.

- Оксана, жаңбыр жауғалы тұр, басылғанша бір кепеге ықтай тұрайық. - Ол айтып болам дегенше күн күркіреп, найзағай жарқылдап, нөсер жаңбыр құйды да кетті.

- Оксана сен жаурап қалыпсың ғой.

- Ештеңе етпейді, қазір оншалықты салқын емес қой.

Олжас кімнен қалғаны белгісіз, бұрыштан бір құшақ құрғақ ағаш бұтақтарын тауып алып жақты. Жеркепеде костер оты лаулады. Жас жігіт пен бойжеткен, Оксананың әжесінің жататын орнында отыр. Ол темекі шеккен күйі костерге ойлана қарап қалды. Өткен күндер кинодағыдай көз алдарына елестеді. Партизандар туралы кітаптан оқығандары да бар. Бәрі-бәрі бәз-баяғы қалпында болып жатқан тәрізді. Олжастың өзі де партизанға айналып кеткендей. Қасындағы қыз бейне бір қалыңдығы... Жеркепенің үстінде күн күркіреп жатты. Әсіресе, біреуінің дауысы бомба түскендей ерекше қатты шықты. Үрей тудырды. Оксана Олжасқа тығыла түсіп:

- Сен білесің бе,бәрі айнымай қайта оралып тұрған сияқты. Мына үйде партизандардың елесі кезіп жүргендей, - деді.

Сержанттың көз алдына автомат асынған батыр тұлғалы орманшының жас күйіндегі бейнесі келді. Жаңа ғана жауынгерлік тапсырмадан келіп тұрғандай. Бір мезет ақ қайың жанындағы жалғыз бейіт есіне түсті...

- Оксана мына жеркепе де, партизандар жүрген жалғыз аяқ жол да, сенің әжеңнің бейіті де, атаңның денесіндегі

гранат жарқыншағы да, бәрі де сұм соғыстың ізі, куәсі. Ол әлдеқашан аяқталды. Бірақ, оны ұмытуға болмайды. Міне, біздер сонау бір жылғы жаралы гүлдерден өсіп-өніп, тамыр жайған қызғалдақтармыз. Сондықтан ұмытылуы мүмкін емес. Отан үшін от кешкендердің ұрпағымыз біз.

Арада үнсіздік орнады.

- Олжас, әскери қызметіңнің аяқталуына қанша уақыт қалды?

- Шамаласты-ғой. Алты айдан соң бітеді. Оксана екеуміз хат жазысып тұрсақ қайтеді. Мені күт. Міндетті түрде келемін.

... Украина орманындағы бұрынғы партизандар соқпағымен екеуі қол ұстасып келеді. Жүздері шат. Орман көрінісіне қызыға қарап, әр алуан құстар үніне еліте құлақ түреді. Орман ішін жаңағы бір өткінші жауыннан соң, жан сергітерлік таза ауа жайлаған. Хош иіс аңқиды...

Кездейсоқ таныстық екі жастың жан сезімін, жүрек лүпілін бір арнаға тоғыстырып, махаббат құшағына бөледі. Сағынышты хаттар жазысып тұрды. Алты айдан кейін анасын, ағасын, нағашысын ертіп келіп Оксанаға құда түсті Олжас.

Олжас сұңғақ бойлы, қараторының ажарлысы болатын. Ал, одан да әдемі, бидай өңді, кой көзді, қоңыр шашты украин келіндерін көргенде аға-жеңгелері, туыстары таң қалған. Сәл қазақ қыздарына ұқсайды екен десті. Қайдан білсін, кейбір украиндықтардың қанында қыпшақ қаны бар екенін.

Олар әлі күнге дейін екі жыл сайын Оксананың төркініне барып, аунап-қунап қайтады екен. Барған сайын қол ұстасқан күйі, сонау сұм соғыстан қалған ескерткіш – жалғыз бейітке де, партизандар лагеріне де соғып тағзым етіп, гүл шоқтарын қоюды ұмытпайды.

Бармысың, махаббат?
(Қаз – қалпында)

Сауық жұмыстан шыққан соң, күндегі әдетімен үйге барар жолындағы паркке келді. Таза ауа жұтып, көңіл сергітпек. Жұмыстан шаршап шыққанында мұның өзі бір рахат. Жан сарайың ашыла түскендей, әдемі әсерге бөленесің-ғой. Бір сәт тәтті қиял құшағына берілуіңе де мұрша береді.

Бұл келгенде сарыала жапырақ жауып тұр екен. Ауада дірілдей ұшып келіп, аяқ астына қонақтап жатыр. Күз деген аты болмаса, жаздың қоңыр салқын кештеріне тым ұқсас. Саумал самал баяу желпіп, гүлзар бақтың хош иісін мұрныңа әкеледі. Алтын түстес қайың жапырағынан букет жасап алған, өзі тұстас өрімдей жастар, қолтықтасып сырласып барады. Көңіл түкпірінен шаттана шыққан күміс күлкілер сыңғыр-сыңғыр... Осы бақта қыдырыстап жүрген кәрі кеуделерге де жастық нұрын құйғандай. Бәлкім, олар да жас дәурендерін еске алу үшін келетін шығар мұнда.

Күз мінезі қызық-ау, шіркін! Әлгінде аспан шайдай ашық, шыныдай мөлдіреп тұр еді. Енді міне, әп-сәтте күн көзін қою қорғасын бұлттар торлап, ексім жел есті. Іле күшіне еніп, қайың-терек бұтақтары суылдап саз шерткендей болды. Аспан түнеріп, дауыл шаң аралас жапырақтарды иіре, алай-дүлей жоғары көтерді. Табиғаттың мынау сүйкімсіз көрінісі Сауықтың көңілін жадау тартқызып, үйіне жеткенше асықтырды. Шығып бара жатқанда, артынан ән естілді.

- Неге, солай, жаратты екен адамды,

Айтшы сәулем, махаббатта шек бар ма?

Мұңлы ән Сауықтың жан дүниесін тербетіп, онсызда мазалап келе жатқан ауыр ойдың тереңіне батыра берді.

Оның бұл паркке күнде келуінің де, өзіне ғана мәлім бір сыры бар еді. Әлгінде отырған қос қайың түбіндегі орындық та сол екеуінікі болатын. Екеуі елден бұрын келіп, сол жерді меншіктеп алушы еді-ау. Қазір әр келген сайын ащы жараның аузын ашып, өзегін өртесе де, қызықты күндерді, ыстық құшақ, ынтық сөздерді еске алып, аяулы Дарихасы қасында отырғандай, марқайып қалатын, оған деген сағынышын басатын. Иә, бәрін басынан бастайықшы.

Жаңа оқу жылында педагогикалық коллектив оқу бітіріп келген жас мұғалімдермен толықты. Бүлдіршіндей екі қыз келісімен-ақ, алғашқы қызуқандылықпен өз мамандықтарына құлшынып кірісті. Шағын коллектив ұйымшыл-ақ. Әсіресе, жастар жағы. Күнұзаққа мектепте болады. Қолдары қалт етсе, өздері ұйымдастырып жатқан ансамбльдің дайындық жұмыстарына кіріседі. Әр түрлі музыка аспаптарының сан алуан сиқырлы үндері мектеп ауласында қарлығашша қанат қағып жатқаны. Музыка сазымен әсерленген олар да шалқыған көңілмен, жүздері балбұл жайнап жүреді. Араларында бір ренішті жүз жоқ. Жарасымды әзіл, шат күлкі. Көп ұзамай-ақ, бәрі ескі танысша араласып кетті

Бірде Сауық кезекті сабағынан шығып, мұғалімдер бөлмесіне енсе, Дариха сырт киімдерін киіп жатыр екен.

- Дариха, бірге қайтайық, жолымыз бір-ғой,- деді.
- Болсын,- деді қыз да жанарын жалт еткізе,жымия күліп.

Дариха оған әдепкі көргенде-ақ, ұнап қалған. Қою қара шашын иығына дейін қиған. Қоңырқай жүзі мен мөлдіреген бота көзі мейірім шуағын төгіп тұрғандай. Әсіресе, сол жақ бетінің ұшындағы тарыдай қара меңі, онсыз да өңді жүзін ажарландыра түсетін. Сәл езу тартқан күлкісін айт, кеудеңе шуақ құяды. Әр сөзін

қымсына айтып, сызылып тұрғаны. Бақытты болсам, тек осы Дарихамен ғана бақытты болармын дейтін ол іштей. Сөйтетін де онымен кездестірген тағдырына мың да бір рахмет айтатын.

Сыртқа шықты. Күн тамаша, тамылжып тұр екен.

- Жүр, паркке барып аз-маз қыдырайық,- деді бұл, оның қолындағы сөмкесін алып. Ол да қарсылық білдірмей, паркке көптен бармағанын есіне алды.

Біршама аралаған соң, оны қос қайыңның түбіндегі орындыққа әкелді.

Студенттік өмірлерінің қызықты сәттерін, бастарынан өткерген оқиғаларын айтып, біраз күлісіп алды. Ертелгі у-шу ұмытылып, кәдімгідей жандары жадырап сала берді.

- Дариха, күнде сабақтан шыққасын, осында келіп сәл қыдырыстап жүрсек қайтеді. Міне, көрдің бе біраз сергіп қалдық.
- Шындығында да, келістік.
- Онда қолыңды әкел.
- Мінеки.

Сауық оның сүйіктей саусақтарын алақанында бір сәт ұстап қалғанын байқамады. Қыз қолын жәйлап тартып алғанда ғана, оның езу тарта күліп, өзіне қарап тұрғанын көрді.

Шынайы таныстық осылай басталды. Күн құрғатпай паркке келеді, арасында киноға барады. Сауық кештерін де бірге өткізеді. Екеуі де ойын-тойдың жаны. Әр түрлі қалаларға байқауға барады. Сауық халық оркестірінің домбырашысы, Дариха қобызшы. Қайда жүрсе де көлде жүзген қос аққудай жұптарын жазған емес. Әдебиет, музыка жайлы пікір таластырып жүргендері. Махаббат, өмір, тіршілік өзара әңгімелеріне арқау. Келе-келе жұрт екеуін бір-біріне телитін болды. Қызыға да, қызғана да

қарайтындар бар.

Сауықтың көркі де ешкімнен кенде емес. Сұңғақ бойлы, қыр мұрынды, ақ сары жігіт. Жанары ұшқын шашып тұрады... Оның үстіне жас та болса, ел ілтипатына бөленген азаматтығын айт. Адамгершілігі мол, кімге болса да достық қолын ұсынуға әзір тұрады.

Бірін-бірі көре алмаса сағынып қалатындай-тын. Оны кездескен сәттерінде тоғысқан жанарларынан-ақ ұқтыратын да, ішкі толқыныстарын жасырып қалатын. Бірақ, әлі күнге нәзік сезімдерін білдірген емес. Екеуі де өз махаббатарына сенетіндей. Дарихаға талай жігіттер жүрегін ұсынғанда, беттері қайтып қалған. Оны Сауық та біледі.

ххх

Табиғат дүр сілкініп, атырапқа жасыл желегімен көгілдір көктемді әкелді. Бақтарда бұлбұл құстар сайраған, қырмызы гүлдер жайнаған, балбұлақтар сылдырлап ағып, жайлауда жұпар иіс аңқыған шақ. Дүние күліп тұрғандай, дүние ән салып тұрғандай. Ақ түйенің қарны жарылған кез. Сауық та, Дариха да қуанышты. Сезімдер шарпысқан, жүректер табысқан. Бірақ соны шаттықтың тал бесігінде тербеліп жүріп, өздері де сезбейді екен. Сауық бір шешімге келу керек деп түйді. Бар жайды айту керек. Шет ұштығын өзі де біледі Дариханың. «Бір-бірімізді түсінетіндей, сырымызды білетіндей уақыт болды».

Айлы түн. Сұлу ай сүт сәулесін аямай-ақ, төгіп тұр. Көктегі сансыз жұлдыздар сыр ұрлаған жеңгелердей жымыңдасады.

- Дариха.
- Ау, - Бейкүнә күлді.
- М-м, өзің жағдайды түсінесің, білесің. Ақ сүтімен асырап,бағып бүгінгі өз нанымды өзім тапқанша, барын

алдыма қойып, аялап өсірген анам жоқ қазір. О дүниелік болды. Болса да әкеден ерте айрылдым. Бір үйдің үлкені өзім. Семья құруға мен де, сен де жас емессің. Үй болып, отбасын құрсақ қайтеді?- Қинала, қинала зорға айтты.

- Оның дұрыс, Сауық. Бәрін түсінемін. «Жігітті ел мақтаған қыз жақтаған» демекші, бұрыннан да білуші едім сені. Онан бері жақсы дос болдық. Сен деп соғып тұрған, сүйіп тұрған жүректі тұншықтыра алмаймын. Әркімге өзінің сүйгені сұлу, мен де сүйемін сені.

Сол сәтте қол ұстасып тұрған бұл екеуінен бақытты жан жоқ сияқты еді бұл фәниде. Белгісіз бір ыстық, төтенше сезім пайда болған бойларында. Бір-біріне ең жақын, ажырамас жан екендіктерін дәл сол мезетте түйсінгендей-тін. Бақыттың бал шарабын ішіп мас болғандай ессіз күйде еді.

Сауық осындай ару қыз сүйгеніне бар даусымен айқайлағысы келді, Дариха осындай керім жігіт сүйгеніне шаттана бір сыңғырлай күлкісі келді.

- О, ай, сен куә бол махаббатыма,- дейді Сауық іштей.

- Ей, жұлдыз, сен куә бол, махаббатыма,- дейді Дариха іштей.

Ай құптағандай нұрын төгеді, жұлдыз құптағандай сәулесін шашады.

Айнала мұлгіп тұр.

ххх

Жаздың қоңыр самалы күндізгі аптап ыстықты тықсырып, еркіндік алыпты. Жанға жайлы. Ымырт үйірілсе де, әлі көз байлана қойған жоқ. Сауық үйінің алды абыр-сабыр. Бірі кіріп, бірі шығып сабылып жүр. Дауыстары жарқын-жарқын шығады.

- Беу, жақсы болған екен, үйленгені.

- Құсы құтты болсын!

- Қосағаңмен қоса ағар, қалқам!

Көрші-қолаң, ағайын-туыс бәрі де ізгі тілектерін айтып, қуанышқа ортақтасып жатыр. Қарттар жағы ақ батасын беруде.

Жас жұбайлар алдағы ортақ армандары мен мақсаттарына жарқын үмітпен қарап, жас шаңырақтың ыстық-суығын, ауыр-жеңілін бірдей көтеруге нық сеніммен ақ босағаны аттады. Аттағанда екеуі де кеуде кернеген шаттықтан шалқып тұрып, қол ұстасып аттағанды. Жастық шақтың естен кетпес, қуанышты сәті, алтын белдеуі де осы емес пе, сірә.

Ыстық күндер өтіп жатты. Ынтық көңілдер алапат дауылдан кейінгі тыншу тапқан теңіз толқынындай.... тылсым, ақ айдын. Алыс, жақыннан тілектес достары қыдырып келеді, бұлар қыдырып барады. Өмірлері көңілді-ақ. Ешкімнен кем қалып жатқан жоқ. Үй билігі Дарихада. Отбасының қазіргі үлкені де, тірегі де сол. Енші алысып, бөлек шыққан ағалары да бұларға деген көмектерін аямады. Кәдімгідей, ел қатарлы күн кешіп кетті.

Қазақтың «ырым-жырымын» әлі жасамағандықтан, көрші көшедегі Дариханың үйімен толық қатыса алмағанымен, оның іні-сіңлілері бұл үйге келіп тұрды. Сауық та оларды өзінің туған бауырларынан кем көрмеді, мейрімін төкті. Кейде олар апасына қиық хаттар әкелетінді. Ол хаттар Дариханың ата-анасының сағынышын арқалап келеме, әлде зіл батпан «ауыр сөзін» әкелеме онда Сауықтың жұмысы жоқ.

Бір күні Дариха «тамағым ауырып жүр» деді. Жүрісінен жатысы көп. Өңіндегі бұрынғы шаттықтың ізі де қалмады, қабағы түксиіңкі-ме-ау, әйтеуір солғын. Мұң дейтін мұң жоқ. «Мүмкін сырқаты жанына батып жүрген шығар» деп Сауық та асты-үстіне түсіп, жатып жастық,

тұрып төсек болып жүр. Жағдайын сұраса «жақсы», саулығын сұраса «тәуірмін-ғой» дейді. Жұмысынан қалмайды. Онымен бірге Сауықтың да жаны күйзелді.

Сондай күндердің бірінде, жана отауға құтты болсын айтуға Қызылордадан Сауықтың досы келді. Көптен кездеспеген достар шапыр-шұпыр құшақтасып, мәз-мәйрам. Дариха да бұрын жақсы таныс болмаса да, жайдарлана, құрақ ұшып қарсы алды. Досы әкелген сыйлығын ұсынып, «Тілек альбомына» жыр-шашуын жазды. Үш-төрт достар гу-гу әңгіме-дүкен құрысып, күй тартылып, ән шырқалды. Үйге күміс күлкілер шашылды. Бірақ, отырыс көңілденген сайын, Дариханың жүзіндегі әлгі бір қуаныш табы тарап, қабағына кірбің ұялағандай. Өз ойымен өзі бөлектене береді. Тек қана, мұнысын байқап қалған достардың уытты әзіліне еріксіз, езу тартып қояды. Ештеңе білдіргісі жоқ. Анда-санда оны көзімен аймалап отырған Сауықтың ойы да алай-түлей. «Япыр-ай, аяқ-астынан бұған не болды? Жаңағы бір көңілді қалпы қайда? Не жұмбақ бұл өзі». Бұлар оны, науқастанып жүргеніне сайыды да қойды.

Ертеңіне досын поездға шығарып салды. Түс әлетінде үйіне келсе, іште тірі жан жоқ. Қарындасы болса сабақта. Есік ашық тұр. «Дариха» деп айқайлайды, еш сыбыс естілмейді. «Қайда кеткен?» Бөлмеден бөлмеге жүгіріп жүріп, стол үстінде жатқан бір жапырақ қағазға көзі түсті. «Сауық, мен кеттім. Ренжіме». Болғаны осы, бірақ, ауыз сөз. Төбесінен жай түскендей, мең-зең болып отыра кетті. Өкініш өзегін өртеп, жүрегін тілгілейді. «Бұл қалай, не жазығым болды. Бір ауыз қатты сөзге келген жоқ едік-ғой».

Іле аралас-құралас жүрген көрші жігітті жіберген. Оны Дариханың анасы сұстана қарсы алды.

- Қызым ауырып жатқанда, жағдайын сұрап,

қамқорлық жасауды білмейтін күйеудің керегі жоқ. Сәлем айт, бар!

Бұған не десін, қайтып келді. Мектеп басшылары барды, оларды да бет бақтырмады. Қояр кінәсі әлгіндей. Дарихада үн жоқ. Анасының жетегіне ере береді. Дәрменсіз. Әкесінің сөзі де осы.

Амал жоқ, Дариханың жұмыстан шығу туралы әкелген арызына қол қойылды.

ххх

... Махабаттарының ғұмыры неге қысқа болды? Кінә неде? Бұл басқа түгілі, Сауықтың өзіне де жұмбақ. Махаббаттарының шынайы екендігіне шүбә келтірмейді. Япыр-ау, сонда ақ сәуле сезімдердің жалған болғаны ма? Шын сүймеген болса, ақ гүлдей аппақ, тау бұлағындай мөлдір махаббатының тұнығын неге лайлады. Жоқ, сүйетіндігінде де күмән жоқ. Ендеше, ескіліктің шырмауына оралғаны анық. Сол бір хаттар тегін емес шығар. Сол кездері «әке-шешесі жоқ, әлі сәлем беріп келген жоқ» деп, тағы да басқа сөздерді айтыпты дегенді есітіп еді-ау. Оны Дариха да есіткен, бірақ оған екеуі де мән бермеген. Сол міне, алдынан шықты емес пе?

Иә, иә, ащы шындықты ашып айтсақ, қазір қайсыбір бикештер махаббатарынан гөрі жігітінің үй-күйін, дүние-мүлкін, қызметін жоғары санайтындай. Өкінішті!

...Дарихаға деген махаббатын әлдилеп Сауық әлі бойдақ жүр. Аяулысынан бір хабар бола ма деп үміттенеді. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Қайдасың, Дариха?

Кешіру

Ұрыс-керіс кенеттен басталды. Алдында үшеуі жайбарақат әңгімелесіп, кешкі шәйларын ішіп отырған. Қайраттың бір қолында күндегісінше газет, екінші қолында кесесі, көз қиығымен үзіп-жұлып оқып отыр. Арасында әңгімеге де араласып қояды. Енесі ақ сары өңі қызара бөртіп, анда-санда кірт еткізіп қант тістеп, қою шайды рахаттана сораптауда.

Шай құюшы-Айжан, ақшәугімнің құлағын сипалай отырып, кенеттен әңгіме қозғады:

- Гүлжамалдар гарнитур алыпты. Балтық жағалауынікі көрінеді. Өзі әдемі, өзі арзан... – деп барып тоқтаған. Оның бұл хабарына селт еткен адам болмады. Тек біраз үнсіздіктен кейін барып енесі:

- Бүкіл дүниенің тұтқасы әкесінің қолында тұрған Гүлжамал алмай басқа кім алсын,- деді. Даусында таңданғаннан гөрі, селқостық басым. Гүлжамал да, оның алған гарнитуры да, әперетін әкесі де мамыражай отырған толықша сары бәйбішені толғантпайтынын аңғару қиын емес. Тіпті ойлағаны басқа нәрсе сияқты. Оның бұл немқұрайлылығы Айжанның қытығына тиіп кетті. Қабағын сәл шыта:

- Гарнитур алу Арыстан ағаға да қиын емес қой,- дегенде, енесі:

- Е, тәйір-ай, кәрнитөр ме, сәрнитөр ме, сол бір қу ағашты әпер деп, енді Арыстанды мазалаймыз ба? Осы уақытқа дейін онсыз да күн көріп келдік қой, шүкір,- деді. Шешелі-балалы екеуінің ойласқандай пікірлері Айжанның жынын қоздырып-ақ жіберді. Бірақ, өзі анау-мынау ұсақ-түйекке қозғала қоймайтын, сол сабырлылығымен өзгенің де мысын басатын енесінің бетіне қарсы сөз айта алмай, тымырайып отырып қалған. Ыза буып, ішін аш мысық тырналап жатқандай. Оның бұл күйін сұп-сұр өңі

мен желпілдеп кеткен жұқа танауынан байқаған Қайрат келіншегінің ашуын қайтару мақсатымен:

- Гарнитурды қайтеміз? Байлығымыз жеткілікті. Бірінші байлық- денсаулық, екінші байлық – ақжаулық, - деп көтеріңкі үнмен тақпақтай жөнелген.

- Сайрамашы-ей, ақылгөйім! Кітап пен телевизордан бас алмайтын маубас, сен не түсінуші едің? – деп Айжан да тарс жарылды. Мойын тамырлары білеуленіп, көзіне шып-шып етіп ызаның ащы жасы тола қалған. Қайрат та бейне бір осыны күтіп отырғандай орнынан едірейе түрегелді.

- Не болды саған! Осы үйде бір күн тыныш кезіміз бола ма, жоқ па! Жетті!- деп кесесін сарт еткізіп стол үстіне қойғанда, ақтарылған күп-күрең шай дастархан үстімен сынапша сырғи жөнелді.

- Сен! Сен!... – Айжан булыға ышқынды. Бірақ сол жерде Қайратты өлтіре қорлап, жерге шегелеп тастайдындай сөз аузына түспей қалды.

- Иә, не айтпақсың?! Айт!

- Ақымақ! Надан!

- Жетті! Болды! Менің шыдамым таусылды! – Қайрат газетін жұлып алып, аршындай басып төргі бөлмеге кіріп кетті. Айжан да күйеуінің соңынан ере кірді.

- Бұл үйде сен кімсің, осы. Квартирантсың ба? Кімсің деймін?! Не бар, не жоғында жұмысың жоқ!

Манадан бері бір ауыз тіл қатпай аңырып тұрған енесі, оның мына «ә-ә-сінен» шошыса керек:

- Әй, сендерге не көрінді, жын ұрғандай. О несі, жоқ жерден ұрыс шығарып. Қойыңдар енді, ана ұйықтап жатқан баланы оятасыңдар,- деп басу айтқан болды. Айжан одан сайын өршеленді.

- Жоқ, мынау неге сөз тыңдамайды, неге қашады, газетіңмен қоса құрығыр, неге қоса құрымайсың осы.

- Кет! Сарсытпа құлағымды!

Екеуінің ерегісі қайда барып тоқтары белгісіз еді, енесі

бірден тас-түйін болып:

- Әй, кетіңдер қане! Шығыңдар үйден! Екеуің де. Шық, шық деген соң шық! Далаға барып ұрсысыңдар, – деп ай-шайға қаратпай екеуін есікке қарай итерді.

Екеуінің жаңағы екпіндері бір сәтте басылып, әрі қарай не істерлерін білмей, аналарына аңтарыла қарады. Енесі болса, қоярда-қоймай, «шық-шықтың» астына алып жүріп, бұларды сүйрегендей сыртқа шығарып жіберді. Айжанның батылсыздау «Апа, қалай...» дегеніне де, Қайраттың ызаға булығып «Апа, бұл не, баланың ойынындай», дегеніне де қараған жоқ. Сыртқы есігін тарс жауып, ілгегін салып алды. Жаздың қаракөк барқыт түнінің құшағына ойда жоқта топ ете қалған бұлар аң-таң. Екеуі екі жерде состиып тұр. Не болғанын өздері де түсіне қоймады.

Есік алдында тұрып-тұрып, ақыры үйден хабар болмаған соң, осы жағдайларына ыңғайсызданып, екеуі ауладан шығып көше жаққа бет алды.

Енді міне, қаланың орталық көшесінде, жолдың екі жақ шетінде иықтарына екі нардың жүгін артып алғандай, еңселері түсіп, сылбыр басып келе жатыр. Бастары салбырап кеткен. Тентектік жасап қойып, сол үшін жазаларын алған балалар сияқты.

«Сұмдық-ай?» дейді Айжан ішінен, «Сұмдық-ай! Мұндай да масқара болады екен-ау!». Сөйтеді де Қайрат жаққа көзінің астымен ұрлана қарайды. Ұзын бойлы, иығы сәл еңкіштеу, қара торы жігіт екі көзі аяғының астында, жердің тесігі болса соған кіріп кеткісі келгендей бүрісіп алған. «Байғұс-ай!». Айжанның жүрегі елжіреп кетті. «Әй өзім де итпін ғой! Нем бар десейші! Ертең енемнің бетіне қалай қараймын... Тіпті ұрыс шығаратын жөнім жоқ еді ғой... Қайдағы бір гарнитурдың кесірінен ұрынып... Сол гарнитурды қайтеді екем? Қара тастың үстінде ұйықтап жүргендей... Ешқашан дүниеге қызықпаушы едім ғой. Мұным не, не бәрі үш-ақ жыл болды емес пе

қосылғанымызға... Қайрат...Қайрат та өзгерейін деген бе? Бұрын өйтпейтін еді. Бұрын тек өзім ғана... Өзім бастап, өзім аяқтайтынмын. Ұят-ай! Жоқтан өзгені сылтау етіп ұрыс шығарамын да отырамын. Сонда маған не жетпейді десеңші. Өзім сүйіп қосылған күйеуім қасымда. Енем де күндіз қолыңа шырақ алып жүріп іздесең де таптырмайтын адам. Егер дүние жүзіндегі енелердің байқауын ұйымдастырса, менің енем сөз жоқ, жүлдегер болар еді. Ешқашан бетіме жел болып тиген емес. Кішкентай Бақытжан қырқынан шыққан күннен бастап, екі жыл болды, бейнетін өзі көріп жүр. Не жетпейді маған. Артықсынғаным Қайраттың бір мезгіл оқитын кітабы мен көретін телевизоры ма? Арақ ішпейді, карта ойнамайды, қазан-ошаққа араласпайды. Бұдан артық не керек. Осыған зар болып жүргендер бар емес пе. Менікі астамшылдық қой, астамшылдық...»

Қайрат ше...Қайрат та шынымен-ақ өзгерейін деген бе,тау қозғалса да қозғалмайтын Қайрат еді ғой. Оның да жүйкесі тозайын деген екен. Мен тоздырмай қоямын ба мына мінезіммен деп, Айжан ойын түйді.

Ал, мына әдемі түнді айтсаңшы?! Маусымның мынандай сұлу түнінде тек ғашықтар қыдыру керек сиякты. Аспан қандай әсем! Аса жомарт біреу алқаракөк мақпалға ашық қолымен уыстап-уыстап гауһар шашып кеткендей.

...Айжан Қайратпен институттың үшінші курсында оқып жүргенде танысты. Бір күні үзіліс кезінде бұрышта темекісін үсті-үстіне сораптап тұрған ұзын бойлы, қою шашты, қара торы жігіт көзіне оттай басылды. Жүрегі дір ете түсіп еді, содан тыныштығын жоғалтты. Қайратты ең болмағанда көзінің қиығымен бір көрмесе, Айжан ол күнді текке өтті деп есептейтін. Қашан үзіліске шыққанша тықыршып, шыдамы таусылатын. Қоңырау дауысы естіле салысымен іздейтіні Қайрат. Қыздардың: «Саған не болған, бір сорайған қараға жабыстың да қалдың, одан он есе артық жігіттер бар емес пе»,- десе де, «Өзі өмірі үндемей жүреді,

арам болар байқа, кейін мінез көрсетіп жүрмесін»,- деген ақыл-кеңестеріне де көңіл аударған жоқ. Әйтеуір бірден көңілі құлады. Қарап отырса, алдарында қырық па, елу ме жыл өмірлері бар екен. Ал енді сол өмірді сен Қайратпен емес, басқа біреумен өткіз, есесіне оның гарнитуры да, ақшасы да, басқа байлығы да көп болады десе, Айжан не дер еді. Ондай өмірде мағына жоқ қой. Сонда енді бұған керегі не қазір? Бұл неге жиі-жиі кикілжің шығаруға құштар? Ең кемінде айына бір рет ұрыс шығармаса, отыра алмайды. Айжан бірдеңеге тырыса қалса Қайрат та, енесі де мұның қабағын ашу үшін елпектеп асты-үстіне түседі. Осының бәріне баға беріп, түсінетін уағы жеткен сияқты. Егер бүгін енесі шығарып жібермегенде, әлі қанша сөздер бірінен соң бірі айтылар еді. Енесі жарықтық осыны әдейі жасады-ау, сірә... Айжан күрсінді. Күрсінді де, Қайрат жаққа қарады.

Қайрат болса, Айжанның қол созым жерде келе жатқанын ұмытып кеткендей. Өз ойымен өзі әуре. Анда-санда салалы саусақты әлеуетті қолдары, еркінен тыс жан қалтасының тұсын сипалайды. Ол шылымын іздегені. Ойы мүлдем басқада сияқты, көз алдына өмір суреттері келеді.

«Иә, сонымен... Сонымен не таптым? Үйлендім, үй болдым, әке болдым. Әйелімді сүйемін. Ол ше? Ол мені сүйе ме? Сүйеді. Оған күмәнім жоқ. Ендеше неге мен оның, аңқылдаған аққөңіл Айжанның бір еркелігіне бола осыншама бүліндім. Сонша дауласатын не бар еді. Мүмкін жұмыстан көңілі бұзылып келген шығар. Бірге істейтін келіншек дүние сатып алған екен, соған қызыққан болар. Онда тұрған не бар. Әйел емес пе. Және соны қайтсең де, өлсең де, тірілсең де тап деп тепсінетін Айжан емес... «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры болды» дегендей, даудың басы гарнитур ғой. Жоқ, ол емес. Мәселе басқада. Сонда неде? Айжан әңгіме қозғады, демек мен оның сөзіне ден қойып, әңгімені әрі қарай жалғастыруым керек еді. Ол қабырғаға емес, апам екеумізге айтып отыр ғой.

Гүлжамалдың алған гарнитурының түр-түсін, ақшасын, көлемін біраз талқылай келіп, дау жоқ гарнитур деген жақсы дүние екенін, бірақ сол құрғырдың өзі қып-қызыл қат екенін, осы ауданның саудасының бір пұшпағын ұстап тұрған Арыстан ағаның көмектесуден бас тартпайтынын,бірақ биылша қоя тұрсақ дегенге бұрып әкеліп, сөзді аяқтағанда «қасқыр да тоқ, қой да аман» болар еді. Айжан ақылсыз адам емес, түсінер еді. Апам екеумізді айдады да шықты. Ал, түсінісіңдер, үйде шақылдасқан қалай екен дегені шығар. Жоқ, апам қайткенде де дұрыс жасады. Бізге сабақ болатын болды. Қайран, ақылды апам-ай!»

...Манағы ызаның із-түзі де қалмаған. Оны тарқатқан мынау сұлу түн бе, әлде Айжан екеуінің оңаша келе жатқандығы ма? Көшенің бір қиылысына жеткенде, екеуі үнсіз келісіп алғандай кері бұрылды. Қайрат тіл қатпақ болып оқталса да, тамағының құрғап кеткені соншалық, аузын ашса үні шықпай қалатындай,сөзін бастай алмады. Әйтеуір бір кезде, бірнеше рет жұтынып алып:

- Ертең барамын Арыстан ағаға. Сұраймын,- деді. Онысы «кешір енді мені»-дегендей сезілді.
- Бармай-ақ қой. Мен жай айта салғанмын,- Айжанның сөзінің де астарында «жарайды, сен де мені кешір», деген ишара жатқандай. Әйткенмен араларында көзге көрінбес бір кедергі тұрғандай, біріне-бірі жақындай алмай келеді.

Бұлар үйге келгенде терезеде жарық жоқ еді. Не істерге білмей есік алдында біраз тұрды. Қайрат кібіртіктей жақындап есікті тартып еді, ашыла кетті. Тас қараңғы дәлізге кіріп, соңдарынан сыртқы есік сырт етіп жабылғанда, еріктерінен тыс екеуінің саусақтары айқаса кетті. Көңілдері орнына түсті.

Қызыл орамалды қыз

... Тәуке бидің ауылында бие сауымындай ат шалдырып, шөлін басқан орта бойлы, қызыл шырайлы жігіт Белкөлдегі өз ауылына жеткенше бел суытпады. Сар желдіре жүріп, жер ыңғайын жіті барлап келеді. Мына бір ойпаңға құлағанда көңілі әлденеге алаңдап, бүйрегі бүлк еткен. «Апырай-ә-ә, осы тұстан талай тепеңдеп өтседе аңғармапты-ау. Ұлтаны ылғал тартқан оймақтай ғана аңғарға су құлатсаң көлкіп, жағасында бал-құрағы қаулап кеткелі тұр екен. Қар суының да жиналатын түрі бар. Шіркін-ай, су келсе-ақ, ала жаздай қауын-қарбыз егіп, егіс салуға болатын жер. Мал біткеннің таңдайына дәмдісін тосатын берекелі өңірге айналуға да дайын. Әттең, бұған дариядан су бұрып әкелетін күш қайда? Қалай әкелуге болады?»

Ақантай әуестікке бағып, жота-жотаны қуалай, дария тұсты маңдайға алды. Сыпыртып желдірмей, өкшелікпен демеген тепеңнің өзі-ақ, ет пісірімдей уақытта қол созым жерден ақтұманы жарқ еткізді. Шараға толған қымыздай толықсып жатқан Сырдың суынан мейірі қанғанша сіміріп, олай-бұлай жағалап едәуір кезді. Ақыры әлденені жадына түйіп, әлдебір мақсатқа иек артқандай торы қасқаға қунақ мінді де, желдірте жөнелді. Көңілі алабұртып, жүрегі өрекпи соғады. «Болады екен, болады екен».

Іште өрбіген ойы ауылға иесінен бұрын жеткісі бар ма, торы қасқаның су шайқалмас жорғасын місе тұтпай келеді. «Ақсақалдарға бағамдайын, бәлкім, ақыл қосар, ретін сілтер. Ел жұмылса еңсерілмейтін іс бар ма? Нартәуекел!»

Осындай оймен өзін-өзі қамшылаған Ақантай іңір қараңғысы үйіріле, ауыл шетіндегі ақбоз үйіне ат басын тіреді. Түнімен кірпігі айқаспай, таңның тезірек атуын тілеумен жатты.

Өз ауылының отыздай үйінен жиырма шақты жігіт сайланып шықса да, мұндай күшпен үлкен істі тез арада бітіре алмайтынын Ақантай кеше-ақ, кесіп-пішкен. Бар үміт іргелі ру – көрші ауылда. Егер айтқанға еріп, ақылға көнсе құба-құп. Онда істің оңғарылғаны.

Иә, бар үміт көрші ауылда. Ақантай ауылдастарын бір иітуге иітсе де, жеме-жемге келгенде тайқақтай бергендеріне ызаланды. Көбі үміттен гөрі күдікке бейімделе берді. Оның жаны да бар шығар. Десе де «қолың көтере алмас шоқпарды білегіңе байлама, көтердің екен, сілтеп қал» деп ойсыраңқыраған ойын жетектеп көрші ауылдан бір-ақ шықты.

Үздігіне ою салған алты қанат ақбоз үйді кәделі кісінің бірінікі боларсың деп шамалаған. Қателеспепті. «Ассалаумағалейкумын» айтып кіріп барғанда, төрде шынтақтап жатқан шынашақтай қария көзіне оттай басылды. Талай дау-шарлы жерде сыртынан көрген, жүзтаныс екенін іштей медеу тұтып, жақсы ырымға балады. Қарт та бұны шырамытқан тәрізді, тесіле ұзақ қарады.

Ақантай әдеп сақтап, бірден шалғай баспай, төменірек тізе бүккен. Ақсақал жоғары тұсты меңзеп, ишара жасады. Жеті атасына дейін қарағаттап сұраған қария, мұның әкесі Айданды жақсы танитын болып шықты. Соны сәдеттеген бұл, негізгі мақсатын тұспалдап алға тартты. Ақсақал әлмә-әл бас шұлғып, әңгімесін бөлмей тыңдады. Сөз кезегі өзіне тірелгенін аңдап тіктеліңкіреп, сақалын саумалай отырып, баяу үнмен лебізін білдірді.

- Қарағым, талабың оңды, ниетің түзу-дағы. Сен аңғарған ойпаңға су жиналса тусыраған жердің де, сусыраған елдің де кенезесі қанады. Менің де ойымды он саққа бөліп жүрген... Ал, енді біздің елдің жігіттерін әдемі

сөзге ерітуің екіталай. Жә, ол шаруаны өзім реттермін. Жігіттер көнер. Сен дария беткейін өз жігіттеріңмен жәукемде. Ойпаң жағын біздің балаларға қалдыр. Ар жағында екі елдің күшін бір арнаға құям десең, оны өз таланыңа тапсырдым. Кеңес қылуға бір-екі күн мәулет бер. Байлаулы мерзімді өзім кісі салып хабарлармын.

Ақантай қарияның қос қолын қайта-қайта қысып, ризалығын үнсіз білдірді. Аттанар кезде жанары шоқтай жайнап, ертелі кеудесін кезген алғысын бір-ақ ақтарды.

- Ата! «Қотанкөлге» су толған заматта біз де сіздің ояңыздан шығып, батаңызды алармыз. Әзірге ауызекі мәзіретіге риза болыңыз.

Қария жөткірінді. Көзінен тереңнен тартылған мейірім шуағы төгіліп, жымиыс нышанын байқатты.

- Апыр-ой, жігітім-ақ екенсің. Көлдің атын да дұрыс орайластырыпсың. Рас, рас. Сол ойпаңның қой қотанына ұқсайтынын жіті аңғарғаныңа тәнтімін. Көзіңнің қарақтылығына шүбәм қалмады. Өз ошағыңның ғана емес, бүкіл отаныңның қамын ойлағаның азаматтығың. Кісілік екінің бірінің қолынан келмейді. Құдайым алдыңнан жарылқасын, Айданның ұлы!

II

Елге сыйлы Ардан ақсақал сөзінде тұрды.

Көрші ауылдың қырық жігіті тік көтеріліп, тиесілі тұстың шаңын шаңына ілестірмей, аз-ақ күнде ойсыратып тастады. Ал, Ақантай ауылының кетпеншілерінің істері мандымай қойды. Бір мезгіл кетпен сілтегенге боршаборшалары шығып, шөл қысқанды сылтауратып тайқи берді. Сонадай жерде өздері үйген атжалдарға арқаларын сүйеп, топтанып отырған көрші ауылдың жігіттері, бұлардың тірлігін келекелеп, қарқ-қарқ күліседі. Талып естілсе де сүйекті қарып өтетін бұл келемежге ызаланған,

Ақантай ауылының кейбір қарулы кетпеншілері өшін қара жерден алғандай жаныға қимылдап, қан сорпаға түссе де істері өне қоймады. Бүгін де мимырт қимылмен ымырт үйірілтіп, қостарына қайтты.

Келесі күні Ақантай кетпеншілерінің арасынан таң алауындай жалқынданып, қызыл орамалдының қылт еткенін көршілестері аңғарып қалды. «Ие, бұлар енді қыздарын да кетпенге сала бастапты, бара-бара әжелерін де әкелер» десіп алғашқыда алақалжыңға ерік берген қырық жігіт, сәлден соң, қызыл орамалдының қимылын бір кісідей бақылауға көшкендерін байқамай да қалды. Бейтаныс жанның кетпен сілтесі керемет. Құлаштап ұрмай, баппен батыра отырып алысқа атады. Кім болса да бұл қыздың тегін еместігін сезді. «Шіркіннің ісі ісі-ақ қой, көркіне көз тояттар ма екен» деп ынтыққан көңілдері, бейтаныс бойжеткенге жанасар себеп-салдар іздей бастады. Ертелі көз алмай қарап тұрған қара торы өңді, қияқ мұртты, әдеміше жігіт:

- Қой болмас, қарындасқа қол ұшын берген жөн болар,- деп суырылып шықты. Кетпенінің жүзін шыңылдата қайрап, қыртысы бұзылмаған маңайға адымдады.

Жанамайлап кетпен сілтеп, қыз жүзіне зер салған: сыртынан барлағанға ер пішіндес көрінсе де, бет біткеннің ажарлысы екен. Бүйрек бетінің екі ұшынан қаны тамып тұр. Үнсіз қалуға жігіттің жігіті шыдасын.

- Қарындас, қияқ мұртты үздіге тіл қатты. -Айдында ойнаған ақ шабақтай бұлықсып қайдаң бұлың еттіңіз. Ныспыңызды кім дейміз. Жөн сұрасам айыпқа бұйырмассыз.

-Ағай, қырық жолдасыңызбен қырық қадам арықты шұқылап, қырып тастағандай омыраулайтын өзіңіз кім боласыз? Қарындасыңыз кетпен ұстаса еріккені емес, намысқа тырысқаны деп біліңіз. «Өсер елдің баласы

бітер іске басшы болады, өспес елдің баласы күңкіл-сүңкілге қосшы болады» деуші еді. Көңілімді күпті еткен осы сауалымның жауабына татысаңыз, танысып, білісу ешқайда қашпас.

-Апыр-ай, - қияқ мұрт, мына сөзге уәж айта алмай, турасына көшті. – Апыр-ай, сөзіңіз сүйектен өтіп, буынға жетті-ау, қалқам. Айып қол ұшын бермеген бізде ғана ма, көмек сұрауға бетмоншағы үзілген ағаларыңды да кінәла. Бұдан былай қылша мойным талша иілсін алдыңда. Мен аянбаспын. Тек осының қарымы кейін қайтар ма екен, әлде қайтпас па екен деген күмәннен құтыла алмай тұрғаным?

-Асатпай жатып құлдық ұрмаңыз ағасы, «Қотанкөлге» су құлап, екі елдің іргесі қауышса, тіл табысып та қалармыз. Әзірге жалғыз шауып жүйрік атанбаңыз. Тобыңыздан жырылмай, тиесілі жүлдеңізді алыңыз. Ендігісі өзіңіздің мәрттігіңізге сын. Емеурінді аңғарған епсекті жан, екі елдің адамдарын екі төбенің басына шөмшитпей араластырып, құраластырып жіберсе керек-гі. Көп тұрмалық аға, сырт көз сыншыл да кінәмшіл. – Қыз кетпенін қайта қолына алды.

Әңгіме байыбына енді бойлаған қияқ мұрт қыз қылығына тамсанып, разы болды. Бойжеткеннің ойы жеткен ақылға бұның өресі жетпей жүрмегін-ді. Алғашында осы істі Ақантай атты жігіт бастапты дегенді естігенде, «ол да өзімдей пенде емес пе, соның қай жері менен артық» деп қитығыңқырап, қыңырлыққа басқан. Араға дәнекер болған мына кездесуден кейін тұлданатын несі бар.

Қолын бұлғап жігіттерін шақырды. Өзара ақылдасқан соң, онсыз да араласып кетуге бір-бірінің біздей тілінен именіп, қорғаншақтап тұрған жігіттер, орындарынан дүркірей көтерілді. Сәлден соң тебісіп барып табысқан тай-құлындай екі елдің кетпеншілері әзілдері жарасып, тың жерді еңсеріп бара жатты.

III

Екі бастағы діттеген жерден арықты қазып бітіріп, кетпеншілер дария жағасына жиналды. Алқымды ашатын адам сайламақ. Қыз да болса бітер іске себепші болған қызыл орамалды ашсын деп, қияқ мұрт әрі-бері іздестіріп еді, қарындасы көзге түспеді. Ақыры, көптің қолдауымен қияқ мұрттың өзі «бисмиләә» деп соңғы кетпенін сілтеді, жүйдемелете сілтеді. Тығылып тұрған сары лай сылқ етсін. Бірте-бірте арнасын кеңейткен ағын су ылди-ылди, жыра-жыраны қуалап жөнкіле жөнелді. Екі ауылдың жігіттері бөріктерін аспанға атып, мәз-мәйрам. Елден ерек құрметке бөленіп, қуанышқа кенелсе де қияқ мұрттың көңілі алаң. «Қызыл орамалды қызбенен енді қашан жүздесер екенмін» деген қиялмен тұр.

XXX

Көрші ауылдың қырық жігіті арна ашылған күні Ақантай ауылының кәделі қонағы болды. Ту байтал құрбандыққа шалынып, мүшеленді де тайқазандарға толтыра салынды. Саба-саба қымыз тартылды. Думанды отырыс әбден қанаға келген кезде, көрші ауылдың кетпеншілеріне бөлінген ақбоз үйге Ақантай да бас сұқты. Жас та болса осы ауылдың тізгінін бекем ұстаған шырайлы жігітті бұрын түстеп танитындары да, тұспалдап шырамытқандары да еленделп еңсе көтеріскен. Жүзі бал-бұл жанған бүйрек бетті дембелше жігітке, қадала көз тастаған қияқ мұрт, ішін ит жыртқандай лезде өзгеріп сала берді.

Оң тізесін баса отырған бұжыр қара оның санынан батыра шымшыды. Онсыз да әлденеден ықтиярсыз ұтылғандай жүрегі қабынып отырған қияқ мұрт жарыла жаздады. Осыны анық аңғарған сұңғыла Ақантай жылы шырайын бұзбастан дат сұрады.

-Ал, ағайын! Бірің аға, бірің іні – түбі бір замандассыңдар. Екі ел бірігіп еңселі іс бітірдіңдер. Қуаныш бәрімізге ортақ. Әдепкіде аузымыз ала да болды. Бірақ, бел кетер тұста, белсене білек сыбана кіріскен көрші ауылдың жігіттеріне, Алла риза болсын айтамын. Осы бірліктің алғашқы дәнекері – мына қызыл орамал болғаны да рас-тын...

Ақантай алаудай жарқыратып, қызыл шаршыны қойнынан суырғанда жігіттер гу ете түсті. Кейбір ардың-гүрдіңдері намысқа бағып «бұл не мазағы» дегендей тұлен түрткен. Қияқ мұрт кірерге жер таппай кипактады. «Құдай менің көзімді қызыл орамалмен мықтап байлағанақ екен. Қызыл орамалды...»

-Жә, жә, жігіттер, - деп Ақантай олардан тыныштық өтінді. – Мына қызыл орамалды тартқан адамды дәріптеу мақсат емес. Әңгіме сол өз уақытында айтылған сөздің дұғадай тиіп, екі рулы елдің ауызбірлігіне жарағанында. Ұғынғанға мұның да өзіне лайқат сыры бар...

Жаңағы көңілді отырыстың әсерінен әлі арыла алмай аңтарылысып қалған жігіттер, ілкі сәттен кейін ғана, сонау бір күнгі қызыл орамалды қызды естеріне алды. Сонда бұл не жұмбақ?

Ақантай сәл-пәл үні дірілдеңкіреп:

-Екі елдің білегін айқастырып, бұлықсыған күшін бір арнаға тоғыстырған бұл орамал, қос жанарым-егіз қарындасымның бірінікі еді, әлеумет,- дегенде ертелі бұның аузын бағып отырған қияқ мұрт, жаны кіргендей қозғалақтап құлағын түре түсті. Басқалары да «мұнымен не айтқалы тұр» деп назарларын тіктеді.

-Іштеріңдегі мәрт жігіттердің біріне осы орамалды тартып барған жанның уәдесі кетулі. Сертім серт! Бүгін өздеріңе арнап алтыбақан құрғыздым. Күнде-күнде белдерің шешіліп, думандата бермессіңдер. Құмардан шыққанша тойландар. Одан біздің мініміз құрамас. Ал,

мына қызыл орамал бүгін кеш иесін тапса, мен сөзімнен айныман. «Қотанкөлдің» көксүйрігі көрініп, елдің ерні аққа тигенде бәлкім, бұйыртса, құда-жекжат атанармыз. Әзірге осы отырғандардың біріне аманат!

Жанарына жас үйірілген Ақантай, манадан бері уысына қысқан шаршының орауын жазып, қияқ мұртқа тастады. Ол әбжіл қимылмен жерге түсірмей қағып алып, қастерлі бұйымды кеудесіне қысты. Бақытты жанның жүзіне барлай зер салған Ақантай, бір бүйірін бауырына деген қимастық сезімі сыздатып, бір бүйірін ертеңгі күннің шуағы жылытып үнсіз тұрып қалды. Көз алдында айдынды көл, жайқалған егін, төрт түлік мал...

ххх

Келесі жылы Сырдариядан арна тартып суға толған «Қотанкөлдің» жағасында Айжарық пен Нұрсұлудың тойы өтіп, өз алдарына шаңырақ көтерді.

Содан бүгінге дейін «Қотанкөлдің» қос қанатындағы екі елдің жұбы жазылмай жаны аралас,қойы қоралас күн кешуде.

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Үміт

Ауылдағы орта мектепті жаңа бітірген албырт жаспын. Қатарларымның көбі әке-шешесінің жинаған ақшаларын қалталарына салып, қалаға аттанып жатқанда, мен ондай ойды көніліме де қондырған жоқ едім. Отбасымның жай-күйі өзіме белгілі. Әкем осыдан оншақты жыл бұрын совхоздың алыс отарларының біріне трактормен жем алып бара жатқанда, қалың кардан жүре алмай жолда қалып, содан суыққа үсіп өлген. Мен онда үшінші сыныпта оқып жүргенмін. Шаңырақтағы әке орнының қаншалықты кадірлі де қасиетті екендігін бала жүрек көп ұзамай-ақ сезді.

Үш баламен жесір қалған анам әкеме тағайындалған жәрдемақыны үнемдей жұмсап, үйдегі төрт-бес жандықтың өнімін сатып, үстімізге киім қылып кигізді. Өзінің іскерлігімен, шаруаға икемділігімен, көрші-қолаңға жұғымдылығымен бізді ешкімге телміртпей, аш-жалаңаш қалдырмай осы күнге шейін жеткізіп келді. Оның әсіресе, балалық бейғамдықпен кейде «пәленше жаңа костюм алыпты, маған да сондай киім керек» деп жөнсіз қинаған кезімде «жағдайға қарасаңшы, үйде ештеңе жоқ» деп бірден еңсемді түсірмей, «сәл-пәл шыда, жаным, жақында бұл тілегің де орындалады» деп жанымды жадырататынына тәнті болатынмын.

Менің анам адам баласына қамқор болып жүретін жүрегі жұмсақ жан. Болмашы нәрсенің өзін ұқсатып, дүние қылып шығарып, үстімізді бүтіндеп, бірімізге сыимай қалған киімді екіншімізге кигізіп, амалдап әрекет жасап жүрсе де, көршілердің жетпей жатқан нәрселеріне қолындағы барын ұсынады. Біреуге жақсылық жасағанда жаны жадырап, содан рахат тауып, мәртебесі биіктеп қалады. Содан да оны ауылдың бәрі жақсы көреді. Жиын-

тойларынан қалдырмай шақырып, қыз ұзататындар жасауын қамдағанда ақыл қосу үшін қасында ұстайды.

Өзім жасымнан әкемнен қалған темір-терсектермен ойнап өскендіктен машина бөлшектерінің қызметін ерте танып, жеңіл-желпі жөндеулерін атқара алатын дәрежеге жеттім.Үйдегі шәйнек, өтек сияқты электр тоғымен жұмыс істейтін құралды ешкімге жалынбай-ақ қалпына келтіре саламын. Ауылдың өзінде қазір тұрмыстық техниканы пайдаланбайтын үй жоқ. Әлгідей өнеріммен аздап табыс тауып, отбасыма жәрдемімді тигіземін. Оның үстіне үйде өзімнен басқа белсеніп жұмыс істейтін еркек болмағандықтан, бұзылған қора-қопсыны, топсасы шыққан есіктерді жөнге келтіру мені күтіп тұрады. Алғашқы кезде сілтеген балғам шегеге тимей қолымды қанатып, кескен ағашым қисық кетіп, жасаған дүнием көйлекке салған жамаудай көзге оғаш көрініп, өз ісіме көңілім толмай жүретін. Бірте-бірте қолым жаттығып, ойым орнығып, бітірген бұйымыма жұрт қызығып, өздері бағасын белгілеп, сатып алып жатты. Осындай азды-көпті ақша тауып, анамды риза еткен соң, босқа арам тер болып алысқа оқу қуып кетпей-ақ, ауыл ішінен бұйырған ризықты теріп жеуге бел буғанмын. Әйтпесе, сыныпта ең үздік оқушы атанбасам да негізгі сабақтардан «төрт» пен «бес» деген баға алып, мектепті жақсы-ақ тауысқанмын. Менің білім-білігімді бес саусағындай білетін ұстаздарым да, тұрмыс жағдайымды күнде көріп жүргендіктен, «оқуға бар» деп көп мазалап, желпіндірген жоқ.

Күзге қарай ауылдың басшысы өзгерді. Оны орындығына отырғызу үшін үш-төрт жеңіл машинамен шұбап келіп, ауыл итін түгел шулатқан аудан әкімі халықты жинап, әлгіні елге таныстырды.

Бойы ортадан төмен, ерте қарны шыға бастаған сары кісі екен. «Бұрын анадай-мынадай қызметтер істеген» деп, оның ішкен жегенінен басқаның бәрін айтты. Сөйтсем,

ол қойма меңгерушісінен бастап, совхоз директорының орынбасарлығына дейінгі оншақты жердің шалабын жұтқан ку екен. Оны сонша неге жіпке тізіп тұрғанына таң қалдым. Осы күні облыстан бастап әкім ауысқанда командасын қоса алып кетіп, жаңадан келгені өзінікін қайта жасақтайтын әдет шықты ғой. Біздің ауданның әкімінің өзгергеніне де екі-үш ай өткен. Мынау соның бір жақтан сүйретіп әкелген жасағының бірі екен. Халыққа кеудесін кере қарап, қозы қарнын столға асып қойып, саусағын санап, маужырап отыра берді. Елге бірауыз көңіл жұбатар сөз де айткан жоқ.

Арада бір апта өткенде ауыл әкімі көшіп келіп, орналасып тынды. Бұрынғы совхоз партия ұйымының хатшысы иеленген алты бөлмелі үйді жөндетіп, қайта сырлатып кіріп алды. Жүгін түсіріскендердің айтуына қарағанда негізгі дүние-мүлкін қозғамай, мұнда күнделікті пайдаланатын ыдыс-аяғы мен төсенетін жеңіл көрпе-жастығын ғана жеткізген көрінеді. Екі баласы бар екен. Ұлы университте оқып жатса, қызы биыл мектеп бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсе алмай үйінде жүр дейді. Ол қызды өзім де көрдім.

Ауыл жастарының кешкісін төңіректейтіні орталықтағы үлкен дүкен маңайы. Кешегі кеңес заманында келістіріліп салынған бұл дүкенге сол кездің өзінде үлкен-кіші түгел жиналатын. Үлкендер соның көлеңкесінде отырып, өсек-аяңды өрбітсе, жастар бір-жар жартылықты бөліп ішіп, іштеріндегі жалынды басатын. Кейін сауда саябырлағанда оның есігін екі-үш жыл қара құлып күзетті. Одан берірек бір ақша жинаған азамат сатып алып, іші-сыртын әрлеп, тек қарап тұратындай етіп сәндеп, сөрелерін тауарға толтырып қойды. Тебеннен бастап, тері тонға дейінгі жаныңа керектің бәрін табасың одан. Енді шалдар оның көлеңкесінде отырмайды. Үстеріндегі жамау шапандары дүкеннің сәнін бұзады деп сескенеді. Ал,

жастарға бәрі-бір. Істеп жатқан жұмыстары жоқ. Қолдары бос. Әке-шешелерінің зейнетақысынан жымқырған жиырма-отыз теңгелерін қосып-шатып бір-екі шөлмек арақ алады. Соны ішіп көкірек кілтін ашады. Жадау өмірдегі жайсыз тұрмыстарын ақтарып, шер тарқатады. Ақыры бірін-бірі жаңа көріп отырғандай құшақтасып, қуанысып мауқын басады.

Анадай жерден дүкенге кіріп бара жатқан бір қызды байқап қалдым. Үстінде қызыл тоқыма, қызыл юбка бар,бейне жалындап жанған от сияқты әсер қалдырды. Басы жалаңбас, толқынды сарғыш шашы батар күннің сәулесімен алтындай жарқырайды. Ауыл қызы емес екендігін бірден аңғардым. Өйткені, біздің ауылда әзірге мұндай юбка мен көйлекті тізеден жоғары киетін ешкім жоқ. Қаншалық мода қуды десек те, ауылдың машықты дағдысы ондай еркіндікке жібере қоймаған.

Мені құмарлық жеңді. Қалайда осы қызды жақыннан көргім келді. Басқа жаққа бұрылмастан дереу дүкенге тарттым. Мен есік алдындағы басқышқа жаңа аяқ сала бергенімде, ол дүкеннен шыға келді. Бетпе-бет тоқайласып қалдық. Жүзіне тіке қарағанымда дереу көзін тайдырып әкетті. Бір сәт бетін қызыл бояу көмкеріп жүре берді. Жүзінің қардай аппақ екендігін сонда барып көрдім. Көзі дөп-дөңгелек, қыр мұрынды, қиғаш қас қыз, пакетке салынған затын бұлғақтата сілтеп жанымнан өте берді. Еріксіз артыма бұрылдым. Бойы аласалау демесең, адамды өзіне тартатындай сымбатты екен. Бой жағы қозы қарын әкімге тартқан. Әкімнің қызы боларсың деп жорыдым. Содан бастап қас-қағым уақытта шарбысқан көз қарасы өзгермей, санамда тұрды да қалды. Оны қайта көріп, тілдесуге ынтық болдым.

Оның да сәті өз-өзінен туа кетті. Ертеңіне оны-мұны шұқылап үйде отыр едім, бесінші сыныпта оқып жүрген кішкентай қарындасым келіп: «Көршідегі Күнсұлу

сені шақырып тұр» деп құлағыма сыбырлады. Ауылда бірсудің есігін қағып, сыртқа шақыру деген үрдіс жоқ. Келетін адам бірден үйге кіреді. Оның үстіне Күнсұлу өзіміздің үйдің бір мүшесіндей болып кеткен қыз. Екеуміз бір сыныпта оқыдық. Он жыл бойы мектепке бірге барып, бірге қайтып жүрдік. Біздің арамыздағы қатынас қыз бен жігіт арасындағы ынтықтықтан гөрі аға мен қарындас арасындағы қамқорлыққа, бауырмалдыққа жақын болатын. Біз бір-бірімізден сыр жасырмай, басымыздан өткен жайларды баяндап беретінбіз. Оның мектепте достасып, көңілі жарасқан жігіті болды. Екеуі қол ұстасып үлкен қаладағы жоғары оқу орнына кеткен. Жігіт сынақтан сүрінбей өтіп, студент атанды да, Күнсұлу соңғы сабақтан құлап қайтып келді. Енді сүйіктісінен келген әрбір хатты маған әкеліп көрсетіп, мақтанып қояды.

Сол Күнсұлудың «сыртқа шақырғаны қалай» деп қарындасыма қатулана қарадым. «Жанында бір әдемі әпке бар» деді ол күлімсіреп. Енді кідірудің орынсыз екенін түсіндім де, есік алдына шықтым. Күнсұлудың жанында кешегі дүкен алдында кездестірген қызым тұр. Бүгін үстіне басқа көйлек киіпті. Шашын да кешегідей бос жібермей, желке тұсынан түйіндеп байлап тастапты. Жалпы, бұл қыз өзінің ажарын қандай киімнің ашатынын білетін болса керек. Көйлегі көгілдір матадан тігілген екен, ақ жүзіне әсем жарасып тұр. Етегі шолақтау, тізесіне жетер-жетпес. Тоқ балтыры көз қызықтырады.

-Байжан, мына Құралайдың сенде шамалы шаруасы бар екен. Үйге кіріп айтайық десем, «бұрын босағасын аттамаған үйге бірден қалай барамын?» деп өзіңді шақыртқаны ғой,- деп көрші қыз сөз бастады. Бұрын таныс емес адамдар мұндайда, әрқайсысы өз есімдерін айтып танысу ресми жағдайда өтетін. Күнсұлу екеуміздің де атымызды атаған соң, енді біздің оны қайталап жатқымыз келмеді. Тек қол алысып сәлемдесу

ғұрпын жасадық. Алақаны сондай жұмсақ, әрі жылы екен. Сәл-пәл ұзақтау ұстағанымды ұқтым да қызарып кеттім. Бұл құбылысымды Күнсұлу байқап қалды-ау деп одан әрі қысылдым. Содан да аузыма дұрыс сөз түспей, не айтарымды білмей саскалақтадым.

-Ау, есік алдында тұрып қалғанымыз қалай, үйге кірейік те,- деп қыздарды бастап үйге шақырған сыпайылығым да шынайы шықпай қалды.

-Рахмет, ниетіңізге! Менің шаруам – мына бір сағат еді. Сізді осындай дүниелерді жөндейді деген соң алып келдім. Өткенде қалаға барғанымда батареясын ауыстырғанмын. Тағы тұрып қалды. Неден екенін білмеймін,- деп Құралай білегінен кішкентай қол сағатты шеше бастады.

Қыздың сағатын қолыма ала бергенде, жүрегім дір етті. Бұрындары осындай сағаттардың күрделі механизимдерін жөндемегеніммен, батареясын ауыстыру, құм-топырақтан тазарту сияқты жеңіл-желпі жұмыстарын жасап, жүргізіп қоятынмын. Ауыл адамдары оның қалай жүргенін қайдан білсін, мені бір білгір сағатшыға санап атағымды аспандатып жіберді. Жұрт мақтап жатқан соң кеудеме нан пісіп, шала шебер екенімді айғақтамай, қолымнан келген жерін жөндеп, қолымнан келмегендеріне «қосалқы бөлшегім жоқ» деп қайтарып келе жатқанмын.

Енді мына қызға не айтамын. Табан астында маңдайымнан тер шықты. Бірақ шегінетін жол жоқ еді. «Ішін ашып көрейін...» деп үйге қарай бұрылдым. «Қолымнан келмесе, өкпелемеңіз» деп Құралайға айта алмадым. Құдайға жалбарынып тұрып, қыздың сағатын аштым. Қолым қалтырайды. Талай сағатты қарап жүріп тап осылай қиналмаған едім. Бірінші рет өтінішпен келген Құралайдың алдында намысым тапталып, жігерім жасымаса, абыройыма кір жұқпаса деп тіледім. Сол күйде үлкейткіш әйнекті көзіме тақап, сағаттың ішіне үңілсем, о жаратқан, батареясы орнынан ығысып кетіпті. Сәл ғана

қозғап, өз орнына түсіргенімде, секунд тілі жорғалап жүре бастады. Жүрегім жарыла қуанып, далаға атып шықтым.

Құралай сағатын білегіне тағып жатып, «рахмет» деп күлімсіреді. Оның күлім қаққан жүзінен маған деген ыстық ықыласын, жүрек жылуын жазбай таныдым.

Содан бастап біздің арамыз жарасып жүре берді. Бұл жақындыққа көршім Күнсұлу қыздың да қосқан үлесі аз емес. Ол Құралайға мені тілі жеткенше мақтаса керек. «Мектепте сабақты жақсы оқыды, он саусағынан өнер тамады, сүйген-жүрген қызы жоқ» деп жігітке қажетті қасиеттің бәрін менің басыма үйіп-төгіпті. Әрине, сабақты жақсы оқығаным рас. Алып бара жатқан ұсталығым болмаса да, оны-мұны заттарды қалпына келтіретінім де анық. Мектепте біреуге беріле ғашық болып, махаббат сырқатына шалдықпағанымды да жұрт біледі. Бірақ соның бәрін Күнсұлу өздігінен жеткізді ме екен, әлде жаңа құрбысы мен жайлы молырақ білгісі келіп сұрастырды ма? Маған осы жағы жұмбақ күйі қалды. Егер Құралай сұраған болса, оның көңілінде маған деген бір сәуленің нұр шашып тұрғандығы емес пе?

Ауыл жағдайында қыз бен жігіттің кездесіп, сырласып, қыдыруы қалаға қарағанда күрделірек. Біріншіден, қалада жастардың қолтықтасып, оңаша жүруі ғана емес, құшақтасып сүйісуі де оғаш саналмайды. Оған тіпті көпшіліктің көзінің үйренгендігі сондай, бұрылып та қарамай, әркім өз шаруасымен кете береді. Екіншіден,қалада баратын саябақтары мен кинотсатрлары да бар. Жастар соларға кіріп, жүрекжарды әңгімелерін айтып, болашақ жайлы армандарымен бөліседі. Ал, ауылда қыз бен жігіттің жұрт алдында әлгідей құшақтасуы әбес саналады. Ауыл қызының тәрбиесі де бөлек. Ата-анасының ақ батасын алғанға дейін көпшілігі ұнатқан адамының қолтығына кіре де алмайды.

Солай болса да, талай жастар ауылда да табысып,

тағдырларын қосып жатыр. Олардың театрлары болмаса да, ауыл сыртындағы ақшағыл құмда кездесіп, армандарын ортаға салып, аспандағы ай мен жұлдызды куәға тартып, махаббаттың бал шәрбәтынан сусындайды. Бұл қызықты күндері мен тамаша түндерін, олар қаланың қандай кереметіне де алмастырмайды. Құралай екеуміз алғаш рет оңаша шығып, ауыл сыртындағы құм жотадан асып түсіп, мақпал түннің саумал самалын кеудені кере еркін жұтып, жүрегіміздің ынтыға, ентіге соғысын сабырмен басып келе жатқанымызда, ол бетіме үздіге қарап алды да, оқыс сұрақ тастады.

-Сыныптағы озат оқушының, қолынан көп нәрсе келетін шебердің сүйген қызы болмағандығын қалай түсіндірер едіңіз? Бұл оның жүрегін селт еткізетін жанның табылмауы ма? Әлде қарапайым қызды менсінбей, көктегі хор қызын армандауы ма? – деп сөзінің соңын жұтып қойды.

Мен осы жерде ғана өзім жайлы Күнсұлудың мәлімет бергенін ұқтым.

-Біріншіден, біздің сыныпта менен де үздіктер болды. Екіншіден, мен өзімді әлі жетілген шебер деп санамаймын. Ал, қыз деген халық сұлу да сүйкімді, білгір де білікті жігіттерді қалайтын көрінеді ғой. Шамасы мен солардың талабынан толық табылмаған болармын,- деп әзілге сүйеген болдым.

-Өйтіп, өзіңізді төмендете бермеңіз. Басқаның білдіргені емес, шеберлігіңізді сағатымды жүргізіп бергеніңізден өзім көрдім ғой. Бұл жердегі менің білгім келгені, сізді басқалардың ұнатқаны емес, өзіңіздің көңіліңіз құлаған қыз жайында еді. Жауаптан жалтармаңызшы,- деп қиылды ол.

-«Адамда екі түрлі махаббат болады деп жазыпты бір жазушы. Біріншісі, –бозбала кезінде байқалады. Оның бәрі үлкен махаббатқа ұласа бермейді. Өткінші жауын сияқты

киімінді сулайды да, тез тынады. Екіншісі, адамның ақыл-ойы толысып, бойы өсіп, бұғанасы қатайған кезде келеді. Бұл ақ жауын сияқты ұзаққа созылып, киіміңнен өтіп, барлық денеңді дымқылдайды. Міне, шын махаббат сол». Шамасы, менде алғашқы бозбала махаббат болмаған-ау. Ал, бар денемді дымқылдайтын үлкен махаббатты күтумен келемін,- деп қызды қолтығынан ұстап, бетін өзіме бұрдым. Ол екі көзі шоқтай жанып, жүзі албырап, маған аңтарыла қарады.

Осы жерде өзімді ұстай алмай кеттім. Бір бұла күш мені еркімнен тыс жігерімді жанып, ерлікке бастағандай қайраттандырып жіберді. Еңкейе беріп, қызды сүйіп алдым. Енді не болар екен дегендей, екеуміз бірдей тымтырыс тұрып қалдық.

-Бұл ненің белгісі, үлкен махаббатыңыз осы ма?- деді біраздан кейін Құралай тілге келіп. Дауысында реніштің ізі де жоқ, жып-жылы.

-Тіл жеткізе алмаған кей сезімді адамның қимыл-әрекеті ұқтырады дейді ғой. Өзіңді алғаш көргеннен бері жүрегім жүз құбылып, тағат таптырмайтын болды. Нағыз махаббатымды енді тапқан сияқты болдым. Соны дәл танып, тауып айтқан ауызыңнан айналайын,- деп енді еркіндеу кеттім.

Екі бетінен қыса ұстап, ерніне төндім. Құмыға, құмарта сүйдім. Ол қарсылық білдірместен бауырыма тығыла түсті. Қаңбақтай жеңіл, үлбіреген денесін қапсыра құшақтап, көпке дейін бауырымнан босатқан жоқпын. Екі жүректің соғысы үйлесіп, жанымыз жарасып, бар дүниенің қызығына кенелгендей, жер бетінде екеуміз ғана тұрғандай едік...

Құралай екеуміздің көңіліміз жарасым тауып, қыз-жігіт болып қыдыра бастағанымызға алдымен қуанған Күнсұлу болды.Ол бізді болашақ жұбайлар ретінде құттықтап, қолымызды қысты. «Бірің бұрыннан тату

көрші, әрі сыныптас болсаң, екіншің осы ауылға көшіп келгенде тең құрбыдай табысқан, жанашыр жақын едің. Енді алдағы өмірге арманды қадам жасадыңдар. Ешқашан қабақтарыңды кірбің шалмай қуанып, қосақтарыңмен қоса ағарып өтіңдер» деп тойда сөйлеп тұрғандай тебіренді. Ол бұл жақсылық хабарды менің анама жеткізіпті. Қай ана баласының үйленуіне қарсы болсын. Құралайды көшеде бір-екі рет көргенін, көркіне көңілі толып «осындай келінім болса» деп Алладан тілегенін айтып, анам ағынан жарылды.

«Жыртық үйдің құдайы бар» деген, енді ауыл әкімімен құда болып, құйрық-бауыр жеймін деп желпінді. Анамның қуанышын түсінемін. Күйеуі өлгеннен кейін үш баланы жеткіземін деп барлық қызықтан баз кешкен жан ғой. Өзім де Құралайды тезірек үйге кіргізіп, қасына жатуды аңсап жүрдім.

Бұл кезде ауылдың жаңа әкімі, менің болашақ қайынатам халық жүрегіне жара салатын, өзінің қызметіне жараспайтын кейбір жұмыстарға араласып кетіп еді. Алдымен ауыл шетіндегі салынғанына оншақты жыл болған, жұмыс істемей, күтім жасалмай тұрғандықтан сылағы түсіп, ажары кетіп қалған моншаны тас-талқан қылып бұзып, жарты кірпішінен өзінің машинасына гараж салдырып алды да, жартысын көңілжықпастарына сатып жіберді. «Ау, мұның қалай? Ертең заман түзелсе, халық игілігіне пайдаланатын монша емес пе?! Құдайдан қорқып, жұртты сыйласаң нетті!» деп ескерткен үлкен-кішінің сөзін құлағына да қыстырмады. «Бұл жекешелендіру заманы. Кімнің қаржысы болса, сол ұнаған дүниені сатып алып, қажетіне жаратады» деп қарқ-қарқ күлді. Елді басқарып, қиындықтан алып шығады деген адамның мына қылығы көптің еңсесін түсірді, жігерін құм қылды, әбден түңілтті.

Содан көп ұзамай-ақ, оның көзі енді кітапханаға

түсті. Ол да жабылып, жетімсіреп тұрған мәдениет ошақтарының бірі еді.

Алдымен кітапханашы қыздың штаты қысқарды. Артынан ондағы кітаптар машинаға тиеліп, белгісіз бір жаққа жол тартты. Кезінде ауыл тұрғындарының көпшілігі топырлап келіп, көңіліне ұнаған кітаптарды жаздырып алып, ондағы кейіпкерлердің басынан өткен оқиғаларын бір-біріне айтып беріп, пікір таластырып, рухани азық алған үйі еді. Әкім соны да бұздырып, материалдарын машинаға тиеп, аудан асырып жібере бастады. Міне, мен осы жерде шыдай алмадым.

Кітапхана менің екінші үйімдей болып келіп еді. Көңілім жабырқап, ойым алаңдап, санам сарғайып, жүрегім жалғыздықтан шаршай бастағанда көмекті кітаптан іздейтінмін. Ақылды, күш-қуатты содан алатынмын. Табанды, жігерлі, қайратты кейіпкерлерге қызығып, опасыз, сұм, қорқақтарына ызаланып, күйіп-пісетінмін. Кейбір атақты жазушылардың қызықты кітаптары біздің ауылға тым аз, бір-екі данадан келетін. Кітапханашы оны ешкімге жазып бермей, тек кітапхана ішінде оқуға рұқсат ететін. Сонда мен қызықты кітаптан бас алмай, есігі жабылғанша отыратынмын. Енді жаныма сондай жақын болған сүйікті орынның бұзылуы кеудеме қанжар сұққандай әсер етті.

Оның үстіне Құралаймен сөз байласқалы әкімді болашақ ақылшы қайынатамдай сезініп те қалғанмын. Оның жұмысында жағымсыз әрекет байқалмай, арамдыққа, ұрлыққа араласпай, таза болуын тіледім. Жалпы, жұрттың көз алдында жасалып жатқан мына жағдай менің кішкене жүрегімді шоққа салғандай шырқыратты. Маған жақын адам қылмыскер болса, мен қалай көтеремін оны. Қылмысты көріп тұрып, оған тосқауыл қоймаған, шындығын айтпаған жанды қалай әділ дейміз?

Осындай алабұртқан сезім үстінде әкімнің кабинетіне кірдім. Ол шұқшиып бірдеңелерді жазып отыр екен. Екпіндеп кіруін кірсем де, есік аузында қипақтап тұрып қалдым. Ауыл дағдысымен «Ассалау...» деп қасына барып, қос қолыммен қолын алып амандасамын ба, әлде «сәлеметсіз бе?» деп тілімнің ұшымен тілдесемін бе, қайсысын қалау керектігін шеше алмай тұрмын. Уақыт өтіп барады. Бұл кезде әлгі қазандай қайнап, ішіме сыймаған ашу біраз басылып қалған еді. Кеудем бос, дайындаған сөздер де ойымнан шығып кетті.

Әкім менің кіргенімді манадан-ақ біліпті. Әдейі мысымды басу үшін қағаз жазған болып отыра берген. Менің божырағанымды көріп, басын көтерді.

-Әй, бала, неғып тұрсың? Шаруаң болса, айтсайшы, енді!- деді.

Өзімше жігіт атанып, анау-мынау емес, әкімнің сұлу қызына сөз салып жүрген мені «бала» дегені намысымды оятты. Дүр сілкіндім.

-Шаруа былай, бұл ел сіз әкім болып келгенге дейін де талай басшыны көрген. Талай жұмыс та атқарған. Сізге дейінгілер жұрттың жағдайын ойлап, жаңадан құрылыс салып, ауылды көркейтсе, сіз солардың дүниесін талан-таражға түсіріп, құртып бара жатырсыз. Бұл болмайды. Ел бәрін де көріп отыр ғой. Төзіп отыр. Бірақ, шыдамның да шегі болады. Халық кешірмейді,- деп жаңа жолға түсіп, ойымды жинақтап, көкіректе қордаланған сөзді ақтара бергенімде, ол столды сарт еткізіп соғып жіберіп, орнынан атып тұрды. Түсі қып-қызыл болып тұтанып кетіпті.

-Әй, күшік, алдымен өзіңді жөндеп ал, өзгеге ақыл айтпас бұрын. Бұтыңа жамау шалбар киіп жүріп, кісілік сенің неңді алған?- деп сөге жөнелді.

Шалбарымның жамауы жоқ екені өзіме аян. Шамасы қызының қыдырып жүргені қандай жігіт деп жұрттан сұрастырып, біздің отбасының материалдық жағдайын

білген болды-ау деп ойладым.

-Сіз адамды қорламаңыз, кісілік қасиет киіммен өлшенбейді.

-Кет, кабинеттен тез!- Түтігіп сызғыш па, бірдеңені лақтырып жіберді. Онымен сөз таластырып опа таппайтынымды білдім де, шығып кеттім.

Екі-үш күн қатарынан бұл әкімді қалай сүріндіремін деп басым қатты. Тасада тығылып тұрып, таяқпен ұрып та жібермек болдым. Бірақ ұсталсам, мені соттауы сөзсіз. Сонда анам байғұс не күйге ұшырайды? Жоқ, ол болмайды. Жер бетінде әділдік таусылып қалмаған шығар. Алдымен бұл жемқордың қылығын ауыл ғана емес, басқалар да білуі керек. Жұрт бетіне түкірсін. Оның жалғыз жолы газетке жазу ғой. Басылып шықса, ел оқиды. Ал басылмаса ше? Өзге газеттерге жіберемін. Қазір басылымнан көп нәрсе жоқ.

Сол ойға табан тіреп, «Әкімнің әлегі» деп тақырып қойып, аудандық газетке айдап жібердім. Қазір оның да таралымы бұрынғыдай емес,біздің ауылда оншақты мұғалім ғана жаздырып алады. Мақаламның жарық көреріне де сенімім аз.

Кешкілік есік алдында отыр едім. Қолында бір орам қағазы бар тарих пәнінің мұғалімі, анадай жерден өтіп бара жатып, «бері кел» деп шақырды. Жанына жақындап, сәлем бердім. Қолындағы қағаздың арасын ашып, ішінен аудандық газетті алып, маған ұсынды. Жүрегім дүрсілдеп кетті.

-Байжан, сен тұтас бір ауыл атқара алмаған шаруаны тындырдың ғой, білемісің? Басқаны білмеймін, өзім қатты ризамын,- деп арқамнан еркелете қақты да ұзай берді. Сәл жүріп барып, артына бұрылды. Бас бармағын көтеріп, басын изеді.

Жалма-жан газетті ашып,оқи бастадым. Тақырыбы сол қалпы. Басқа жеріне де пәлендей өзгерістер енгізбепті.

Бойым босап барады. Көзіме жас келді. Үйге бір кіріп, бір шығамын. Қуанышымды кіммен бөлісерімді білмеймін.

Ой, пәлі! Шындық шынжырланбапты. Әділдік әлсіремепті. Қарсы тұрар күш бар екен. Газеттегі жігіттер менен білімсіз емес қой. Олардың материалды жариялағаны әкімнің әділетсіз ісін халық оқысын, білсін, күлсін дегені болар.

Біраздан кейін қайтадан ойландым. Ойбай-ау, менің бұл қуанышым өзіме таяқ болып тимейді ме? Әкесін масқаралап, газетке жазған жігітті Құралай қалай жақсы көрмек? Енді маңынан да жүргізбес. Қанша дегенмен әкесі ғой. Мен одан жақын бола аламын ба? Адал, ақжүрек боламын деп, өз бақытыма балта шапқаным қалай? Өмірдегі ұлы махаббатым деген шынайы сезімімді өзім суға тұншықтырған болдым-ау. Мұны ертерек неге ойламағанмын? Енді не істеймін? Жүрегім-ай!

Ішімдегі тайталыс ұзаққа созылды. Бірі жеңіп, бірі жеңілер емес. Таразының бір басында маған жұдырығын түйіп, тісін қайрап ауыл әкімі тұр да, екінші басында бауырыма кіріп кеудемді жылытқан, болашақ бақытыма нұр шұғыласын шашқан, көзі жәудіреген Құралай тұр. Қайсысы салмақты, қайсысы басым белгісіз. Әкімді газетке жазып тәубесіне келтірдім деп қуанғаныммен, қол созған арманыма айналған сүйгенімнен айырылу алдында тұрмын. Ұтқаным көп пе, ұтылғаным зор ма?

Кешкі апақ-сапақта үйге Құралай келді. Бұл оның сонау сағатын жөндеуге әкелгеннен кейінгі, біздің шаңыраққа екінші рет бас сұғуы. Көзі қып-қызыл, біраз жылаған. Қабағы қатулы. Сонда да болса табиғат сыйлаған әдемілік әр жерінен сығалап бой көрсетуде. Қасына барып құшағыма қысып, тәтті сөздермен жанын жадыратқым-ақ келді. Алайда ауыр қылмыс жасаған адамдай, қасына жақындауға қорқамын.

-Папам ауданға кетті. Редакцияға барып,

материалыңды жариялаған адамды аямаймын дейді. Содан кейін саған келіп соқтығуы мүмкін,- деді. Қол орамалын бетіне басты.

-Құралай, кешір. Бұлай болады деп ойлаған емеспін. Алайда, жасаған ісіме өкінбеймін. Өйткені арымның алдында адалмын. Ал, өзің қалай бағалайсың еркін білсін. Сені сүйетінім анық. Көріп отырып қараулыққа төзе алмадым,- деп бөлменің ішін кезіп кеттім. Тағдырымды шешетін секундтар дәл осы сәт екенін ұққандықтан шығар, жүйке тамырларым жарылардай сыздады. Біреуді соғып жіберердей жұдырығымды түйіп алыппын.

-Байжан!- деген қыздың үні күңгірлеп жер түбінен естілгендей болды. –Папама барып сөйлескеніңді естідім. Сенде басқа амал қалмаған ғой. Сенімен кездеспе деп қатаң талап қойды. Ол тілегін орындамасам, үйден кететінімді айтты. Мен қазір сенің босағаңа түпкілікті келіп тұрмын, бұл өмірде маған махаббатымнан, бақытымнан артық ештеңе жоқ. Әке үкімін орындаймын деп өмір бойы өкініп жүргім келмейді.

Ұшып барып құшағыма алдым. Тамшылған көз жасын жалап, жұтып жатырмын. Оның керемет дәмі таңдайыма балдай татиды. Бір ауыз сөз қатпастан аймаласып, мауқымызды баса алар емеспіз. Мұндайда тіл қатудың қажеті қанша, бәрін ішімізден біліп, ұғып сезінудеміз.

Манадан біздің арамыздағы әңгімені екінші бөлмеден естіп тұрған анам осы кезде бері шықты. Құралай құшағымнан сытылып шығып, әдеп сақтап сыпайы сәлемдесті де, жылыстап барып босаға жаққа тұра қалды.

-Ақылыңнан айналайын сенің, қадамың құтты болсын! Мен қазір сырттарыңнан кілттеп, көршінің үйіне барамын. Сол жақтан ауылда не болып жатқанын бағдарлаймын. «Жау жоқ деме, жер астында» дегендей қамсыз қалмайық. Өздерін оңаша сырласа беріңдер,- деп

Құралайдың маңдайынан сүйді де сыртқа беттеді.

Үйде екеуден екеуміз. Алғашқы бойды буған сапырылыс сезімінен арылып, қалыпты күйімізге түстік. Құралайдың барлық қарсылықты аттап өтіп, маған келуі менің жүрегімді жарып жібере жаздады. Оның мөлдір махаббаты мақтанышқа, айтып жеткізгісіз күйге бөледі. Осындай сұлу да көркем, сөзіне берік, антына адал қызды таңдап, тапқаныма қуандым. Шалқып, тасып, шаттанып, шарықтап кеттім.

Тұрмыстағы тапшылық, айналамыздағы аласапыран – бәрі де естен шықты. Дүние толған молшылық, адамдар бір-біріне тату, дос, қыз бен жігіт қол ұстасып, күліп-ойнап жүрген жаңа бір әлемге сүңгіп кеткендей едім.

Япыр-ай, таршылық пен кеңшіліктің арасы бір-ақ қадам болғаны ма? Әлгінде ғана өзімді қоярға жер таппай,шыбын жаным шырқырап еді, енді міне, мамыражай масайрап отырғанымды қарашы.

Күліп жібердім. Құралай селк ете қалды. Бірдеңенің шалығы соғып кетті ме деп қорқып кетсе керек. Мен оны құшақтап, көйлегінің өңірін ашып, омырауына тұмсығымды тықтым. Бұлтиған қос анары бетіме тиіп, елжіретіп жіберді. Кеудесінің жұпар иісі мені әбден мас қылды...

Таңертең анам келіп оятты. Жүзімізге кезек көз тастап, көңіл түбіндегі құпиямызды түсінгендей күлімсіреді. Сосын былай деді:

-Түнде біраз кісілермен кеңестім. Әкім бәрібір сені бұл ауылда тұрғызбайды. Бәрінен бұрын мына Құралайға қиын тиеді. Екі оттың ортасына түсіп, жаны күйзеледі. Сендерді арашалап алуға менің әлім жетпейтінін түсінерсіңдер,балапандарым. Сондықтан, қазір қалаға тура тартыңдар. Сонда менің көптен хабарласпай кеткен туыстарым тұрады. Мені ұмытса да, әкеңнің есімін естігесін көмек берер. Өйткені, кезінде

әкең оларға қамкор болып, бір қатерден қорғап қалған,- деп ексумізді бетімізден қайта-қайта сүйді. Екі сөмкені арқалатып, автобус өтетін ауыл сыртындағы қара жолға шығарып салды. Анадай жерге барып, артыма қарасам, жаулығының ұшымен көзін сүртіп тұр екен.

Сөйтіп, әлі келін болып түсіп, шымылдыққа енбеген, «жар-жар» айтып жастардың ортасынан жүрмеген, бетін ашып ақсақалдардың ақ батасын алмаған келіншегімді қасыма ертіп, туған ауылымды артта қалдырып, танымайтын қалаға жол тарттым.

Мекен-жайы бойынша тауып алып, жағдайымды айтқанымда әлгі нағашыларым обалына не керек, үш бөлмелі пәтерінің бір бөлмесін бізге босатып беріп, қалбалақтап қалды. Әкемнің атын әлсін-әлсін құрметпен атағанына мәртебем өсіп, марқая түстім. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Менің мамандығымды сұрап, одан мақұрым екенімді естігенінде, басын шайқап біраз отырды. «Ананы атқарамын, мынаны істеймін»деп ауылда жүргенде жасаған дүниелерімді жіпке тізіп баяндап жатырмын. Қалада сататын, сатылатын, жұмыс беретін, қызмет көрсететін жайлардың бәрін арнайы газет арқылы жұртшылыққа хабарлайды екен. Үй иесі сол газетті алдына жайып қойып, бірдеңелерді жазып алды. Ертеңіне сол жазуы бойынша автобус нөмірлерін, қайдан мініп, қай жерден түсетінімді миыма құйып, үйден аттандырып салды.

Содан сандалыс басталды. Ең қиыны баратын жерге жету. Маған бәрі таңсық. Қаланы білетіндер жаппай мініп, келген жерлерінде жапырлап көліктен түсіп жатады. «Пәлен аялдамаға келдік» деп хабарлап отырған жүргізуші жоқ. Межелі жерден өтіп кеттім бе деп қылпылдап, қайта-қайта сұрай беремін. Бетіме бажырая қарап, көлік ішінен крокодил көргендей тіксінеді жұрт.

Әдемі киініп, беттеріне баттастырып бояу жаққаны болмаса, нағыз мәдениетсіздер осы қалалықтар шығар деп қалдым. Біреудің білмегенін түсіндіріп, қиналғанға қол созу деген каперіне де кірмейді. Қасында сексендегі шал селкілдеп тұрғанда, жап-жас келіншек тұрып орын бермейді.

Бір ай дегенде бір жерге тұмсық тықтым-ау. Ол да жекеменшік иесінікі. Қиыршық құмды жабысқақ қосындымен араластырып, сыра құятын шыны шығарады. Жанымды жалдап, уақытпен санаспай жұмыс істедім. Адал ісімді, қабілетімді, елгезектігімді мақтап жүрді. Он сағат толассыз қимыл титықтатып тастайды. Үйге жете құлаймын. Жанымда жатқан Құралай жыбыр-сыбыр әңгіме айтады. «Мына үй қиындық көріп отыр. Өздерінің мектеп жасындағы үш баласы сабақ дайындай алмайды. Әйелі еркегіне күнде ескертеді. Мен шыдай алар емеспін. Басқа жаққа шығып, пәтер жалдайықшы» дейді. Оны өзім де сезем ін. Бір үйлі жан жалғыз қожайынның айлығына қарап отыр. Мектеп мұғалімінің жалақысы қанша болатын еді? Дастарханда ғы тағамға көз салып-ақ тұрмыс-күйді түсінуге тырысамын. Алған ақшамды ортаға қосамын. Сөйтіп жүргенде шыны шығару тоқтап, бәріміз қысқардық та қалдық. Соңғы бір айлық еңбек ақымызды жұмыс беруші жымқырып кетті.

Тағы сандалыс басталды. Қыстың көзі қырауда жұмыс та азаяды екен. "Биржа" дегенде тұрып, біреудің жүгін тиеп, біреудің қоқысын шығарып дегендей, күніге болмашы бірдеңені алақанымa қысып ораламын. Оның өзі бірде болса, ертеңіне жоқ. Кейде жұмыс беруші тұлғама қарап тұрып, қаланың қу тұяғы емес, ауылдың ашық ауызы екенімді сезеді де, бастапқы келісілген ақшаның жартысын беріп қуып шығады. Қаның қайнап тұрса да тіресуге дәрмен жоқ. Кете бересің.

Көктемнің басында бір жерге қарауыл болып тұрдым.

Атшаптырым аймақты айналып қарап шығамын. Қасымда неміс овчаркасы бар. Сұмдық иісшіл. Алыстан келе жатқан кісіні қарасы көрінбей-ақ бірден біледі. Үйден өзім жеуге алып шыққан тамағымның жартысын соған беремін. Бұл дүниеде иттен адал, сенімді досты көрмедім. Әлгі овчарка мен үшін өлуге бар. Бірде таң алдында айнала қоршалған темір торды қиып, екі жігіттің өтіп бара жатқанын байқап қалдым. Жақындап келіп, неғып жүрген адамдар екенін сұрадым. Біреуі қолын сілтеген сияқты еді, басым айналып құлап бара жатқанымды бір-ақ білдім. Әлгілер мені өлтіріп жібермек екен. Ит арашаға түсіп, екеуін бірдей талап құтқарып қалды. Бірақ, өзі де мықтап жараланыпты. Осындай жанашыр пейіл білдірген адам болып па еді, менің өмірімде осы иттен басқа?!

Тұрақты айлық ала бастаған соң, нағашыма көп-көп алғысымды айтып, жеке шықтым. Бір бөлмелік пәтер жалдадық. Өз өзіміз оңаша ойнап-күліп, тамашаға батып, кереметке кенелерміз дегенмін. Құралайымның қабағы келіспейді, түнереді де жүреді. Бірдеңе айтсам дұңк ете қалады. Бұрынғы мол дүние, аста-төк тамақ, жақсы жағдайын, хабарласпай кеткен ата-анасын ойлайтын шығар деп жайылып жастық, иіліп төсек боламын. Мен қаншалық кішірейе түссем, ол соншалық шалқаяды. Жағдайды көріп отырып, орынсыз талап қояды. Түсінбеймін.

Адамның ешкіммен араласпай, қамалып үйде жалғыз отыруы жүйкеге әсер ететінін білетін едім. Құралайдағы мына мінез сол жағдайдан болар деп, жұмысқа тұр деп үгіттедім. Көпті көресің, сөйлесіп шер тарқатасың, айналаңа қарап көңіліңді бөлесін деп тілім жеткенше жеткіздім. Ол келісті. Алдында бір мекеменің үй сыпырушысы жұмыстан шығып кетіпті деп естігенмін. Бастықтың көмекшісіне өзім кіріп, «Орамалың болады»

деп жағдайымды айтып, келісімін алғанмын.

Жұмыс халатын пакетке салып, маңдайынан сүйіп, ақ жол тілеп жібергенмін. Үш сағаттан кейін көзін сулап қайтып келіп тұр.

-Не болды?-деймін ғой баяғы.

-Екіқабат екенсің, бізге ондай әйелдің қажеті жоқ,-деді.

-Шынында солай ма еді?

-Иә...

-Қашаннан бері?

-Екі айдан асты.

-Қасыңда жатқан мен білмегенде олар қалай білген?

-Дәрігерге жіберіп, тексеріп алды,- деп кінәлі адамдай төмен қарады.

«Бала адамның бауыр еті». Қандай еркек болмасын әйелінің жүкті екенін, өзінің ұрпағының өмірге келетінін естігенде қуануға тиісті емес пе?! Шынымды айтайын, мен сол сәтте қуана алмадым. Басымды қос қолыммен қысып, үйдегі жалғыз орындыққа отыра кеттім. Бөлмемізде жамылатын көрпе-төсек, ас ішетін ыдыс-аяқ жетпей жатқанда, шырылдап жас сәби тағы қосылса қалай боларын көз алдыңа елестетіп көр. Бірақ, «баланы алдырып таста» деп айтуға аузым бармады.

Күндер өте берді. Еңбек ақымды ептеп жинап, жеңіл-желпі тұрмыстық заттарды алған болдым. Алатын дүние көп-ақ. Құралайға салсаң бәрін бір күнде түгендеп тастамақ. Жасымнан жұпыны отбасында өсіп, қарапайым өмірге төселіп қалған мен, көп жерде қиындықтан жол тауып шығуды білемін. Құралай олай емес. Бүгін шайқап ішіп, шалқып жүріп, ертеңіне аш жатуға бар. Шаңырағымызға шарана келсе, керек болар, ойда-жоқта айлық берілмей қалса ашықпайық деп, азын-аулақ қаржыны артқа сақтағанды жақсы көремін. Қалта түбінің бос болмай, бірдеңенің білініп жатқаны көңілге

де демеу ғой.

Тіршілік тынымсыз жүріп жатыр. Кешкі кезегіме бармақ болып жинала бергенімде, Құралай ішін басып отыра кетті. Жүзі бозарып ернін тістеп алған. Қатты қиналғаны көрініп тұр. Толғақ қысқан әйелдің іші ауыратыны белгілі. Сол шығар деген ой келді. Өзі «әлі екі жетідей уақытым бар» деп жүрген.

Көшеге жүгіре шығып, таксофоннан «Жедел жәрдемге» телефон соқтым. Күткенде келіп бола ма? Қайта-қайта сыртқа қараймын. Сағат та сыртылдап «жұмысқа баратын кезің болды» дегендей шымшылайды. Кешігетінім жайлы ешкімге ескертпегенмін.

Бір кезде "Жедел жәрдем" де келді-ау. Көрді, тыңдады. Оны-мұны сұрады да «перзентханаға алып кетеміз» деді. Оны қалай жалғыз жіберемін. Сол жақтан таксилетіп жұмысыма жетермін деп «Жедел жәрдемге» бірге міндім. Құралайды қабылдап алып, қарап шыққан дәрігір «бүгінше осында болады, тексереміз, сіз қайта беріңіз» деді маған. Енді көрінген көліктің артынан қуайын келіп. Біреуі басқа бағытқа бара жатқан болады, екіншісі жолы қиын деп жалтарады. Көп айтып қайтейін, бір таксиді жылағандай болып тоқтатып, төрт есе ақшасын беріп жұмысыма жеттім-ау. Сағатқа қарасам бір сағатқа кешігіппін. Менің алдымдағы кезектің адамы алдымнан шығып, өлікті естіркендей бастық шығарған қатал бұйрықты хабарлады. «Ешқандай ескертусіз жұмыстан кешіккені үшін қарауылға жіберілмесін» депті.

Басым салбырап, есі ауысқан жандай мәңгіріп үйге қайттым. Ішім жанып барады. Не істерімді білмеймін. От болып өртенген кеудені арақпен сөндіргім келеді. Бірақ, бұған дейін оны аузыма алып көрмеппін.-ау. Ешкімнің көзіне көрінбей асылып өлсем қайтеді? Анау бейкүнә сәбиімнің жүзін көрмей кете бермекпін бе сонда. Жоқ.

Ертеңіне перзентханаға барып ұлды болғанымды білдім. «Ұрпақ, ізбасар, атұстар» деп қазағымның қалпағын аспанға лақтырып, шаттанатын шағы осы кез. «Шекесі торсықтай, шаңырағыңа тірек болатын ұлдың әкесі атандыңыз» деп ақ халатты абзал жандар жаппай құттықтап жатыр. Қалтама салып шыққан ақшамды, жақсылық жоралғысы деп олардың алақанына бастым. Бірақ, өзімнің көңілім әлем-жәлем. «Мына байғұс балалы болған қуанышынан есін жия алмай қалды-ау» дегендей олар бетіме бажырая қарайды.

Басқаның не ойлап жатқанында жұмысым қанша. Ертеңгі күнім не болады? Жұмыссыз қалғанымды Құралайға қалай айтамын? Осы сауалдар санамды жаулап алып, жүрегімді тілім-тілім етуде.

Өмірімнің қаражолақ кезеңі басталды. Талай есікті қағып, табалдырығын тоздырдым. Жұмыс жоқ. Біреуге өзім, екіншісіне көзім, үшіншісіне сөзім жақпайды.

Менің мінезім де мінсіз емес. Үнемі тар жол, тайғақ кешуден өтіп келе жатқан соң жүйкем сыр берген. Артық сөз айтып, абыройымды ластаған кісіні, жұлып жеп қоя жаздаймын. Талағым тас жарылып, аузыма келген сөзді ақтарып айтып тастаймын. «Тым дөрекі екенсің, сендей адамның бізге қажеті жоқ» деп шығарып салады. «Жаным – арымның садағасы» деген еді ғой аталарымыз. Арымды таптатып, өзімдей адамның табанын жалап қалай күн көрмекпін. Адамға өмір бір-ақ рет берілсе, оны сол биік қалпымда тік тұрып, иілмей өткізгенім жөн ғой.

Аздап жинаған ақша да таусылды. Қарыздана бастадым. Үйлердің арасындағы дүкендердің иелері бізді таниды. «Қарызға ала беріңдер, кейін берерсіңдер» деп әзір меселімізді қайтармай тұр. Бірақ қарыздың да қайтарымы бар емес пе?

Өмірі біреуге бір теңге қарыз болып көрмеген басым, осыны ойлағанда жер басып жүргім келмейді.

Дастарханға қол созып аузыма салған нанның өзі, жұтқыншағымнан әрі өтпей, тұрып қалатындай болады. Желкеме бір жексұрын міниып алып, «қарызды қайтар!» деп қақсап тұрғандай түнде шырт ұйқыдан шошып оянамын. Шарасыздық шаршатты әбден.

Бәрінен бұрын ай сайын беретін үйдің төлемі мен коммуналдық қызмет құны қинай бастады. Пәтер иесі бір-екі рет келіп, жер тепкілеп кетті. «Сатып беріңдер» дейтіндей бізде дүние-мүлік те жоқ.

Бірде Құралайдың құлағындағы алтын сырғаға көзі тұманданып, көп қараған. Мен жоқта «екі айдың төлемі үшін» деп, Құралай соны ұстатып жіберіпті. «Өзім құлағымнан алып бердім» деген еді маған. Байқаймын, әлгі оңбаған еріксіз жұлып алған сыңайлы. Құлағының ұшы жырылып, қанап тұр. Шындықты айтпағаны, менің жанымды тағы да жаралағысы келмегені шығар деп ойладым.

Мен пәтер жалдап тұрған осы маңда алты-жеті бес қабатты үй бар. Оларда үш мыңға жуық адам тұрады. Сол көптің ішінде кімдер жоқ дейсің. Үлкен кеңседе, биік креслода шалқайып отырған бастықтар да, бизнесі жақсы жолға қойылып, тұрмысы түзелген шала байлар да бар. Олардың жүріс-тұрысы, киім киісінен-ақ қалай тіршілік жасайтыны танылады. Есіктерінің алдында шетелдік машина. Подъезден шіреніп шығып жатады. Кейбірінде екі көлік қатарынан сап түзейді. Қожайыны біреуін міниp бара жатса, әйелі екіншісіне міниp, базарын аралайды. Олардың балаларын да басқалардан бірден ажыратасың. Үйінен мектебіне бет алғанда ұялы телефондарымен достарына звондап, «біздерде мынадай бар» дегендей айналасына маңғаздана көз тастайды.

Қазір мен осындай үйлердің алдын сыпырып жүрмін. Әлгідей байлар мен бастықтардың әйелдері қайыршыға ұсынғандай айына 200-300 теңгеден береді. Бұл менің

адал еңбегім ғой. Қорлануға, намыстануға бола ма, аламын.

Күн сайын жейтін нанымды осындай еңбекпен тапсам еңсем көтеріліп, бойым биіктеп қалады. Оның өңештен өтуі де оңай. Мен тазалап жүрген аймақ осы жердегі барлық үйге ортақ болғанымен, біразы ақша төлемейді. Кейбірінің жағдайы да келмейді, білемін. Ал, күйі бола тұра бермейтіндерге не айтасың. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» дегендей. Осы аз ғана уақыттың ішінде, осы жасымда талай таукыметті тарттым. Кеудесі қара күйеге толы кесапат кісілерді де көрдім. Оларды жөнге салып, нілдей бұзылған ниетін қалпына келтіруге күшім жетеді ме? Әрине, жоқ.

Тұрмыстағы тапшылық адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына да, мінездеріне де әсер етеді екен. Қазір Құралайдың мінезі ит сияқты. Бетіне қарасаң арс ете қалады. Түнде оянып, бала жылайды. Оның мазасызданатыны анасының сүтіне мейірі қанбағандықтан екенін ішім сезеді. Ал, сүті молаю үшін тәтті де құнарлы тағам жеуі керек. Ондай асты мен тауып беріп отырмын ба? Айналып келгенде, таяқтың тағы бір ұшы маған келіп тиеді. Жылаған баланы жұбату ананың міндеті бола тұрса да, мол тамақ, киім тауып бермеген кінәмді жуып-шаю үшін шырқыраған сәбиді қолыма көтеріп, қараңғы бөлмеде селкілдетіп жүргенім. Қарны ашқан бала менің қозғағанымды қайтсін. Емірене емер емшек іздейді-ғой.

-Тумай жатып, бәрін жұтатқан бәле, үнің өшпейді екен,-деп оны менің қолымнан жұлып алып, тас үйдің қабырғасын қаусатардай қарғысқа толтырды. Ту сыртымнан пышақ сұғып алғандай қалшылдап қоя бердім. Неткен катігездік! Ауыз өзімдікі деп, осындай өрескел, сұмдық сөзді айтуға болады ма екен. Біз де жетім-жесір отбасы болғандықтан, жұпыны тұрмыс

кештік. Үлкенімізден қалған киімді кейінгіміз киіп жүріп жетілдік. Бірақ, анамыздың аузынан әлгіндей сөздердің бірін де естіген емеспін.

Сәбидің жазығы не? Ол осынау азабы да, мазағы да мол өмірге еш күнәсіз ақ, пәк күйінде келді ғой. Жер бетінде ғасырлар бойы тынбай келе жатқан айтыс-тартысқа, аш-жалаңаштыққа, арамдық пен адалдыққа оның араласы жоқ қой. Бұлай болса, баланы балағаттамай-ақ, жиналған ащы запыранды, неге менің бетіме былш еткізіп ақтара салмайды. Соны да түсінбегені ме?

Жалпы, осы Құралайдың мінезіне миым жетпей барады. Жігіт деп мені таңдады. Еркек деп етегімнен ұстады. Адам деп абыройымды сыйлады. Азамат деп арқа сүйеді. Сүйіктім деп сабырыма шақырды. Оның бәріне де рахмет! Мен де оның үкілі үміті мен салиқалы сенімін ақтайын деп шырқырап жүргенім жоқ па?! Рас, жоғары білім ала алмадым, жағдай болмады. Қолтығымнан демеп, қатарыма қосып жіберетін әкем тағы жоқ. Құдай қоймады. Бизнес бастап, шамашарқымды байқайтындай, оған батылым жетпеді. Адам өзіне-өзі жаулық жасамайды ғой, алдымнан шыққан кедергілерді мен тілеп алыппын ба? Көріп, біліп отырғандықтан, мені ол түсінуге тиіс емес пе?! Жанымыз ортақ, жүрегіміз бір деп уәде байластық қой. Махаббат пен сүйіспеншілік жаның жадырағанда жүрегіңе қонып, көңілің қобалжығанда ұшып кететін құс емес шығар. Төбеңде күн тұрғанда пайда болып, аспанды бұлт басқанда іздеп таба алмайтын көлеңке емес ол. Ол – адам өле-өлгенше сөнбейтін сезім, өшпейтін от, күйремейтін құдіретті күш. Ол – ерлі-зайыптылардың арасындағы қиындықта шыңдалып, шыныға түседі. Ол – суықта жылытады, ыстықта самал болып сергітеді, аштықта қуат болып бойыңа құйылады, азапта қиындықты жеңуіңе жігер береді. Талай тағдыр тәлкегіне түскен жандар осы

махаббат құдіретін мұрат тұтып бостандыққа шыққан, өлімнен аман қалған, сүйгеніне қосылған. Ал, мұндай сынаққа шыдамай, шөлмектей сынған сезімді махаббат деп есептемеймін. Ол есірік күй ғана.

Қолымда сыпырғыш, биік үйлердің арасын тазалап жүріп осындай ойларға берілемін. Менің ішімде қандай қазанның қайнап жатқанын кім білсін. Күн сайын жанымнан ондаған адам өтіп жатады. Біреулері жұмысына асығады. Тағы біреулері баласын жетектеп, бала бақшаға бет түзейді. Ұйқысын қимай жылаған баласын жұбатып, қолына конфет ұстатып қояды. Менің де балам бар. Ол жыласа Құралай не береді? Жүрегім шым ете қалды. Әлгі бала жетектеген келіншек менің сүзіле қарап қалғанымнан сезіктенсе керек, тез бұрылып, үйді айналып кетті. Жас та жалынды жігіттің көше тазалап жүргеніне күліп бара жатқан шығар. Базарда қаншама жастар арба сүйреп, нәпақа тауып жүр. Оларға ешкім күлмейді, ә? Бүгін көше тазаласам, ертең кемеріме келермін. Мен де балапанымды бала бақшаға берермін.

Өмірдің өз өлшемі бар. Ол уақыт тезінен өткізіп, бәрін өз орнына қояды. Менің басымдағы мына сұрғылт күндер де сарқылар. Сонда кімнің-кім екені танылар.

Дауылдан кейін теңіз толқыны талай шөп-шаланды жағаға шығарып тастайтыны сияқты, табаны тайғақтар ұлы жолдан ысырылып, шығып қалар. Ал, тиянақты, өзіне сенімді сергектері менімен бірге болар.

Сол күнді күтейінші. Үмітімді үзбейінші.

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Зұлымдық

Менің Анатолиймен көрші тұрғаныма оншақты жылдың жүзі болды. Тік мінезді, түрі сұсты, ешкіммен араласпайтын, әсіресе, көршілерінің біреуімен қатысы жоқ кісікиіктеу адам. Айтпақшы, кейін білдік, оның есімі тіпті де орысша емес екен. Ата-анасының азан шақырып қойған аты –Анарбек. Орысша оқып, көбінесе орыстармен қызметтес болғандықтан Анарбек деген аты өз-өзінен жоғалып, Анатолий атанып кете берген. Заң орындарында қызмет істейді деп естігенім болмаса, нақты қай жерде, қандай қызметте екенін білген емеспін. Ерте кетіп, кеш келіп өз-өзінше, оқшауланып жүрген біреу.

Соңғы кездері Анарбекті жұмыс күндері де, ауладан жиі көріп қалатын болып жүрмін. Сөйтсек, зейнеткерлікке шыққан екен. Өмір бойы қызметте болған адамға үйде отыру қиын ғой, үйге сыймай кетеді. Сосын жиі далаға шығып, айналаны аралап уақыт өткізген болады.

Бір күні ауладағы орындықта кітап оқып отыр едім.

-Күн күйіп кетті ғой. Қалай, демалып отырсың ба, көрші,- деген сөзге жалт қарасам, ешкіммен бас изесіп көрмеген көршім Анатолий-Анарбек жақындап келеді екен.

-Сәлеметсіз бе?- деп орнымнан тұрып қолын алдым. Сірә, көршілердің ішінде ол кісімен қол алысып, амандасып тұрған тұңғыш адам мен шығармын. Ол қасыма келіп жайғасты. Менің таңданысымды, ішімде қандай сауалдар жатқанын оқып білгендей, сөйлей жөнелді. Жоқ, біз ойлағандай аузын буған өгіздей мылқау емес екен. Тіпті, сөзуар, шешен десе де болады.

-Інішек, қызмет бабымен жүріп көршілер тұрмақ, ағайын-туыспен де араласуға мұрша болмай кетті. Мені бәрі кәпір, орыс болып кеткен деп тізімнен шығарып тастаған. Менің сыртым ғана орыс,ал жан-дүнием нағыз

қазақ. Бәріне қызмет бабы әсер етті. Өмір бойы заң орындарында жұмыс істедім. Ал, онда қазақшылық, тіпті әдеттегі жағдай жүре бермейді. Сенің қазақшылығыңның құны-бір тиын. Онда барлық нәрсені жоғарыдан түсетін нұсқау, қалтаға түсетін ақша билейді. Ал, ақша, онда да арам ақша жүрген жерде адамгершілігің мен қазақшылығың адыра қалады. Баяғы әңгімелерді былай қояйық. Алдыңғы күні көшеде кетіп бара жатыр едім, сақыр-сұқыр дыбысқа жалт қарасам, екі жеңіл машина соғысып қалыпты. Қараймын, көнетөз «Москвич» өз орнында тұр. Ал оны алдынан келіп соққан «иномарка» қарсы жолға шығып кеткен. Одан түсе салған дәу әлгі «Москвичтің» жүргізушісін жеп барады. Иманжүзді біреу екен. Сол жерде тұрған бір кісі: «Жігітім-ау, сенікі дұрыс емес қой, ол өз жолында тұр, ереже бұзған жоқ қой» деп еді, әлгі дәу: «Не, сені де басып өтейін бе? Аузыңды жауып, аулақ кет!» деп төне беріп еді, анау тайсалақтай берді.

«Иномарканың» жүргізушісі ұялы телефонмен сөйлесіп жатты. Көп кешікпей тағы үш «иномарка», МАИ жетіп келді. Дереу тексерген болып жатыр. Оншақты минуттан кейін МАИ капитаны «крутойларға» құрмет көрсетіп, шығарып салып, «Москвич» иесінің бар құжаттарын сыпырып алды да, өзін далаға тастап, машинасын бөлімшеге алып кетті. Түсіндің бе,ол кінәлі болып шықты.

Мұндай жай менің басымнан да өткен. Бірде бастығымыз жаз бойы саяжайда істейтін адам тауып бер деді. Өзім білетін кезбелер мен шарамыгаларды іздестірдім. Біреуі жұмыс істей алмайды, қалтырап-дірілдеп әрең жүр, енді біреуі берекесіз, қасында отырмасаң, қашып кетеді. Бәрі сондай, әйтеуір адам санатында жүргендер. Содан жұмысқа шамасы бар-ау деп, базарда арба сүйретіп жүрген бір қырғыз жігітін көндірдім.

-Күнге күйіп, алаөкпе болып жүргенше саяжайда бол.

Көленке, жеміс-жидек мол. Бастықтың саяжайы. Қарның ашпайды, жақсы төлейді. Бар істейтін жұмысың он сотық жерді суарып, бақшаны күтесің,- деп алып келдім.

Өзі де жұмыс десе өліп тұрған біреу екен, келе іске кірісті. Бастықтың саяжайы екі қабатты, кірпіштен салынған. Сыртқы дуалы мен қоршауы биік. Үйінің есік-терезелері мықты, бәрі темір тормен қоршалған. Ол мұнда оқта-текте көңіл көтеруге ғана болмаса, келе бермейді. Бұрынғы күзетшісі қашып кетіпті. Енді міне, мен жаңасын әкеліп отырмын. Әрине, оның жатар орны әлгі хан сарайындай екі қабатта емес. Бақшасының аяқ жағында қора-жайлар бар. Бірақ, басекең онда мал не құс ұстап көрген емес. Дәлірек айтқанда бір құрылыс мекемесіне ақысыз-пұлсыз соқтырып алды. Әлгі жігіт сол қораның күзетшілерге арналған бөлмесіне орналастырылды. Жабдықталаған деген аты ғана, әйтпесе онда қайбір салтанат бар дейсіз. Темір пеш, ағаш сәкі мен қолдан жасалған тақтай үстел. Ескі көрпе-жастық, көнетоз ыдыс-аяқ қана. Бір аптадан кейін нан-панын, азық-түлігін алып барсам, бақшаны танымай қалдым. Бір талын қалдырмай арамшөптерін жұлған. Арық-атыздарды қайтадан жаңалапты. Аяқ жақтағы шашылып жатқан қоқысты тазалап, бәрін мұнтаздай етіп қойыпты.

-Ішім-жемің тегін. Айына елу мың теңгеден ақша беріп тұрамыз. Тек бақшаны күтіп ұста. Жеміс-жидекті де сатуына болады. Бәрібір бастықтың кербез бәйбішесіне олардың қажеті жоқ. Жалпы, бұл саяжайдың да қазір оларға түкке керегі жоқ. Болуы керек болған соң салдырған да. Ұқыпты бол,- дедім.

-Аға қам жемеңіз,- деді қырғыз жігітім. -Мен шаруа отбасында өскен адаммын. Жастайымнан жер тырмаладым. Біздің қырғыздар да қазақ сияқты жерге ұқыпсыздау ғой. Бірақ, қазақтардан гөрі пысықпыз, жердің қадірін білеміз. Бақшаны әлпештеп отырамын,- деді ол.

-Қазақшаға онша жоқ екенсің. Жергілікті жердің адамы еместігің көрініп тұр. Мұнда қайдан жүрсің?-деп әңгімеге тарттым.

Менің мұнда кешеуілдеп келуімнің бір өзгеше себебі бар. Мен бүгін қырғызға азық-түлік қана емес, бастығыммен бірге біраз көңіл көтеруге де келгенмін. Бағана келіскенбіз. Мен бұл жақта дайындала беремін, басекең күн бата келуі керек. Елуден асып бара жатса да біздің бастықтың желігі басылмаған, жігітшілігі мықты кісі. Біраздан бері жаңа хатшы қызға көзін сүзіп жүр еді. Енді оның ыңғайын тапқан болуы керек, бүгін сол қызды осында алып келмек. «Сен де құр қалмассың, Алмашкаға тапсырдым, қасыңа жақсы бір подругаңды ерте шық деп. Так что, дайындал, жігітім. Бүгінгі түн есте қаларлықтай болуы тиіс» деген. Бастық айтты – заң. Үйге звондап қойдым: «Тергеу ісіне байланысты шұғыл Шымкентке жүргелі жатырмын, бүгін орала алмайтын шығармын» деп. Біздің әйел мұндайға әбден үйреніп кеткен ғой, лəм-мим деген жоқ. Өтірігіме имандай сенді. Енді міне, бастықты күтіп, мына қырғыз жігітімен уақыт өткізіп отырмын.

-Е, аға, қайдан дерініз бар ма,- жел қуған қанбақтай біреумін де. Мына қырғыз Таласының тумасымын. Ол жақта тіршілікк қиындап кетті ғой. Сосын әйеліміз екеуміз сауда жасауға Таразға келгенбіз. Мен көк-сөк саттым, әйелім Алматыдан киім-кешек әкеліп сатты. Қолымызда 12-13 жасар ғана қызымыз бар. Біраз уақыттан кейін есімізді жидық, қор жинап алдық. Бір өзбектің екі бөлмелі жаппа тамын жалдап тұрып жатқанбыз. Әйеліммен бірге ертемен базарға кетемін. Түнде бір-ақ ораламын. Қыз оқуды қойған, шешесіне көмектеседі. Бірақ, байқаймын, әйелім соңғы кезде өзгеріп барады. Қап-қара болып күнге күйіп кеткенімен шаруасы жоқ, беті-басын бояп, шашын сəндейтінді шығарды. Кейде арақтың иісі мұңкиді. «Мұндайларыңды қой» десем, «күні бойы шаңқиған күн

астында тұру оңай деймісің, шаршағанымды басады» дейді. Бір күні базарда полицейлер жаппай тексеру жүргізді. Төлқұжатымды алып келейін деп түске таман үйге келсем, масқара, әйелім қап-қара өңкиген біреумен арақ ішіп отыр...

Бұл әйелімнің теріс жолға түсуінің басы екен. Ол бұдан кейін түзеліп адам болудың орнына, мүлдем үдетіп кетті. Енді жасыруды да қойды. Әйелі бар, еркегі бар қолдарына түскеніне ақ болсын, қызыл болсын алып ішеді де, ырду-дырду, ұрыс-төбелес... Ақыры, бұл топтан әйелімді алып шыға алмадым. Әйел бұзылмасын, ол бұзылса морт кетеді, қайтадан қалпына келуі қиын. Менің де әйелім қанғыбас болып кетті. Сосын қызымды елдегі жамағайындарға апарып тастадым. Өзім үйсіз-күйсіз, күнделікті тірлікпен ғана жүрмін. Қазір менде әйел де, бала-шаға да, арман – мақсат та жоқ. Тек бүгінгі күніммен ғана өмір сүріп жүрмін,- деп мұңайды қырғызым.

Іштей аяп тұрмын. Бірақ, мұндай бейшара күн кешіп жүргендер қаншама. Олардың қайсыбіріне жаның ашымақ. Ол бейбақтарды аяп қана қойғаннан басқа шара жоқ.

Қасқарая бастық келді. Оған дейін зал, ас бөлме мен жатын бөлмені Хамитке сыпыртып, жудырып айнадай қылып жарқыратып қойғанмын. Бастық мінген «иномарка» бірден аулаға қойып кетті. Дарбазаны жауып алдық. Рөлде бастықтың өзі, шофер алмапты. Сырт көзді көбейтпейін дегені ғой. Бастықтың қасында бұрыннан таныс хатшы қыз, ол бүгін тіпті құлпырып кетіпті. Қысқа юбкасынан толық саны, ақ балтыры көз қариды. Өзі бөкселі де екен. Жұқа кофтасынан тырсиған кос анары менмұндалайды. Қыз емес сурет дерсің. Сурет болғанда қас шебердің қолынан шыққан нағыз туынды дерліктей. Ал ерте келген екіншісі де сорлы емес. Отыздарға жете қоймаған, ол да мүсінді. Бір адам қызығарлықтай кескін-кейпі бар. Оның үстіне мінезі де ашық, көпшіл көрінді маған. Алдымен танысып алдық.

Мұнан кейін басекең екі қызды ертіп, шаруашылығын, бау-бақшасын көрсетуге кетті де, біз Хамит екеуміз үстел әзірлеуге кірістік. Мұндайда тамақ пісіріп, әзірлеп жатпайсың ғой. Басекең бәрін дайын күйінде ала келіпті. Қуырылған балық пен тауық, пісірілген қазы. Жемістің небір түрі бар. Әрине, арақ-шараптың ең жақсы түрлерінің барлығы өз-өзінен белгілі. Мыналарды көріп Хамиттің көзі жайнап кетті.

-Япыр-ау, төрт адам үшін ғана осынша азық-түлік алғансыздар ма? Мынау бір ауылдың адамын жиып, той жасауға жететін нәрсе ғой,- деп таңданды.

Дереу үстел үстіне қажеттерді орналастырдық. Хамитке де мол етіп ішіп-жейтін ас-ауқат беріп, шығарып жібердім де, аналарды үйге шақырдым. Бұрала басып екі қыз, оларды қолтықтап, қолпаштап басекең үйге кірді. Дастарханды көріп:

-О, Анатолий, мынауың тамаша болды ғой, күні бойғы жұмыстан кейін оңашада, көңілді ортада отырып, алаңсыз ішіп жегенге не жетсін! – деп қыздарды отырғызды. Өзіміз де жайғастық. «Бір ғұлама айтқан екен» деп жалғастырды әңгімесін басекең. –«Адам өмірге ішіп-жеу үшін келмейді, өмір сүру үшін ішіп-жейді» деп. Біздің мақсатымыз да ішіп-жеу ғана емес. «Адам баласының асыл мұраттары, алға қойған армандары бар. Біз үнемі соған ұмтыламыз. Биіктерден көрінуге тырысамыз. Ол үшін ұзақ уақыттар керек. Сол армандарға талмай жету үшін өзімізді қуаттандырып, күш-жігер беріп отыруымыз керек. Ондай күш-қуат пен күш-жігер жағымды ас, қасыңдағылардың ыстық ықыласы, бір-бірімізге деген мейіріміз бен пейіліміз арқылы ғана пайда болады. Сондықтан сыйластығымыз мол болып, бір-бірімізді құрметтеудің мәні зор»,- деді. Одан әрі сауық-сайран жалғаса түсті.

Осылайша саяжайға оқта-текте келіп тұратын болдық. Қасымызда Алмаш пен Сәния. Олар бұрынғыдай емес,

енді осы үйдің әйелдеріндей болып кетті. Үстел жасайды, үй тазалайды, бізге қызмет етеді. Бұл қыздарға біз де қызмет жасадық. Бастық Алмашты бөлімге ауыстырды. Жалақысы жоғары әрі өз қалтасынан да беріп тұрады. Сәнияны мен де жақсы жалақылы жерге орналастырдым. Бизнеспен айналысам деді. Несиеге ақша, орталықта өзіме ісі түсіп жүрген біреуден өте арзанға шағын дүкен алып бердім.

Бір күні мені бастық шұғыл шақыртты.

-Қиын жағдай болып қалды,- деді. – Не жетпейді екен, әлгі менің әңгүдік балам жылқы ұрлап, колға түсіпті. Әзірге құжаттары жасалмай тұрғанда істің бетін бері бұру керек. Жылқы иесі өте даукес, сенері мықты кісі болуы керек, өзің ал істі қолға. Барлық оқиға саяжайда болыпты. Жылқыны сол жерде сойып жатқанда қолға түскен-ау. Балам қашып кетіпті. Анау қырғызды көндіріп, «құрбандыққа шалу» керек болатын шығар...

Салып ұрып саяжайға келдім. Мал иесі, учаскелік инспектор, Хамит, тағы екі-үш адам бар. Жылқыны жабық қора ішінде сойғызыпты. Хамиттің киімі қан. Инспектормен, мал иесімен, Хамитпен жеке-жеке сөйлесіп, құжат толтырдым. Сосын мал иесіне әңгіменің ашығын айттым. Бірақ анау қыңар емес.

-Бір жылқыдан мұртым да қисаймайды, бірақ малымды ұрлап басынғаны өтіп барады. Кінәліні жауапқа тартқызбай қоймаймын,-деп ол қайтпайтынын айтты. Айыпқа ақша ұсындым. Алмады. Содан соң жарайды деп тергеуді өз жауапкершілігіме алдым. Бастықтың баласымен сөйлесіп көріп едім, ол жарытып ештеңе айта алмады. «Мас едім, қорада тұрған жылқыны көріп, білдірмей алып келдік. Хамитке сой деп тапсырма беріп, өзіміз тойлап жатыр едік, қуғыншылар үстімізден түсіп, біз қашып кеттік» дейді. Хамитті жауапты етіп шығарудан басқа амал қалмады. Оған да әңгіменің ашығын айттым.

-Жылқыны бала алып келгенімен, оның ұрлық мал екенін біле тұра сойған соң, бұл қылмысқа сенің де қатысың бар. Бұл «групповой»қылмыс болып шығады. Статьясы да өте ауыр. Саған да бес жыл тиіп қалады. Одан да бар жауапкершілікті өз мойныңа ал. Сенің жағдайыңды, бейшаралығыңды, бұрын қылмыс жасамағыныңды ескереді де бір-екі жыл-ақ береді. Көп ұзамай одан да құтқарып аламыз.Бәрібір өзің сезіп жүрсің ғой, бастықтың баласы құтылып кетеді,- деп бар жақсылықты үйіп-төгіп әрі үрейлендіріп оны көндірдім.

Көп ұзамай сот болды. Жылқыны ұрлаған Хамит болып шықты. Дегенмен, оған неғұрлым жеңіл жаза қолдану шараларын жасадық. Сонда да екі жылға сотталып кете барды. Ал, сотта бастықтың баласының аты аталған да жоқ. Міне, бауырым, адам тағдырымен ойнау бақуатты, лауазымды адамдар арасында бола береді. Оларға адам да, шыбын да бір. Өз қамы үшін бәрін де таптап жүре береді.

-Япыр-ай, ә, обал болған екен әлгі қырғызға,-дедім мен. –Бастығыңыз кейін көмектескен шығар?

-Қайдағы. Ұмытып кетті. Бірақ мұның аяғы бастығым үшін аянышты аяқталды. Жалғыз Хамит емес, талай адамның көз жасына қалды. Талай жазықсыз адамды соттатып жіберді. Кісі наласы жаман ғой. Әлгі оқиғадан кейін бастығымның баласы мас күйінде машина айдап келе жатып, аударылып қайтыс болды. Ал, өзін бір жылдан кейін ерегіскен біреулер атып кетті. Сірә, қылмыскер табылмайтын шығар. Өйткені, өзінен шені жоғарының жасаған қылмысын ашамын деу құр әурешілік. Босқа өзің күйіп кетсің,- деді көршім, бұрынғы тергеуші Анатолий-Анарбек.

-Қиын екен, - деймін мен. - Сонда қолында билігі бардан сескену керекпе. Көпекөрінеу адамды сатып кету нағыз хайуандық емеспе. Олар заң алдында жауап бермей ме?

-Ардан гөрі оларға лауазым, ақша қымбат. Бұл үшін әкесін де аямайды. Нағыз қорқаулар өмірі бұл, жырткыштар тірлігі. Мынандай да бір оқиға болды. Мектеп-интернаттың бір баласы бокстан үздік шықты. Бас-аяғы екі-үш жылда республиканың, одан Азия ойындарының чемпионы болды. Ал оның салмағында аса лауазымды бір шенеуніктің де баласы бар болатын. Әлгі интернаттың баласы үнемі оның жолында тұрды, жеңіске жеткізбеді. Бірақ, қалай да шенеуніктің баласын алға шығару керек болды. Бұл үшін интернат баласын қатардан шығару керек. Оның ретін де оп-оңай келтірді. Бір күні жаттығудан келе жатқан баланы екі полицей тоқтатты. Дерсу қалтасын, сөмкесін тінтті. Сөмкеден пакет ішіндегі бір түйір нәрсені тауып алады.

-Мынаны қайдан алдың? – деп зіркілдейді.

-Бұл не ағай? Менікі емес, менде бұндай нәрсе болған жоқ,- дейді.

-Қарашы, аңқау бола қалуын,- деп полицейлер сол жерде көшеде кетіп бара жатқан екі орыс әйелін тоқтатып:

-Мына баланың сөмкесінен есірткілік заттар табылды. Протокол жасаймыз, сіздер куә болыңыздар,- дейді.

Екі орыс әйелі өз көздерімен ештеңе көрмесе де, полицейлердің сөзіне еріп, баланы қорғаудың орнына:

-Бұларды бәрі нашақорлар, мұндайларды соттау керек,- деп шаптығып шыға келеді.

Құжат жасалады. Чемпион баланы бөлімшеге алып кетеді. Тергеу де, сот та жедел болады. Бала бір жылға сотталып кете барады. Ал бір айдан кейін Ресейде халықаралық жарыс болатын. Оған әлгі жалғыз салмақ бойынша жалғыз жолдама, сотталып кеткен чемпион балаға тиесілі еді. Енді оның орнына шенеуніктің баласы жарысқа кетті. Бірақ, жолы болған жоқ. Жүлделі орынға да іліге алмады. Көрдің бе, бастықтың баласын алға шығару үшін талантты бір баланың бағын байлады. Тағдырмен

осылай да ойнайтыны бар. Оларға ел тағдыры, халық мүддесінен гөрі жеке бастарының беделі әлдеқайда артықтау.

-Небір жантүршігерлік оқиға болып жатады екен-ау. Қандай аянышты.

-Аянышты болғанымен ондайлар күн сайын кездесіп жатады. Қоркаулардың заңы бойынша олардың алдына шықпау керек, ешкімнің беделі олардан артпауы керек. Көзге түссең, олардан биіктей бастасаң қалпақтай ұшырады. Мынадай бір оқиға болды. Депутат сайлауының қарсаңы болатын. Бір округтан сегіз кандидат. Алыпбай деген болды. Алыпбай десе Алыпбай-ақ. Нағыз алпауыт болатын. Өзінің әйелінің, нағашы-жиенінің дегендей, туыстарының атына тіркеп, жекешелендіріп алған жүздеген гектар жері, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары, бүкіл бір базары болатын. Кандидатымыздың бірі осы кісі. Әрине, оған керегі депутаттың жүз мың теңгесі емес, олардың құны Алыпбай үшін көктиын. Депутаттың алатын жүз мыңын ол бір-ақ күнде тауып алады. Оған керегі атақ, даңқ. Сонау биік мінбеден өтірік көсем болып ақыл айту, халық қамын ойлау. Бірақ ол биікке жету де оңай емес. Әлгі жеті қарсыласыңды жеңуің керек, олардан беделің артық болуы тиіс. Ал дүние-мүлік асып-төгіліп жатқанымен, Алыпбайларыңның халық арасында жыртық шұлықтай да беделі жоқ. Сондықтан да бәрін сатып алуға, тартып алуға тура келеді. Оның негізгі екі қарсыласы бар. Біреуі Бектен. Ол да бақуатты әрі ел ішінде сыйлы, абыройлы. Халықты соңынан ерте алатын құдіреті бар. Екіншісі Секен. Ол да өзі сияқты. Бүкіл дәріхана, мейрамханалар жүйесін уысында ұстап отырған, мыңдаған ірі қарасы бар, дес берместің бірі. Басқалары кәкір-шүкір, фанаттар. Олардан қауіп жоқ. Міне, сондықтан да әлгі екеуінің алдын-алу керек. Қалай? Секеннің ешқандай ымыраға келмейтіні анық. Алдымен Бекті жолдан тайдырмақ

болды. Адам салдырды, қорқытты, акша ұсынды. Әйтеуір райынан қайтарды. Ал Секенге жасар айла жоқ. Осы округке қарайтын көрші ауданның азаматы. Анада барлық ауылда болып, ата-баба рухына бағыштап құран оқытып, құдайы тамақ беріпті. Ата-бабаны қастерлесе бұрын қайда қалған. Өзіне керек кезінде ата-бабаны еске ала қалыпты. Бұл ата-бабаны қастерлеу емес, қорлау емес пе? Оның үстіне барлық тұрғындарға шай, арақ таратыпты деді. Егер депутат болсам бәріңді жарылқаймын деген көрінеді. Аудан халқы да ол үшін дауыс беруге құлшынып отырған сияқты. Бұл деген үлкен күш. Сондықтан қалай да Секенді жолдан тайдыру амалын қарастырды. Ол үшін бір ғана айла бар-көзін жою. Оның барлық жоспары жасалады. Ақыры бір сәті түскен күні ол жоспарды жүзеге асырудың да орайы туады.

Секеннің Алматыға жүретінін бұлар өз жансыздары арқылы жақсы біледі. Ол «иномарка» машинасымен кетпек. Бұған қарсы Алыпбай алды-артында қорған қалқаны бар «Тайотаны» әзірлейді. Секеннің қашан шыққаны, қай жерде кетіп бара жатқаны киллер- «Тайотаға» хабарланып тұрады. Секен Қордай асуының бір бұрылысынан өте бергенде, қалқада аңдып тұрған «Тайотада» соңына түседі. Таудың бұралаң жолындағы бір сайға жете бергенде «Тайота» алдыңғы қалқаң темірімен «иномарканы» бар пәрменімен қағып өтеді. Жеп-жеңіл машина жел ұшырған қаңбақтай, сай ішіне ұшып түсіп күлпаршасы шығады. Секен тіл тартпай кетеді.

Алыпбайдың жолы ашылды. Сайлаушыларды сатып алудың бар айла-шарасын жасады. Ақыры дегеніне жетті. Аузы көпіріп, ел қамын ойлап сөз сөйлейтін болды. Ал, сол елді сорлатып отырған осы сияқтылар екенін ел де білді. Бірақ, олардың қолынан не келеді. Бұл зұлым заманның зұлматы,- деп ол әңгімесін аяқтады.

Қаңғыбастар

Қалалық орталық базардың кіре берісінде кәкүр-шүкір сататын бес-алты әйел отыр. Стаканға құйып арақ та сатады. Арзан, бір стаканы 25 теңгеден ғана. Соның арзандығына бола бұл маңды бір топ тобыр мекен еткен. Таң атпай кір-қоқыстарды аударып, көше-көшені кезіп бос бөтелкелер жинайтын әлгілер ыдыстарын өткізіп, әрқайсысы 70-80 теңге табады екен. Бұл олар үшін көп ақша. Күні бойы қызара бөртіп, ырду-дырду күн кешулеріне жетеді. Жетпей бара жатса тағы да бөтелке жинайды. Әйтеуір тамақтары құрғамайды. Бұлардың өмірлері де қызық. Бес-алтауы бас қосып, бір бөлке нанды қара суға жібітіп, бөліп жеп, бір үйдің адамдарындай шүйіркелесіп отыратындары бар. Не жетпейтінін кім білсін, енді бірде қырықпышақ болып, улап-шулап, қырқысып, шәт-шәлекей төбелесіп жатқандары. Олар жас талғамайды, іштерінде 20 жастағылары да, 50-60 тағылары да бар. Бірақ, бәріне ортақ нәрсе-киімдері сауыс-сауыс кір, сақал-мұрттары өсіп кеткен, шаштары ұйпа-тұйпа. Қаңғыбастар, бет-ауыздары кір қожалақ.

Солардың оңаша шыққан біреуін сөзге тарттым. Өмірлерімен таныспақ болып. Ол көнді, тек бір шарт қойды.

-Өзім және жолдастарым жайлы, жалпы өміріміз туралы бәрін айтып берейін, тек әңгімелескен әрбір сағаттан кейін бір стаканнан арақ алып беріп тұрасың,- деді.

Қуанып кеттім. Алдымен бір стақан арақ алып беріп, базардағы арзан асханалардың бірінен тамақтандырдым. Саябақтағы оңаша орындықтардың біріне отырып, әңгімелеспек болып келісіп едік, «тағы бір стақан алып берші, денем дірілдеп тұр» деді. «Әңгімеге жарамай қалмайсың ба?» деп күдік білдіріп едім, «жараймын,

қайта жазылып, жақсы сөйлесеміз» деп көндірді.

Міне, екеуміз оңаша отырмыз. Ол әңгімесін бастады, мен диктофонымды іске қосып, жазып алуға кірістім. Енді сол жазбаларды тыңдап көрейік.

Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей ауылдық жерде тәп-тәуір өмір сүріп жатыр едік. Сырттай оқып, институт та бітірдім. Бригадир, звено жетекшісі, бөлімше агрономы болып біраз жыл істедім. Есіктің алдында мал, үй ішіне жиһаз бітті. Ол бір кең заман еді ғой. Совхоз деген де нағыз береке болды. Ішім-жемнен тарығып көрмедік. Үйге машина-машина қауын-қарбыз, арпа-бидай түсіріп тастаймын. Өзіміз де қарықпыз, көрші-қолаң да қарық. «Береген қолым алаған» дегендей, өзгелерге де қарайласамын. Олар да борышты болып қалмайды. Бірі қойын, бірі шөбін, енді бірі отынын әкеп тастайды. Бәрі тегін. Тегін емес-ау, қазіргі тілмен айтқанда – бартер. Тіпті, соғым да осындай жолмен келеді. Ең әрі кеткенде арзан бағасына аламыз. Айталық, бір айлық жалақымыздың жартысы бір соғым алуға молынан жетіп жатыр. Қазір ғой бір айлық жалақыға соғым тұрмақ, бір қой да ала алмайсың. Қымбат бәрі, күйіп тұр.

Осылай ел қатарына қосылып, жақсы қызметім ескеріліп, енді совхоздың бас агрономы боламын деп талпынып жүргенімде, дүниенің астаң-кестеңі шықты. Кеңес Одағы тарады. Нарық деген бір пәле келіп, жағамызға жармасты. Не болып, не қойғанын білмей қалдық. Айналдырған үш-төрт жылдың ішінде қолында билігі бар жылпостар бүкіл малды, машина, тракторды, барлық байлықты жекешелендіріп алды. Тіпті, гараж, мәдениет үйі, мектеп, кітапханаларға дейін бұзып, қиратып, іске жарамды кірпіш, ағаш, темірлерін қалаға тасып, сол жақтан хан сарайындай үйлер салып жатты.

Сорлаған қарапайым халық. Жұмыс орындарының

бәрі қысқарып кетті. Жасымыз да, жасамысымыз да сенделіп қалдық. Алғашында бұрыннан қалған қорды, аздаған мал-мүлікті талғажу еттік. Бертін келе олар да таусылды. Жарық жанбайтын болды. Газ өшірілді. Радио-телевизорымыз құлаққа ұрған танадай. Ауыз судың өзіне зар болып қалдық. Ауылдың берекесі кетті. Жантәсілім етер алдында жатты.

Сол кезде шамасы барлар қаланы сағалап кетті. Онда да оларды қай нағашысы күтіп отыр дейсің. Әркім өз білгенін істеп, босқынға ұшырады. Біреуі сауда жасады. Енді бірі ешек болып базарда арба тартып, енді біреулері байекештерге жалданып, құл болып кетті. Қалада әйтеуір ауылдық жерлердегідей, бір үзім нанға зар болып қалмауға болады екен. Күнделікті қалтаңа бұйырған тиын-тебен түсіп тұрады. Ал, ақшаң болса аштан өлмейсің, бәрі табылады.

Үйдің берекесі кеткен соң мен де қалаға қарай жылжуды ұйғардым. Енді ауылда үміттенетін ештеңе қалмап еді. Бәрі қирап бітті. Ауылда ұры-қары көбейді, анда-санда сыртынан байқап қоюшы едік, енді жалғыз сиырды шынжырлап ұстайтын болдық. Көзден таса болса атып әкетеді, не мәшинесіне басып әкетеді. Қораға қой-ешкі де тұрғызбайтын болды. Ебін тауып түн ішінде ұрлап әкетеді. Тіпті, тауық асыраудан қалдық. Әлгі ұры-қарылар оларға да қырғидай тиеді.

Алдымен буыны бекіп қалған үлкен баламмен келдік қалаға дорбамызды арқалап. Өзгелерге қарағанда жолымыз болды. Жамағайын болып келетін бір туысқанымыз тышқандарға қарсы дәрі себетін станса ның бастығы еді. Соған бардым. Құшағын жайып, қуана қарсы алған жоқ. Бірақ кеудемізден де итеріп тастамады. Көп қоймалары бар екен дәрі сақтайтын. Солардың бірсуін босатып берді. Ішін тазалап, әктеп, баспана еттік. Кейін жаны ашыды-ау деймін, мені

түнгі қарауыл етіп кабылдады. Қарауыл деген аты ғана, әйтпесе, балам екеуміз күні бойы күйбең тірлікпен боламыз. Түнде келіп қонамыз. Қарауылдығым үшін он мың теңге жалақы белгіленген. Бірақ бір шартпен ғана: «Біз шаруашылық есептегі мекеме міз. Қаржы тапшы. Ай сайын он мың теңге жазамын. Жеті мыңын алыңыз, үш мыңын жарыққа төлеу керек» деген. Қуана келістім. Баспанам тегін болса, ай сайын жеті мың алып тұрсам, одан артық маған не керек.

Тартына ішіп-жеп, тапқан - таянғанымызды құрастырып, біраз ақша жинап алдық. Оқта-текте қант-шай алып ауылға барып тұрамын. Әйел мен балалардың қамы ғой. Тәп-тәуір әлденіп қалдық.

Бірақ, біздің тіршілігіміз ұзаққа созылмады. Әлгі туысқаным бастық болып істейтін стансасын осындағы бір дөкейдің баласы жекешелендіріп алыпты. Өзі де сөз түсінбейтін, ешкіммен санаспайтын бір дүлей екен. Қағазы қолына тиген күні, бәрімізді бұл жерден тырқыратып қуып шықты. Сөйтіп далада қалдық.

Жағдайымыз күрт нашарлап кетті. Енді барар жер, басар тауымыз қалмады. Күндіз тиіп-қашып жұмыс істейтін боламыз. Табысымыз тамағымыздан артылмайды. Кешке барар жеріміз жоқ. Вокзалға қонайық десек, ол жерден милициялар қуып жібереді. Түнімен әр жерді паналап шығамыз.

Сөйтіп жүргенде қала сыртынан екі қабатты үй салып жатқан бір дөкей жұмысқа шақырды. Айтарлықтай зәулім үй екен. Құрылысының әлі жартысы бітпеген. Бізге дейін мұнда төрт адам жұмыс істепті. Олардың жалпы саны алтау екен, екеуін қуып жіберіпті. Енді солардың орнына бізді әкеліп отыр.

Жұмысы қиямет – қайым. Таң азаннан тұрамыз. Сергали деген бір жылпостау жұмысшы бар. Соны бізге бастық етіп қойған. Сол тұр десе тұрамыз, жат десе

жатамыз. Өл десе өле салатын да шығармыз. Серғалидің қоңыраулы сағаты бар, таң азанмен шар ете қалғанда орнымыздан атып-атып тұрамыз. Киініп, жуынып болғанша шай қайнайды. Әйтеуір нан мол, карбып-карбып, қарын тойдырып аламыз да жұмысқа кірісеміз. Лай жасау, қабырға қалау, кірпіш тасу дегендеріңіз адамды діңкелететін нағыз ауыр жұмыстар. Өліп-талып түске жетеміз. Түсте сылдыр сулау болса да ыстық тамақ береді. Қарын тойдырып, маужырап, көзің іліне бастайды. Аздап демалып, жан шақырып алғың-ақ келеді. Бірақ, оған мұрса беруші ме еді. «Давай жұмысқа кірісіңдер» деп Серғали далаға айдап шығады. Содан қасқарайғанша тыным жоқ. Күн батқан соң ғана сүйретіліп вагон күркемізге жетеміз. Тамақтанып алысымен кез-келген жерге қылжия кетеміз.

Бір күні қожайын келді. Атқарылған жұмыстардың бәрін тексеріп жүр. Арамызда нағыз бесаспап құрылысшылар бар. Істерінен мін табу қиын.Солай болса да қожайынымыз біраз кінә тағып жүр.

Ай бітті. Қожайын тағы келді.Келісім бойынша ай аяқталысымен ақымызды беруі тиіс. Бізге ай сайын жиырма мың теңгеден береміз деп келіскен. Енді сонын он мың теңгесін ғана ұстатып отыр.

-Басеке, келісім бұлай емес еді ғой, - дейміз.

-Сендер сонда тегін тамақ ішіп, жылы жерде тегін жан сақтағыларын келе ме? – деп ол төніп келді. –Қайта мен сендерге жақсылық жасап отырмын. Күніне 400 теңгенің тамағын іштің дегенде не тиісті екенін есептеп көр. Оның үстіне қаңғып, көрінген талдың түбін паналап жатқан жоқсыңдар. Жылы үй, жайлы төсек. Бұдан артық жақсылықты әкелерің де жасап көрмеген шығар. Бұған риза болмасаңдар аяқ-қолдарыңды шынжырлап, май құйрықтарыңнан былай белгі алып, - деп ол келсаптай аяғымен жамбасымнан бір тепті де - Құйрықтарыңды

қысып жүріңдер,- деді.

Менің оңбай жығылғанымды көрген балам шыдамай кетті-ау деймін, орнынан ұшып тұрып, дәуге ұмтыла беріп еді, Серғали бастығымыз ту сыртынан білектей сымтемірмен беріп жібергені. Адамды аяуды білмейтін, оның үстіне қожайыннан қуат алып тұрған ұрдажықтан қандай мейірім, қандай жақсылық күтерсің. Баламның жерге қатты ұрылғаны соншалық, айналасы қып-қызыл қан болып кетті.

-Қарағым-ау, ағайындар-ау, не жазығымыз бар еді? Сөздің сыралғысы емес пе бәрі. Жәкетай, жақсылығыңа рахмет. Бізге рұқсат бер,- деп әлгі дүлейдің аяғына жығылдым.

-Әй, Серғали, мыналарды байлап ұста. Жақсылықты білмейтіндердің жазасын өзің бер, - деп қожайын бұрылмастан жүріп кетті.

Шындығында бұрынғымыз «коммунизм» екен. Нағыз тозақ енді басталды. Серғали балам екеуміздің құжаттарымыз бен ақшаларымызды тартып алды да, қолымызды байлап, ағаш күркенің ішіне әкеп тастады. Ішінде бұрын мал жатқан ба, сасық, асты сыз. Бір бұрышта бүрісіп, таңды атқыздық. Таңертең әдеттегідей шай да жоқ. Серғали тепкілеп жұмысқа салды. Көзіміз қарауытып, түске әрең жеттік. Қорамызға қайта қамап, сылдыр сулы тамағы мен нанын әкеліп берді. Қасарысар дәрмен жоқ, берген жуындысымен жүрек жалғадық. Кешке де солай.

Байлаулы жатып балам екеуміз жоспар жасадық. Бұл жерден қашып құтылмасақ болмайды, мыналар өлтіріп, бір шұңқырға көме салуы да мүмкін. Түнде тістелеп жатып баламның қолын шештім. Ал, ол мені босатып алды. Қораның бір-екі қарағайын бұзып, далаға шықтық. Екеуміз де темір, троспен қаруланып, вагонды аңдып жатырмыз. Тысырды сезді ме, бір кезде Серғали

шықты. Біздің қораның есігін, ондағы құлыпты ұстап көрді. Енді түзге отыра бергенде балам оқша атылып, қолындағы темірімен көк желкеден бір періп құлатты. Аузын тұмшалап, қолын байлап тастады. Бір жақсысы, ақшамыз бен құжаттарымыз калтасында екен. Оларды сыпырып алдық та, өзін алдымызға салып дедектетіп, таң ата қалаға жеттік. Милицияға келдік. Барлық болған жағдайды баяндап, арыз жазып бердік. Көрген қорлығымыздың бәрін тізбеледік. «Бәрін анықтаймыз, бәрін тексереміз» деп ондағылар құжаттарымызды алып қалып, өзімізді жіберді. Ертеніне таңертең келуімізді ескертті.

Арып-ашып, бір күнімізді өткізіп, ертеңіне милицияға келсек, бізді нағыз сый күтіп тұр екен. Біздің көрген зорлық-зомбылығымыз, айғақтарымыз айдалада қалды. Баламды қолма-қол кісендеп, қамауға алды. Тергеу ұзаққа созылған жоқ. Балам қарақшы, Серғалиға дене жарақатын салған, ақшасын тартып алған, бұзақы деп табылып, үш жылды арқалап кете барды. Жылап-еңіреп жалғыз өзім, бейтаныс қалада қорғансыз қала бердім.

Өлместің күнін көріп жүрмін. Күн суытты. Сөйтіп жүргенде өзім сияқты бір әйелге жолықтым. Ол да қаңғып қалған сорлы екен. Екеуміз бірігіп бос бөтелке, баклашка жинаймыз. Оларды өткізсек әжептеуір ақша болады. Ішім-жемімізге жетеді. Бірақ, әлгі әйел ішкілікті тәуір көретін болып шықты. Ертемен ұрттап алмай іске кіріспейді. Бір стакан самопалды сіміріп алып, сонан кейін ғана екеуміз екі бағытқа кетеміз.

Бір жақсы жері, бұл әйелдің бір бөлмелі пәтері бар. Үй деген аты ғана. Әйтпесе, есік-терезелері аңғал-саңғал, лас, шашылған шыны, төгілген бірдеңелер. Кір-кір, үш-төрт көрпе-жастығы бар, сол жерге жата кетеміз.

Оның да өткен өмірі адам қызығарлықтай емес екен. Жасы жетіп, ұнатып бір жігітке тұрмысқа шығады. Екеуі

де жұмыс істейді. Бір бөлмелі пәтер алады. Көп кешікпей екіқабат болып, аман-есен ұл туады. Күйеуінің бұған деген сүйіспеншілігі осыдан кейін тіпті арта түседі. Жұмысты бұрыңғыдан да көбірек істеуге тырысады. Бұрын аздап сыра, жүз грамм ішіп қоятыны бар екен. Ұлы дүниеге келгелі оларды да мүлдем ұмытады. Бар пейілі мен мейірін жас келіншегі мен ұлына арнайды. Бір тиын тапса да үйіне әкеледі. Үй-ішіне де жиһаз, дастарханына дәмді тағам бітіп, ел қатарына қосыла бастайды. Әйелдің ешнәрсемен ісі жоқ. Тек үй-ішін дұрыс ұстау мен баласын тәрбиелеу ғана. Балпанақтай тұңғыш балапандары дені сау, жақсы өсіп келе жатты.

Сол шамада дүние төңкеріліп түседі. Өмірге нарық араласып, күні кешегі мамыражай тірліктің быт-шыты шықты. Кәсіпорындар жабылып жатты, мыңдаған адам жұмыстан қысқарып, көшеде қаңғып қалды. Қымбатшылық басталды. Мұның күйеуі де тәп-тәуір табысы бар жұмысынан айырылды. Алғашында әр жерге барып, жұмыс іздеп көріп еді, қайдағы, барлық жер қурап тұр. Бір айдан кейін жұмыс табыларынан мүлдем күдерін үзді.

Енді күйеуі үйде отырып, келіншегі жұмыс іздеуге шығады. Ондағы ойлары, қанша айтқанымен мұғалімдік училище бітірген, нарық алапаты оқу орнына әсер етпейтін шығар деген. Бұл да бос далбаса болып шықты. Мектептегілер де босып кетіпті. Айлық жалақы мардымсыз, кейбір мұғалімдер жұмысты тастап, күн көрудің басқа тиімді жолдарын іздестіріп кеткен. Сөйтсе де, еш мектептің жұмысқа адам қабылдай қояр түрлері жоқ. Қабылдамайды емес-ау, мұғалім болып орналасу үшін қоятын шарттары бар екен. Бір мектептің директоры толықша келген әдемі әйел екен. Әңгіменің ашығын бірақ айтты. «Үш жүз доллар әкелсең бастауыш сыныпқа мұғалім етіп қабылдаймын» деді. Оны қайдан тапсын.

Үш жүз доллар тұрмақ, үш мың теңгенің өзі бұлардың көзінен бұлбұл ұшқан.

Келесі мектептің басшысы да, осындай шарт қойды. Қала шетіндегі тағы бір мектепке барған. Ондағы ойы орталықтан шалғай, ел онда жұмыс істеуге қызыға бермес, мұғалімдер жетіспейтін шығар деген. Бұрын солай еді. Бұл мектептің директоры жасамыстау өзбек екен. Қолдан келгенше боянып-сыланып, үстіне барып киіп келген жас келіншекті көргенде оның көзі жайнап кетті. Шындығында, ол кезде мұның бір адамға жетерлік көркі бар болатын. Сыйдиған арықта емес,шектен тыс толып та кетпеген, орта денелі, кескін-келбеті де ажарлы. Жасамыс өзбек директор жеп қоятындай мұның басынан аяғына дейін шолып шықты.

-Кел, отыр,- деді содан кейін ғана. –Қандай шаруамен жүрсің?

-Ағай, пдучилище бітіріп едім. Бірақ, тұрмысқа шығып, балалы болып, мамандығым бойынша жұмыс істегенім жоқ. Енді жағдайға байланысты жұмысқа шықсам деп жүрмін. Орын болса бастауыш сыныптардың біріне алмайсыз ба?

-Бастауыш... Иә, онда адам алуға болады,- деп директор мұны сәл үміттендіріп қойды. Бірақ, алды қалталанған бадырақ көзімен мұны ішіп-жеп барады. Келіншек бұл көзқарастан ыңғайсызданып, әлдебір жерім ашылып қалған жоқ па дегендей етегін жабыңқырап, кеудесін де қымтап қояды. -Бірақ педагогикалық тұқ тәжірибең жоқ екен. Бізге қазір жұмыс іздеп күніне оншақты адам келеді. Түрлі себептермен келісе алмай жатамыз. Сенің де жетіспей жатқан жақтарың аз емес екен. Балаларға сапалы білім беру үшін тәжірибе болу керек қой. Дегенмен, тәрбиеге көнсең алуға болады. Бұл бірақ оңай емес. Бар тәрбиеңді өз мойныма алайын. Келісіп жұмыс істей аламыз ба? – деді директор.

-Ол қандай келісім, ағай?- деді келіншек түк түсінбей.

-Былайша айтқанда ол тек екеуміздің арамызда қалатын әңгіме.

Директордың арам ойын енді түсінген келіншек кабинеттен үн-түнсіз шығып кетті.

Осыдан кейін ол жұмыс табудан мүлдем күдер үзіп, үйіне келді. Қарап отырып аштан өлуге болмайды. Енді базар жағалауды ойлады. Күйсуінің ондайға ебі жоқ. Сондықтан ол баланы күтіп үйде қалды да, келіншек майда-шүйделерді арзан бағаға сатып алып, ел көп жүретін жол бойына үстел жайып, саудаға кірісті. Кешікпей қасына тағы бір сауда жасайтын келіншек қосылды. Келе-келе олардың қатары көбейе түсті.

Күні бойы далада, қыста сықырлаған аязда, жазда шілденің аптабында сарылып тұру оңайма. Пайда тапса да, жандарын қинап табады. Сауда жасап, қалталарына олжа ақша түсіре бастаған келіншектер, еріккеннен көрінген оқиғаларды атап өтуді дәстүрге айналдыра бастады. Біреудің туған күні, біреудің баласының мақтау қағазын алғаны, біреудің келінінің босанғанын... тағы тағыларды атап өтеді. Тіпті, біреуінің шалбар, не бас киім сатып алғаны да «жуылмай» қалмайды.

Бұл о баста ішкілікке жоқ болатын. Мұндағы келіншектер кеу-кеулеп: «жылынасың, көңілің көтеріледі» деп қинағаннан кейін алғашында қақалып-шашалып ұрттап жүрді. Артынан үйреніп кетті. Орта кесе арақты шімірікпей тартып жіберіп, тұздалған қиярды қырт-қырт шайнап, түк білмегендей тұра беретін болды.

Ішкілік келіншектерге дағдыға айналды. Тіпті, кешке қайтарда да бір бөтелкені бөліп ішіп, қызара бөртіп, базардан азық-түлік сатып алып қайтатын.

Келіншегінің арақ сасып келетініне күйеуі алғашында онша көңіл бөлмеген. Әйтеуір табысы мол. Үйге береке

Көкбет

...Әке-шешесі қария кісілер. Әрі өзі осы үйдегі ұлдардың үлкені болған соң, Мұхтар ерте үйленді. Келіншегі Ажар да сол жылы мектепті бітірген, карапайым ғана отбасынан шыққан ауылдың қаракөз қыздарының бірі еді. Екеуі бар-жоғы бір ай ғана қыз бен жігіт болып жүріп, келесі айда үйленді.

Ажар үйдің кенже қызы. Алдында тұрмысқа шықпаған екі әпкесі отырған соң шешесі: «басып алып қашқан шығар» деп артынан өзі қуып барды. Қызы: «Өз еркіммен келдім, менде шаруалырың болмасын. Мұхтарды сүйемін. Оған әйел болуға келісемін» деп бет бақтырмай отырып алғасын, анасы қызына бақыт тілеп, кейін қайтты.

Бәрі ойдағыдай аяқталған соң, қыздың анасының келісімімен Мұхтардың әке-шешесі, алғашқы көрген қызықтары емес пе, ауылдың тайлы-таяғын қалдырмай дүрілдетіп той жасап, келіннің бетін ашты.

Ауылдың қызы болса да Ажар үй шаруасына икемсіз болып шықты. Әйтсе де, енесі оған түсініспікпен қарады. «Өзі кенже қыз болған соң, еркелігі де бар шығар» деп, үй тірлігін жалықпай үйрете бастады. Бірақ, ене қанша тырысқанымен Ажардың өзі үйренуге құлықсыз болды ма, әлде шынымен қолынан келмеді ме, көп нәрсені меңгеріп кете алмады.

Отыз жылдай мұғалім болып, талай баланы біліммен сусындатып шығарып салған ене, келінге келгенде шарасыз болып қалды. «Бәрін өзім білемінге» салған келін оның еңбегін ақтамады. Енесінің айтқандарын бір құлағымен тыңдағанымен, екінші құлағынан шығып кетіп жатты. Осыдан келіп ұядай ғана отбасында келіннің керітартпалығынан түрлі келіспеушіліктер белең ала

бастады. Дегенмен де, әке-шеше балдарының бақыты үшін оның қай ісіне де кешіріммен қарады. Келіншегінің кейбір істеріне шыдамай, дауыс көтере бастаған ұлдарын екеуі екі жағынан басып тастайтын.

Осылайша арада бір жыл уақыт өте шықты да, дүниеге іңгәлап Рамазан есімді ұл келді. Ата-ене балпанақтай ұл туып берген Ажар келіндеріне дән риза. Сол үшін бұрынғыдан да гөрі еркелетіп, тіптен бастарына міңгізіп алды. Сәл қимылдаса болды енесі: «Шаршап қалған шығарсың, барып демала ғой» деп бәйек болатын.

Бар жұмсақтарын осының аузына тосқан соң және ұйқысы қанық Ажар күн санап семіріп бара жатты. Кезінде талшыбықтай бұралған қыз, кәпелімде-ақ толық келіншекке айналып шыға келді.

Таңертең жұмысына ерте кетіп, кеш келетін Мұхтар әйелі мен баласын көп уайымдамайтын. Өйткені, оларды алақанына салып аялап отырған әке-шешесі бар.

Бала туғалы Ажардың да мінезі күрт өзгерді. Не болса соған тез ашуланып қалады. Үй шаруасына да салақ болып алды. Ол аяқты аспанға көтеріп жатқанда, енесі жүреді сылп-сылп етіп. Мұхтармен де көп ренжісетінді шығарды. Болар-болмас нәрсені сылтау етіп, төркініне тайып тұрады.

Бірде Мұхтар жұмыстан шаршап-шалдығып келсе, Ажар көрші келіншекпен әңгіме соғып отыр екен. Әкесі мен шешесі немересін алып, үлкен қыздарының үйіне қыдырып кеткен. Жуынып-шайынып келген ол, дастархан шетіне жайғасты да әйелінің тамақ әкелуін күтті. Орнынан көтерілген Ажар болмады. Ауыз-ауыздарына жұқпай біреуді өсек қылып отыр. Шыдамы таусылған Мұхтар: «Тамақ қайда?» деп ақырып қалды. Соған жүрегі жарылып кеткен Ажар: «Тамақта басың қалсын. Атауыңды іш білдің бе? Көршінің көзінше

неге маған әкіреңдейсің?» деп шаптықты. Мұндай ауыр сөздің кім-кімнің болса да шымбайына батары рас қой. Мұхтар атып тұрып Ажарды түйіп жіберді. Екеуінің арасында айқай-шу басталарын сезген көрші зым-зия жоғалды. Әйелін сөзбен жеңе алмаған Мұхтар аштан-аш бүк түсіп жатып қалды. Бұлқан-талқан болған Ажар да басқа бөлмеге кетті. Көпке дейін өзінен-өзі сөйлеп, көзі ұйқыға кеткен кезде ғана тынды.

Ал, ертеңіне ата-енесі келген бойда Рамазанды алып, төркініне кетіп қалды. Бала мен келіннің арасында түсініспеушілік болғанын әке мен шеше бірден білді. Бірақ, сол күні Мұхтарға ештеңе де демеді. Арада екі күн өткенде барып, немересін сағынған олар Мұхтарды ортаға алды. Бар кінә келіндерінен екенін білсе де, қайтсін, балаларына ұрысып, келінді қайтып алып келуіне әрең көндірді. Барғанда үйлерінде отырып қалған қайын әпкелері мен шешесі мұны ортаға алып дымын қоймай сөкті. Басы салбыраған күйі Мұхтар кінәлі адамдай отыра берді. Әбден жер-жебіріне жеткен олар, артынан әйелі мен баласын қолына ұстатып жіберді. «Енді қайтіп келетін болса...» деп сес көрсетіп те қалды.

Қайдағы... Онан кейін де Ажар талай барып қайтты. Бірде әке-шешесі, бірде өзі әкеледі. Бірде артынан ешкім келмеген соң Ажардың өзі келді. Осы тірлігін ол әбден әдет қылып алды.Оған Мұхтар мен әке-шешесінің де бойлары үйренді.

Осылай ырың-жырыңмен арада үш жыл өтті. Мұхтардың әкесі аяқ астынан төсек тартып жатып қалды да, небәрі төрт-бес айда о дүниелік болып кете барды. Әкенің орны кәдімгідей-ақ үңірейіп қалды. Кішкентай Рамазанның өзі «ата, ата»деп іздейтін болды. Әкесі кеткелі Мұхтар да қатты жүдеді. Жұмсақ мінезіне қаталдық кіре бастады. Ажар екеуінің арасы алшақтамаса жақындай

түскен жоқ. Екінші балаға екіқабат Ажар көкдолының нағыз өзі болып алған. Мұхтардың да, енесінің де ауыздарын аштырмайды. «Ә» десе «мә» дейтін Ажарды бір кездері момын болған деп айтудың өзі қиын еді. Оның осынша өзгеруіне кінәлі өзі және әке-шешесі екенін білгендіктен, Мұхтар өз бармағын өзі тістеді. «Қатынды бастан...» деген рас болды. «Неге еркіне жіберіп алдым екен» деп өкінді.

Дүниеге екінші ұл келді. Шайқалуға шақ тұрған шаңырағымыздың тірегі, бақытқа бастаушымыз болсын деп есімін Нұрбақыт қойды.Тұңғыштарын әке-шешесі бауырына басқан соң ба, Мұхтар оған онша елжірей қоймайтын. Ал, мына ұлының асты-үстіне түсіп, жұмыстан шаршап келгенмен ұлын ойнатып, мауқын басып алады.

Бірде жұмыстан келген Мұхтарды жаңалық күтіп тұрды. Алдынан шыққан Ажар:

-Мен Нұрбақытты емшектен шығаратын болдым,- деп қарап тұр.

-Ау, ол әлі кішкентай ғой.

-Болса қайтейін, сиырдың сүтін ішкендер де әлі өлген жоқ,- деп шәңк етті.

- Мен де «екі айлық, обал ғой» деп едім, тыңдар емес,- деп анасы да сөйлеп жатыр.

-Айттым бітті, солай болады. Ертеңнен бастап сиырдың сүтін ішеді,- деп Ажар кесіп айтты.

Ол дегенінде тұрды. Қарны ашып, шырылдап жатқан балаға бөтелкеге сүт құйып береді. Оны бала қақалып-шашалып іше алмайды. Оның үстіне дәмі жағынан да емшектің сүтіндей болама. Емгісі келмей басын алып қашады. «Ем, кәне, емшек сүтінен не айырмашылық бар, ем деймін» деп емшекті онан сайын тығады аузына. Мұны көрген енесінің көзінен жас шығып кетті. «Ананың

ақ сүтінің дәмі бөлек болады. Соны да білмегенің бе?» деп кемсеңдеп барып баланы қолына алды да: «Әттең, емшегім суалып кетті. Әйтпесе өзім-ақ емізер едім» деді. Алдымен баланы жұбатып алып, сонан соң бөтелкедегі сүтті аузына тосты. Нұрбақыт аз-аздан еме бастады.

Ана сүтінен айырылған Нұрбақыттың іші кеуіп, ісіп кететін болды. Бір күні тіптен сүт ішуден қалды. Күннен-күнге әлсіреп, әбден жүдеген бала ақыры ауруханаға түсті. Дәрігер оны тексеруден өткізіп «сүттен уланғандықтан ішектері бүлінген» деген қорытындыға келді. Түрлі дәрі-дәрмектермен шаныштып, баланың өмірі үшін жанталасты.

Көрер жарығы таусылған бала өз-өзіне келе алмастан о дүниелік болып кетті. Онсыз да берекесі қашып отырған отбасын, бұл қайғы тіптен ойсыратып тастады. Мұхтар баласының өліміне Ажарды кінәлі санап, жек көріп кетті. Екеуінің одан әрі бірге тұруының мәнісі қашты. Ақыры ажырасып тынды. Үш жасқа келіп қалған Рамазанды, Ажар енесінің «тастап кетші» деп көз жасын көлдетіп, қиылып сұрағанына қарамай өзімен бірге алып кетті.

Бір ұлынан өлідей, екіншісінен тірідей айырылған Мұхтарға бұл соққы оңайға тиген жоқ. Ішкі шерін басу үшін арақпен достасты. Тым жақсы нанын тауып жүрген жұмысынан айырылды. «Жақсы әйел жаман еркекті зор етеді, ал жаман әйел жақсы еркекті қор етеді» деген мақал тегін айтылмаса керек. Біреудің тәп-тәуір баласы, жаман қатынның кесірінен адамдық кейіпінен айырыла бастады.

Осылай жүре берсе Мұхтардың мүлдем бұзылып кетуі ғажап емес еді. Соны білген анасы оны үгіттеп, ақыры қаладағы әпкелерінің қолына баруға көндірді. Сол жақта өзі алаң болар жақсы адам кездесер, деген үміті де

жоқ емес еді. Сөйтіп Мұхтар қаладан бір-ақ шықты.

Ал, төркініне қайтып келген Ажардың ол жерде жағдайы болмады. Онсыз да «шыкпа жаным, шықпаның» кейпін киіп отырған олардың, қатарына екі адамның қосылғаны тез-ақ білінді. Сол үшін де Ажар мен шешесі сөзге келіп қала берді. Әке мен шешенің зейнетақысы қоралы жанға қалай жетсін. Оның үстіне жұмыссыз отырған ағасы аяқ астынан келіншек әкеліп, бар жиған-тергендері соның той-томалағына кетті. Былай тартса басқа, былай тартса аяққа жеткізбейтін қу тірлік ерке келін Ажарды әбден жүнжітіп бітті.

Бастапқыда Мұхтармен ажырасқанына онша қайғыра қойған жоқ еді. «Қайда барар дейсің, итшілеп артымнан келіп, қайта аяғыма жығылады. Сонда көрермін» деген. Күндер өте берді. Артынан келген Мұхтар болмады. Оның жұмыстан шығып кетіп, ішіп жүргенін естігенде,тіптен айызы қанып қалды. Оны осындай жағдайға жеткізген мен деп ойламады. Керісінше «менің тастап кеткенімді көтере алмай ішіп кетті» деп орамалын басына асыра бұлғап, қуанды. Ал, артынан оның қалаға кеткенін естігенде, ашудан жарылып кете жаздады. Оған ол қалаға жұмыс іздеп емес, қыз іздеп кеткендей болды.

Мұхтар қалаға келген соң әпкелерінің таныстарының арқасында жұмысқа тұрып, бірте-бірте өз-өзіне келе бастады. Арақ ішкенді, темекі тартқанды мүлдем қойып кетті. Қомақты ақша тапқан ол жанына інісін алдырып, екеулеп тапқан пайдаларын жинап, ауылдағы үйлеріне дүние-мүлік, одан қалғанына мал сатып алды. Малға ауылдағы інісі ие болды.Сөйтіп, тұрмыстары түзеліп келе жатты. Тек қабырғаларын қайыстырар бір жағдай шешелерінің әлі күнге үйдің отымен кіріп, күлімен шығуы еді. Қасына қара, көмекші келін болса дейді. Оған өзінен кейінгі інісі «өз-өзіме келгенше үйленбеймін. Және де

сен сияқты алданып қалғым келмейді. Болашашқ жар болатын адамымды әбден сынақтан өткізіп аламын» деп, мұның да жар таңдаудағы кемшілігін бетіне басқандай болды. Оған Мұхтар, әрине, ренжімейді. Әлдеқашаннан-ақ қателескенін мойындаған-ды. Тек бауыр еті баласын ғана қимайды. Ауылына барған сайын әдейілеп барып, баласының маңдайынан сүйіп, әкелген базарлығын беріп кетеді. Ол да көрген бойда «папалап» алдынан жүгіріп шыққанда, ет бауыры елжіреп қоя береді. Жанарына іркілген көз жасын көрсетпей саусағымен серпіп тастайды. «Саған тек бала керек екен. Бізбен де дұрыстап амандассаңшы. Әлде қаладағы қатындарың қарама деп оқытып жіберді ме?» деп көзінің астымен қиыла қараған Ажарға мойнын да бұрмайды. Баласын мауқы басылғанша сүйіп, бірер сағат жанында болып, ойнатып қайтады. Қимайды-ақ. Бірақ, қайтсін, тағдыры солай қалыптасса.

Аналарының шаршап жүргенін сезген қыздары Мұхтарды қайта үйлендіруге бел байлап, жан-жақтарынан қыз қарастыра бастады. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дегендей Мұхтар да анау-мынауларға ұрына бермей, таңдап ұзақ жүріп алды. «Жүгірген алмайды, бұйырған алады» деген емес пе?! Бір күні Мұхтар өз қалауын кездестірді.

Базардан азық-түлік алып, автобусқа міне бергені сол еді, бір қыз «ағай, көмектесіп жіберіңізші»деді. Бұл да қыздың сөмкесіне қолын соза берді. Жеңіл екен деп ойлаған. Сөйтсе сөмке ауыр болып, қолы бауынан шығып кетті. Ішіндегі заттар жерге шашылып қалды. Қысылған Мұхтар жалма-жан қайта автобустан секіріп түсіп, шашылған заттарды жинай бастады. Автобус жүріп кетті. «Ой, ағай, жолыңыздан қалдырдым-ау, кешіріңіз» деп қыз да бәйек болып жатыр. «Ештеңе етпейді басқасы

келер, асығыс емеспін» деді Мұхтар. Бойын тіктеп, қызға енді назар аударды. Суреттеп айта қоярлықтай асқан сұлу болмаса да,өзінше бір сүйкімділікті байқады. Мұрнының үстіндегі білінер- білінбес сепкілі де өзіне ерекше ажар беріп тұрғандай. Шашы ұзын болса керек, онысын төбесіне түйіп алыпты. Маңдайына түскен майда шаштары тершіп, жабысып қалыпты. «Туу, күннің жануын-ай» деп қояды.

-Қарындасым, есімің кім? – Бұл сұрақтың аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Қызды «сізге қажеті не? Көмектестім екен деп тиісуіңіз керек пе?» деп ренжіп қалар деген. Жоқ, бұл ойлағандай болмады.

-Айнұр.- Қыз нәзік саусақтарын созды.

-Өте жақсы, Мұхтар. - Ол да добардай саусақтарымен қыздың қолын қысты.

Мұхтардың Айнұрмен таныстығы осылай басталды. Жас айырмашылықтары біраз болса да, екеуі тез тіл табысып кетті. Қыз бен жігіттей бір жыл жарасып жүрген екеуінің арасында, айтылмаған сыр қалмады. Мұхтар бұрын үйленіп, ажырасқанын, баласы бар екенін, мықтап қателескенін жасырмады.

-Енді өзің жағыңнан қателеспесем деймін. Маған тұрмысқа шығуға қалай қарайсың?-Мұхтар Айнұрға сұраулы жүзбен қарады. Ол сасқалақтап қалды. Мұхтарға тұрмысқа шықсам деген жүрек түкпірінде жатқан арманы болса да, дәл бүгін мынандай тілек естимін деп ойламаған-ды.

-Мен... менің сенен жасырған құпия сырым бар еді, - Айнұр жанарын төмен салды.

-Арамызда айтылмай қалған қандай сыр қалып еді? – Мұхтар таңдана қарады.

-Мені қыз деп ойлап жүрсің бе? – Бұл сұрақ Мұхтарға

біз сұғып алғандай әсер етті.

-Ештеңе ойлаған жоқпын,- дей салды.

-Білемін не ойлағаныңды. Әншейін менің көңіліме қарап айтып тұрсың ғой. «Үйлену оңай, үй болу қиын» дегендей қазір апыл-ғұпыл үйленіп алып, ертеңіне шаңырағымыз шайқалмау үшін осы бастан арамызды ашып алайық. Мен сені алдап, тұрмысқа шыға алмаймын. Өйткені, сені шынайы сүйемін. Сондықтан да бақытты болуыңды қалаймын,- деп бір сәт үнсіз қалған...

Мұхтар Айнұрды жан-тәнімен түсінді. Ренжитін де, кінәлайтын да реті жоқ еді. Оның ішкі шерін тарқатып, құпиясын өзіне ғана ақтарғанына риза кейіппен:

-Келешекте адал жар болатыныңа сенімдімін, жаным, - деп құшағына қысып, маңдайынан иіскеді. Оның құшағында Айнұр егіліп қоя берді.

Айнұр келін болып түскен күннің ертеңіне-ақ, үй шаруасын үйіріп алып кетті. Енесінің аяғын қимылдатпайды. «Апа, өзіңізді шаршатып қайтесіз. Осы үйдің тірлігі менен-ақ ауыспайды» деп, қарап отыра алмайтын енесіне өкпесін де айтып қалады. Амал жоқ, үйде бұған қарап қалған тірлік болмаған соң, енесі ауыл-аймақты аралап, замандастарына барып, күнұзақ ұршығын иіріп, әңгіме соғып келетін болды. Кейде қаладағы қыздарына барып, бір апта жатады. Айнұр ене мен күйеуіне емес, сонымен қатар бүкіл ауылға сыйлы келін атанды. Үлкеннің алдын кесіп өтпей, үнемі иіліп сәлем салып, ілтипатына бөленді. Кішілерге де «ақ жеңеше» атанды.

Мұхтар үйленгесін қаладағы жұмысына үйде отырған інісін тұрғызып, өзі ауылға келді. Үйде де бұған жетерлік тірлік бар еді. Және де айдай сұлу жас жарының жанынан да шыққысы келмеді. Анасы жоқ кезде екеулеп үйдің тірлігін бітіріп тастайды да, иық түйістіре шай

ішіп, жарасымды әңгімелесіп отырады. Өз қызықтары өздеріне жетеді.

Мұхтардың үйленгенін естігенде Ажар бір күн бойы тулады. Оның «күйеуім артымнан келіп алып кетер, баласы тұрғанда қайда барар дейсің» деген үміті де жоғалмаған. Оның үстіне Мұхтардың тұрмыс жағдайларының түзеліп, байи түскені де ішін ашытып барады.

Үйленгеннен кейін Мұхтар баласын көруге келгенде Ажар: «Неге келдің. Бала керек болса жас әйелің туып берер» деп шәңкілдеп, есік алдында тұрып алған. Арғы жағынан «папалаған» баласының даусын естіген ол қалай шыдап тұрсын. Ажарды жолдан ысыра, үйге баса-көктеп кіріп, баласына бас салды. Сүймеген жері қалмады. «Ұлым менің, ботақаным»деп қояды. Өзімен ісі болмай, баласына жүгіргені шымбайына батып кеткен Ажар ойбайын сала сыртқа жүгірді. «Сабады, соқты» дей ме, әйтеуір түсініксіз бірдеңелерді айтып жатыр. Біраз көршілер жиналып қалды. Өзінің бетін өзі тырнап, шашын жайып, ойбайын салып көшенің ортасына отырып алды. Милиция да келе қалды. Мұхтарды алып кетпекші болып, қолын артына қайырып, машинаға тығып жатқанда, манадан бері сырттай бақылап тұрған Ажардың шешесі жетіп барып: «Жіберіңдер, оның еш кінәсі жоқ, бар айыбы баласын көруге келген еді. Қызыма қолының саусағы да тиген жоқ, жала жауып тұр» деп Мұхтарға болысты. Сөйтіп, Ажар көптің алдында жерге қарап қалды.

Бас қосқандарына бір жыл уақыт болса да Айнұр бала көтермеді. Тату-тәтті өмір сүріп жатқан отбасы үшін, бұл бастапқы кезде еш уайым болмады. Бірақ, уақыт өте ене де, Мұхтар да Айнұрдан бірдеңе дәметететіндей қарағыштай беретін болды. Осы үшін Айнұрдың да

өзі қипақтап, олардың алдында кінәлі сезінетіндей. Құдіреті күшті Алланың адамды бір жағынан кең етсе, екінші жағынан кем етіп қоятыны бар емес пе?! Мұхтар оны жылы сөздерімен жұбатпақшы болады. Дегенмен оны да: «Айнұр шынымен бедеу болғаны ма?» деген күдік мазалайтын болды. Бірінші әйелі долы, берекесіз еді. Бірақ, екі ұл туып берді. Ал, екіншісі аузын ашса көмейі көрінетін ашық та аққөңіл жан. «Бала туып бермедің» деп Айнұрды кінәлағысы да, ажырасқысы да келмейді. Медет етер Рамазаны бар. Ол да биыл алты жасқа толды. Бірде ол әкесінен: «Мамам мен мені неге тастап кеттің?» деп сұрады. Мұхтар не десін «жағдай солай болды» дегеннен өзге ештеңе айта алмады. «Сені үйге алып кетсем барасың ба?»дегенде: «Барар едім, бірақ мама жібермейді ғой. Өзің де үйге жүр деп оған да айтсайшы. Екеуміз барайық. Әжені де сағындым» деп аузын томпайтты.

-Е, балам, - Мұхтар мұңайып қалды. –Мамаң енді біздің үйге бармайды. Онда басқа мама бар ғой.

-Иә, Айнұр әпкені айтасыз ба. Мамам айтты: «Жақында папаң оны үйден қуып жібереді. Өйткені, ол бала тумаған. Сен жалғызсың» дейді. Сол рас па? – деді Рамазан.

Мұхтарға мына сөз ауыр тиді. Балаға осындай әңгіме айтып, құлағына құйып отырған Ажарға жыны ұстады.

-Жоқ, ботам, Айнұр әпкең ешқайда кетпейді. Біздің үйде тұра береді. Ал, сенің жалғызым екенің рас,- деді.

Мұхтардың қалада жұмыс істеп жатқан өзімен тетелес інісі «үйленемін, дайындыққа кірісіңдер» дегенде, үй-ішімен қуанысып қалған-ды. Көп ұзамай той қамтығына дайындық басталып кетті. Әсіресе, Айнұр да ес жоқ. Жақсы көретін қайынінісі үйленгелі жатқанда қарап отырсын ба, қаладан анау-мынау тасып, зыр жүгіріп жүр.

Үйдің іші-сыртын шырттай етіп әктеп қойды. Ауланы ретке келтірді.

Түс мезгілі болатын. Ана мен бала, келін үшеуі түскі шәйларын енді алдарына ала бергенде, сырттан абыр-дабыр естілді. Топырлап адам кіріп келе жатқандай болды. Үшеуі бір-бірлеріне қарады. Есіктен Рамазан кіріп келді де: «Әже, мен келдім» деп қанатын жая ұмтылды. Әжесі сасып қалды. «Құлыным» деуге ғана шамасы келген ол немересін құшағына алды. Рамазанның артынан Ажар, жеңгесі және шешесі кірді. Айнұр ұшып тұрып төрге көрпе жайды да: «Төрлетіңіздер» деді. Ажар оған жақтырмай қарап, шешесімен бірге төрден орын алды. «Неде болса үш-төрт жыл келін болды, шаңырақты сыйлап, енесінен төменірек отырмай ма екен» деді іштен Айнұр. Мұхтар мен анасы да «оң болсын» айтуға келген шығар деп ойлаған-ды. Қысқа амандық-саулықтан соң Ажардың шешесі әңгімені бастады:

-Құдағи, - деді ол аузын сылп еткізіп. –«Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деген атамыз. Сондай-ақ, мына келіндеріңіз, яғни менің қызым жастықтан ба, әлде мастықтан ба үйірінен адасып қалып, енді оралғысы келеді. Әкесі тірі тұрғанда немереңізді жетімсіретпеңіз.

-Ау, менің келінім бар ғой,- деп қалды ана.

-Жіберсін оны, бедеу әйел кімге керек,- деп Ажар долданып шыға келді.

Мұхтар оған алакөзімен ата қарады. Ал, Айнұр жаңағы сөзден есеңгіреп қалса керек, жүзі сұп-сұр болып кеткен.

-Немеремді қимаймын-ау, бірақ... – деп ана «не айтасың?» дегендей баласына қарады.

Бұл кезде Рамазан әкесінің тізесіне жайғасқан еді. Ол да жанары жәудіреп әкесіне қарап қалыпты. Іштей

әкесі мен шешесінің табысуын тілейтіндей. Мұхтар басын төмен салған күйі үнсіз отырып қалды. Баласын да қимайды. Үнсіздікті Айнұр бұзды.

-Апа, Мұхтар мен үшін баладан айрылмаңыздар. Мен өз жөнімді табайын...- дауысы қалтырай шықты.

-Жоқ, -Мұхтар сілкініп қалды. –Құдай қосқан қосағымды «бала таппадың» деп тентіретіп жібере алмаймын. Өйтіп құдай алдында күнәһар болғым келмейді. Ал, бала қайда жүрседе әкесін ұмытпас. Мен де әкелік парызымнан қашпаспын. Қазір түсінбесе кейін өсе келе түсінер. Солай емес пе, ботақаным,- деп баласының тамағының астына тұмсығын тығып еңіреп жіберді. Оған қосылып анасы аңырады. Айнұр да отыр сыңсып. Қапелімде аядай бөлме азан-қазан болып кетті. Ажардың шешесі де орамалының ұшымен көзін сүртіп, «бәрі түсінікті болды» дегендей орнынан көтерілді. Оған жеңгесі ілесті. Сұр жылан сияқты сазарып алған Ажар орнынан қозғалар емес.

-Ей, неғып отырсың мелшиіп, жүр былай. Өзіңнен көрмейсің бе, бәріне өзің кінәлісің. Бұл жерде менің де, мына отырған құдағидың да және Мұхтардың да еш кінәсі жоқ,- деп шешесі ұрыса кетті.

Сол кезде барып Ажар орнынан қозғала бастады. «Әжемнің жанында бір күн бола тұрайыншы» деген Рамазанды да тыңдамай қолынан жетектей кетті.

Алдымен есін жиған Айнұр «кешір мені, жаным» деп күйеуінің иығына басын сүйеді. Ол болса көзінен шыққан жас тамшыларын сүрте бастады...

Алғашқы қар

Ертеңгі уақыт. Күн тынық. Аздап тұман бар. Шығыстан жаңа жайлы леп есіп, бетінді өбеді. Жапалақтап қар жауып тұр. Көптен күткен алғашқы қар. Бейне бір ақ көбелектей жайлап үстіге келіп қонып жатыр, қонып жатыр. Ұлпадай, аппақ. Кіршіксіз тап-таза. Жер беті түгелімен ақ көрпеге оранып ты.

Ауыл үйлерінің мұржаларынан будақтай шыққан түтін, зеңгір көкке тік көтеріліп барып тұманмен араласады. Бозторғайлар бағаналардың сымдарына нота жазып тізіліп отыр. Ертеңгі күндерін ойлай ма, бір түрлі мұңды пішінде. Шықылықтамайды.

Балалардың қуанышында шек жоқ. Жүздері бал-бұл жайнап, қар лақтырысып, шаналарын сүйретіп, аққала соғып, мәз-мәйрам болып жүр.

Сиырлар да тұяқтары сыртылдап, ауыл сыртындағы құдыққа қарай теңселе басып бара жатыр.

Ауыл аңшылары «қару-жарағын» асынып қансонарға, тау бөктеріне қарай бет алып барады. Нұрталап та мойын тұзағын қолтығына қысып, қоян аулауға шықты. Ізінде «Бөрібасары».

... Тұман сейіліп, қар да тоқтады. Аспанда ақ шарбы бұлттар мақтадай үлбіреп жөнкіле көшіп барады. Күн де бұлт арасынан шығып, шуағын шашып, шартарапты жарқыратып жіберді. Жерге інжу-маржан шашылғандай. Қалың қар күн сәулесімен шағылыса жалт-жұлт етіп, көз тұндырады...

Осы көріністің бәрі бойынды сергітіп, көңіліне шаттық нұрын құйғандай болады. Қиялыңды тербетеді.

Иә, осы сәттегі табиғат көрінісі неткен ғажап десеңізші! Мамыражай тіршілік. Ақ мамық дүние. Бар адамдардың көңілдері де осы алғашқы қардай аппақ болса ғой, шіркін!

Екінші кітап

Сезім пернелері

(өлеңдер)

Ақбөгет, Беларығым

Туған жердің аңсатып қыр-белеңін,
Салып отыр сағыныш дүрбелеңін.
Кешіре гөр Ақбөгет, Беларығым,
Мен бұрын қадіріңді білмеп едім.

Қабағыма қонбады мұң мен қайғы,
Мәңгілікке балдаурен байланбайды.
Кім ойланбас, қамшының сабындай-ақ,
Қысқа ғұмыр күн сайын қайраңдайды.

Енді бізге алданыш, таяныш не,
Қалған ғұмыр сабыр ет, аял істе.
Бергін маған өрлікті, өр рухты,
Өкініш боп әйтпесе қалар іште.

Сені аңсадым асығып келер таңым,
Сені аңсадым жастығым, кемел шағым.
Құрдас жігіт, құрбы қыз, қимас достар,
Туған ауыл, ата-жұрт, сені аңсадым.

Сөнбесің, деп көңілдің нұр шуағы,
Қайран жүрек тыпыршып тұрсың әлі.
Сенім барда мұқалмас, мен білемін,
Аңсаттырған алдымнан күн шығады.

Ескертпе: Ақбөгет, Беларық қазіргі Жаңақұрылыс ауылы.

Құса қылма

Жасыл көлдің үстінде жабағы бұлт,
Тепкілейді көк толқын жағаны үгіп.
Немересін көтерген әжелердің,
Жанарында ұшқындап жанады үміт.

Екі шыңды қосақтап тұсады бұлт,
Тау қойнауын қордалы құшады құт.
Немересін көтерген аталарды,
Ете көрме, ұлы өмір,құса қылып.

Жаңылды

Толқындары лағыл-ды,
Азайды өзен ағынды.
Жаз дегенің жазға тән,
Самалынан жаңылды.

Қара жерге жамылғы,
Қырауды жұрт сағынды.
Қыс дегенің қысқа сай,
Суығынан жаңылды.

Мақпал түні жағымды,
Күндерінен жаңылды.
Күз дегенің күз болмай,
Ызғарынан жаңылды.

Жандандырар тамырды,
Көктемге мін тағылды.
Масайратар жаныңды,
Мінезінен жаңылды...

...Ұлы жиі «қағынды»,
Әке тауы шағылды.
Ана деген аналық,
Айбарынан жаңылды.

Аға тастап сабырды,
Алаңдар «іс» табылды.
Жеңге деген жеңгелік,
Қамқорлықтан жаңылды.

Шері қыздан, кайғы ұлдан,
Ата жолдан айрылған.
Қалған сынды өмірді,
Қайта бастау «маймылдан».

Аруананы көргенде

Армысыңдар, аруана, үлегім!
Қанша ғасыр болдыңдар-ау тірегім.
Үлпілдеген ақ ботаңды көргенде,
Елжіреп бір соғып кетті-ау жүрегім.

Жанарыма жиналмасын нұр қалай,
Көкірегіме тау самалы ұрғаны-ай...
Бала күнде ішкен аппақ шұбаттың,
Таңдайыма дәмі келіп тұрғаны-ай!

Ұғысалық жүрекпен

Иә, адамдар...
Ұғысалық жүрекпен,
Көзімізбен,
Бұл қасиет табылар көбіміздең.
Жауласу да,
Дос болып қауышу да,
Туындайды адамдар, өзімізден.

Дауым бар

Теңізге бет алған бұлақпын,
Кезім жоқ тыншитын, дамылдар,
Өмірден алғанмын сыбаға,
Сонда да бітпеген дауым бар.

Кезігіп кедергі, бөгетке,
Белдестім болғанмен ол қауіп.
Сенемін өзіме, күшіме,
Бәрінен шығамын жол тауып.

Күрессіз өтпейді бекер күн,
Жол табу оңай ма жыракта,
Жартаска жармасып бітермін,
Жеңіліп қайтпасын бірак та.

Күмбірледі күйлерім

Тауысқанда мен ақырғы үмітті,
Келдің,
Нұрлы жүзің жүрегімді жылытты.
Әнім бітіп, толған кезде үйге мұң,
Келдің,
Қайтадан күмбірледі күйлерім.
Қатал тағдыр тас атқанда ісіме,
Келдің,
Қайтадан күш қосылды күшіме.
Соқпайтындай болған кезде жүрегім,
Келдің,
Өмірім де жадыратты іреңін.

Шындық

Бәрінен де жек көрем жалған істі,
Періштедей пәк болу арман ішкі.
Кім-кімнің де тура айтам кемшілігін,
Серік етіп жаныма ар-намысты.

Жағымпаздық шықпайды-ау, сірә, менен,
Жалған айтсам тұнжырап тұрады әлем.
Адам түгілі ең әрі хайуанды да,
Қорлағанды кешпейтін күнә көрем.

Естісең де жауыңнан көп кекесін,
Тек өзіңнен адалдық шеттемесін.
Бірақ, кейде шындық деп шауып жүріп,
Аярлықтың алдында мерт кетесің.

Адалдықпен кей жанға қауіптісің,
Сондықтан да шындықтың танып күшін.
Шындық үшін барынды құрбан етсең,
Мың мәртебе өмірде бақыттысың.

Дақ түсірмей...

... Мен бе екен бас иетін қайғы-мұңға,
Елімнің үлесім бар байлығында.
Арманым күнді аймалап асқақ үнмен,
Қиялым қалықтап жүр ай нұрында.

Шапқылап жеті белес өтсем-дағы,
Жүйткиді көңілімнің арғымағы.
Келемін жалғастырып ата салтын,
Дақ түсірмей, ардақтап қазақ атын.

Немере

Сүйкімді, тәтті, бір кәусар,
Мейіріңді қандырған.
Еркек болып туған соң,
Қайсар боп өс, балдырған!

Атыңды Димаш қойған соң,
Әлемді аузына қаратқан.
Талантың құлыным, тас жарсын,
Жар болып, ием жаратқан!

Өзім жайлы

Өзім жайлы ақпарды не деп берем,
Пенде емеспін тірлікте өбектеген.
Қалжыраған жұмбақтау жүрегімді,
Өр рухтың күшімен демеп келем.

Адам болып жүрмін-ғой өмір сүріп,
Өңмендейтін жан да емен, өңім сынық.
Дау-дамайлы топқа да түскенім жоқ,
Бас жарылып, болмаса қолым сынып.

Бұраланды тар соқпақ-пешенемде,
Сүрінгенмін аңдамай неше жерде.
Шырылдаған дауысын жүрегімнің,
Тыңдата алмай жүрмін ғой кешелерге.

Түпсіз, түпсіз тереңдік өмір деген,
Тұңғиығын толқытып жел үрлеген.
Сан жүз қайық қайраңда қаңтарылса,
Ұшанына тартады менің кемем.

Кел, жаңа жыл!

Кел, жаңа жыл, адымда,
Төрлеп келгін.
Деймін мен ырысымды селдеткен күн,
Жер – адамның мекені, ақ бесігі,
Ақ бесігін аялап, тербеп бергін.
Кел, жаңа жыл,
Құшақты айқара ашқын,
Отты жалын кеудемнен байқамас кім.
Шаттығымның әуені үзілмесін,

Тыныштықтың жауымен тайталасқын.
Кел, жаңа жыл,
Айтайын сәлем саған.
Жақсы үмітпен көз тіккен елім саған,
Сенде жетіп жеңістің туын тіксін.
Кел, жаңа жыл!

Бастарыңды қосыңдар

Тау төсінде таңертеңгі тұман бар,
Құзда қанат қатайтады қырандар.
Етегінде ақбасты Алатаудың,
Менің жайлы, жерұйықтай «ұям» бар.

Шілдеде бар шың басында қалың қар
Баурайында қарағай бар, қайың бар,
Табиғатын тамашалап қайтуға,
Келіп мұнда шат көңілмен барыңдар.

Кейде тауда тұман емес, мұнар бар,
Бұйра бұлттар нөсерлетсе шыдаңдар.
Біздің үйден алыс емес, әудемде,
Таудан төмен толқынды су сыландар.

Жұпар иіс, бау-бақшалы, көркем жер,
Көздеріңмен көресіңдер келсеңдер.
Кеткің келмей қалып қою мүмкін-ақ,
Сұлулыққа сыр бермеуге сенсең кел.
...Алыстағы, жақындағы досым бар-
Біздің үйде бастарыңды қосыңдар.

Мәні қалай?

Болмашыға түк шығып бетімізден,
Өре тұра келеміз шетімізден.
Мыңқ етпейтін кезіміз тағы да бар,
Алса дағы ет кесіп етімізден.
Мәні қалай?
Білмейміз,
Таң қаламыз.
Мінез бе екен, жұқтырған паң даламыз.
Төстей төзім төзерін байқатсақ та,
Төзер іске бүлініп шамданамыз.
Шыдам жетпей,
Әлде ашуға саламыз ба?
Кең болар ек, тартсақ біз даламызға.

Әулие өлкем

Әулие өлкем, алты қырдан аптығып,
Оралғанда күтіп алдың шат күліп.
Аяқ байлап, аймалайды ақ гүлің,
Тарқамастай, таусылмастай шаттығым.

Қуаныштан жарылармын тап бүгін,
Көңіл шіркін, буырқанды көлдей тым.
Өзің барда айналайын, туған жер,
Мен мәңгіге секілдімін өлмейтін.

Аққуым

Аққуым менің айдында жүзген,
Өзіңе құшақ жайдым да бірден,
Бір өзің үшін көңілім көл боп,
Сейілді тұман-қайғым да мүлдем.

Сезімге терең бойлаймын кіріп,
Сағынған сәтте ойлаймын тұнып.
Кездескен әр кез бақытты күнім,
Жадырап жаным, тойлаймын күліп.

Жанымның жайсаң жайнаттың бағын,
Ысытып бойды, жандырдың жаным.
Жас баладай ерке боп барам,
Қанымда ойнап, ерекше ағын...

Туған жердің түтіні

Туған жерде көз көрген,
Кімдер бар да, кімдер жоқ?
Бәлкім, бәрі өзгерген,
Бәз-баяғы күндер жоқ.

Мұңды ойларға көмілдім,
Жанарыма жас толып
Асқақтаған көңілдің,
Кеткені ме пәс болып...

Тыңда жүрек үкімін,
Тазар енді кір көңіл.
Туған жердің түтінін,
Мен бір аңсап жүрген ұл.

Жарыма

Жайнатып күнде дәйім өмірімді,
Шарк ұрып бақ іздеймін алмай тыным.
Бір жан бар құлазыған көңілімді,
Жұбатып, тәтті сөзбен баурайтұғын.

Толқыған іңкәр жүрек алып ұшып,
Бір жан бар тылсым шақта мені күткен.
Мен үшін тайсалмайтын жалын құшып,
Жанымды күзгі шықтай мөлдіреткен.

Махаббат бұлағының қайнары бар,
Қиналсам жанарынан жас ағатын.
Жанының жазиралы жайлауы бар,
Өксігін жүрегімнің баса алатын.

Жетелеп арманды ізгі шың басына,
Бойыма нұр-шапағын құя да алған.
Бір жан бар менің адал, мәңгілікке,
Жүрегімнің түкпіріне ұялаған.

Теңіз қайта толса...

Қиын болды суының тартылғаны,
Сорға айналды, саялы салқын бағы.
Әмуменен Сырдария қос өзенің,
Оған жетпей тоқтады қарқындары.

Балық қайда шашатын уылдырық,
Елдер аулап жүретін ерте тұрып.
Шөгіп жатқан кемені көзбен көріп,
Мұңаямыз кәсірет сырын ұғып.

Өкінішке қалдырды бәрімізді,
Қайдан табам Аралдай сәнімізді.
Теңіз жайлы айшықты жыр да бітті.
Мұң сезімге батырып әнімізді.

Арал – теңіз еді көк мұхиттай,
Ынтық болып жүруші еді жұрт та сырттай.
Аз да болса қалпыңа келтіре ме?
Өңкей басшы қаумалап, сені құртпай.

Тағдыры Арал шешілсе түйінінен,
Ағыл-тегіл атылса су иінінен.
Өзендерден сарқырап қосылса кеп,
Буырқанып, толықсып бүйірінен.

Жатса теңіз жарқырап, толқынданып,
Көріп тұрса қызығын халқым барып.
Қақ төрінде кемелер жүзіп жүрсе,
Жүрер жолы тағы да айқындалып.

Ойнап-күліп балалар бетін жуса,
Ащы суы көңілдің кірін қуса.
Қуаныш та, бақыт та сонда болар,
Арнасы артып, Аралым қайта толса.

Өмір жайлы ойланам

Бергенімнен бермегенім көп менің,
Сезбеппін-ау, жиырма бестің өткенін.
Отызға да келіп қалдым, мінеки,
Осыма еді көптен күткен «көктемім».

Алдағы асу-өмір жайлы ойланам,
Әрбір күннің қызығына тоймағам.
Тыныш қалай отыра алам еңбексіз,
Дүбірлетіп жатқан кезде айналам.

Қартаймасын жүрегім

Мұқалмасын, қартаймасын жүрегім,
Алла берген өмірімді сүремін.
Ұрпақтарға бақыт тілеп мәуелі,
Азат өмір келешекке тілерім.

ххх

Түрлі мінез қарасаң бұл өмірде,
Бірде жылап, бір мезгіл күлемін де.
Жақсыменен жанасып, дос та болып,
Жамандардан алыстап жүремін де...

ххх

Бірін-бірі алдайтын өтірікпен,
Ренжітер ағайын ерсілікпен.
Қанша жандар көңілімді қалдырса да,
Жүріппін ақ көңілмен кешіріп мен.

ххх

Бірі айтып артымнан өсектерін,
Талай дұшпан лақтырды кесектерін.
Бұл өмірге келген соң адам болып,
Ар алдында адамдық есеп бердім.

Иттер үріп...

Иттер үріп жатқанда қаумалаған,
Қалайша мен соларды аңғармағам.
Ақ жарқын аңқылдаған көңілімді,
Су сепкендей қылдырып, қалдырды әмән.

Шошқа мінез қорсылдап шыға келді,
Түзу өткен өмірді бұра берді.
Күнде осындай арпалыс, күрестерім,
Бітпейтұғын әйтеуір сұрақ белгі.

Кәндендер де шәуілдеп шықты алдымнан,
Көре алмастар көз тікті сұқтанғаннан.
Көңілімде мұң қалып, қайғы толып,
Құтыла алмай келемін бұққандардан.

Өсекшілер өрбітті өсектерін.
Кішіреймей бұларға кесірлендім.
Дұшпандарым табалап, қуанғаннан,
Қол соғады, құрып ап есептерін.

Жігіттердің жерідім майдасынан,
Арамзалық ниетпен ойды асырған.
Қарқылдаған қарғаға мән бермедім,
Түлкінің де сақтандым айласынан.

Мазалады сауысқан шықылықтап,
Өздерінше олар да ұпай ұтпақ.
Бір жылдары бұлбұл да ән де салар,
Бұл өмірден іздеумен мені жоқтап.

...Мені қойшы, өтермін осылай-ақ,
Бөгеттерге көптеген тосылмай-ақ.
Қазағымды ойлаймын "азып жүрген",
Бастары кете ме деп қосылмай-ақ.

Отыздан астым асқақтап

Отыздан астым асқақтап,
Көрмедім әлі жасқақтап.
Кездессе де қиындық,
Бұқпадым одан қашқақтап.

Тежемей өсті тіл өзін,
Содан-ақ мені біл өзің.
Әділетсіздікке төзбейтін,
Турашыл тіпті мінезім.

Айтар жерде айтамын,
Шындықты іздеп табамын.
Мұқалмас жүйрік қаламмен,
Сапарларға тартамын.

Ақыл-ой бәрін сезеді,
Жымысқылардан безеді.
Көңілдегі көк дөнен,
Тыныштық таппай кезеді.

Аралым естен кетпейді

Асқар тауларым, құба белдерім,
Көнекөз қартым-куәгерлерім,
Сендер болатын туа көргенім.
Төсінен жердің жуа тергенім,
Қиялдың мініп құлагерлеріне,
Болғымда келген құла мергенің.

Қырғта қызыл гүл бүрлегенде,
Көгілдір өзен күмбірлегенде,
Алыска арман жүр-жүрлегенде,
Қия алмай саған қарағам сонда.
Көздің жасына көңіл тұншығып,
Жанымның сырын білдірмегенмін де.

Бұршақтап қойдым төзім көгенін,
Көркің тұр көлбеп көзімде менің,
Көл болып жатыр сезім дегенің.
Алыста жүріп құдіретіңді ұқтым,
Жанында тұрып сезінбеп едім,
Пірім екенсің дәйімі менің.

Ел жақтан жиі хабар аламын,
Сырымды сақтар бар ма амалым,
Сағынған шақта далаға барамын.
Аралым бірақ, кетпейді естен,
Көшесінде сайрандап өскен,
Толқынды өмір қайығын өскен.

Дархан ой

Қоңыр салқын кешкі дала,
Түн тынысы сезілді ептеп.
Қолтығына жастық ала
Қисайды күн көз ілмек боп.

Дархан ойға жол ашамын,
Мынау жазық далада кең.
Бүгінгіге болашағым,
Байланысты болады екен.

Тастап ізін шұғыланың,
Ұясына тығылар күн.
Мен бір алыс көкжиекке,
Жетермін де жығылармын.

Түсер еске

Маңдайымнан сыйпаса майда леппен,
Алақаны анамның түседі еске.
Жібек желі даламның қайда кеткен
Қайда сол күн,
Сол күндер түс емес пе?!

Тас төбемде тынымсыз тыраулайтын
Тырналы аспан көлдерді жүз аунатқан,
Қайда сол кез жанардан сыр аулайтын,
Қайда сол қыз қол бұлғар тым аулақтан.

Күресуші ек

Нұрландырып алдымда үміт,
Жүрген шақ ойынды ойлап, жарқын күліп.
Ол да бір дәурен екен қайта оралмас,
Тек соны кештеу ғана қалдық біліп.

Білмей-ақ іні жөнін, аға жөнін,
Арманның ағызушы ек өр өзенін.
Жүгіріп жар жағалап, күресуші ек,
Жыртысып жейдеміздің жаға-жеңін.

Тулатып тұла бойда намыс, қанды,
Тұрушы ек тілеп біздер алысқанды.
Жеңілсек, ертең қалай жеңсем деумен,
Атырдық көрер көзбен алыс таңды.

Eh, біздер бала кезде білмеппіз-ау,
Күрестің өмір бойы бітпейтінін.

Қателік

Айналаңа көрсетумен сан қылық,
Бір құрметке үміт артып өтпе сен.
Қателестім деп түсінгін мәңгілік,
Өз халқыңның қадіріне жетпесең.

Жасыра алмай жанарыңның жарқылын,
Көңілің толып, өз өзіңнен күлме сен,
Қателестім деп түсінгін жарқынын,
Өзіңді өзің жақсы егер білмесең...

Тау қыраны

Алатау жатыр мұнартып,
Қонақтап бұлттар биігін.
Өседі шырша жармасып,
Жеткізбек болып иығын.

Кеудеңді кернеп тасқын ән,
Кетердей қазір саулап-ақ.
Жүретін қалқып жас қыран,
Шарқ ұрып тауда мұзбалақ.

Көп жылдар содан өтті енді,
Самарқау қағып қанатын.
Күтетін болды көктемді,
Жемтігін зорға табатын.

Қандайы болсын дұшпанның,
Бермейтін аспан, төріңді.
От ұшып көзден құстардың,
Барлығы жау боп көрінді.

Сонда да шыңды ұялап,
Маңдайын мейлі тілдірсін.
Шау тартқан кезде қиянат,
Көрмейін дейме, кім білсін?!

...Сорғалап шыңның басынан,
Шаңқ еткен соңғы дауысын,
Естіртіп кенет жоқ болды...
Бұрқ ете қалды қауырсын.

Дауылға мен де қарсы ағып,
Ерлікпен өтті көп күнім.
Қыранға біткен қайсарлық,
Маған да бітсе деп тұрдым.

Даланың адал ұлы

(Сағидан Қылышовқа арнаймын. Атақты шопан, үш орденнің иесі, 80 жасқа толғанда)

Оны осы ата кәсіп сүйікті еткен,
Жүр еді абыройды жинап көптен.
Бос кетпей ұзақ жылғы маңдай тері,
Еңбегі көтерді оны зеңгір көкке.

Иә, солай, қырық жыл ол қой бағады,
Жеңілін істер істің ойламады.
Көтеріп қиындықты жалғыз өзі,
Жеңісін жатыр ел боп тойлағалы.

Тұлпардай таң асырған, жаратылған,
Болғанмен көзге қораш-дара тұлға.
Қойшының таяғының шапағаты,
Еліне ырыс болып таратылған.

Артында төлдей шулап аңыз қалған,
Кеудесін дүбірлеткен тұлпар-арман.
Табылса ол табылған төскейлерден,
Жел сөзді, желең топтан табылмаған.

Күнбе-күн көбейеді жаңалығы,
Жанының таңғы шықтай тазалығы.
Сырласып желмен әне, бара жатыр,
Даламның айналайын, адал ұлы!

Жүрек сыры

Ғажайыпсың бір мен үшін аққуындай айдынның,
Жаратылған сәулесінен аспандағы ай-күннің.
Бір өзіңде сонша сезім: жылылық бар, көрік бар,
Тік карауға мөлдіреген көздеріңнен айбындым.

Ақын жаны қыз жанынан айнымаған нәзікті,
Ғашық жүрек сені ойлаумен шерлі болып азыпты.
Айлап жүріп, жылдап жүріп махаббатын айғақтап,
Саған деген жүрек сырын өлеңінде жазыпты.

Сүйеді екем мен сені

Сорыма яки бағыма менің кездестің,
Жанымды бұлай еріте алмаған өзге ешкім.
Ләйлімі өртеген махаббат менде екі есе,
Күйіп жануға төзермін бәлкім, төзбеспін.
Не жазсам шындық,
Шертілмес менде жалған жай,
Азапты тағдыр өзің арқылы салғандай.
Тауқымет емей, күйініш емей немене,
Шадыман өмір қаңырап сенсіз қалғандай.
Айтсам ба бәрін...
Тиеді ме екен бір себі?
Тек саған ғана иеді екем еңсені.
Тәкаппар жанның жан сыры болсын жария-
Сүйеді екем,
Сүйеді екем мен сені!

Төте жол іздемедім

Бұлбұлдай үн бітпеді тамағыма,
Ешкім де ас салған жоқ табағыма.
Ешкім де қараған жоқ қабағыма,
Қамқорлық жасалмады талабыма.

Озудың төте жолын жасамадым,
Қарбытып сыбағаны асамадым.
Тіледім өзімнің де, өзгенің де,
Жатаған тірлігінде бас аманын.

Күнә-ғой бір кез тұрып ойға батпау,
Мен неге естімеймін осы мақтау.
Басқаға жолым болғыш көрінгенмен,
Өзіме болғаны анық тайғанақтау.

Іштен жылап тұрсақ та

Қамықпастан қашан біз түлеп едік,
Бәрін, бәрін келемеж жүре көріп.
Іштен жылап тұрсақ та күлген болдық,
Жылаған да мезгіл бар күле беріп.

Не көрмедік сонымен,
Тек өлмедік.
Қайта жандық, тұрдық та сөнер болып,
Ойланайық, ағайын, бара жатыр,
Кезіндегі тасыған кемер кеміп.

Бас шұлғудан ұзақ жыл жаңылмадық,
Кім кеткенін білмедік бағыңды алып.
Іштарлықты өтірік ұмытқан боп,
Азулының айтқанын қабылдадық.
Үмітіміз бара жатты сағымданып,
Күйінсек те көрмедік шағымданып.
Көзбен көріп тұрсақ та өтірікті,
Адалдықпен бәрін де қабылдадық.

Біз емеспе ек жалаға наразы нақ,
Тыныштадды, ал, бүгін жан азырақ.
Қайта айналып өткен күн келмеуі үшін,
Енді отырмыз барлығын таразылап.

Күз

Түнеріп күз де келді қақпаны ашып,
Жоғалтып түсін бүгін-аспан ашық.
Қабағынан сескеніп қара бұлттың,
Балалар да қашты үйге ойнап асық.

Лайсаң қып жер бетінің сан адырын,
Шелектеуін жаңбырдың қара бүгін.
Сиреп саны қалыпты ел-жұрттың да,
Көше бермей жүретін қарақұрым.

Басталса да аспанның алды ашыла,
Болмады оңай сырттағы жанға, сірә.
Ұшып әлі кетпеген жылы жаққа,
Үймелепті түрлі құс тал басына.

Ақ тілегі анамның

Ақ тілегін анамның,
Әркез еске аламын.
Еске алам да сағынып,
Алау болып жанамын.
Құндағында бесіктің,
Ана тілін есіттім.
Сол арқылы бой жазып,
Сол арқылы өсіппін.

Әлдилеген әні де,
Ақ сүтінің дәмі де.
Шымырлатып бойымды,
Сайратып жүр әлі де.

Туыс көрсем алыстан,
Жақындап қол алысқан.
Ғанибет ғой, ағайын,
Өгейсімей,
Өзімсініп өз тілінде табысқан.

Әке рухына

Кеудемді ешкімге бастырмағаным,
Ешкімге жағынып жалбақтамағаным,
Бойыма айбат берген,
Сенің арқаң жан әкем!

Тағдырдың тәлкегіне қайыспағаным,
Өсектің өкпегіне майыспағаным.
Бойыма қайрат берген,
Сенің арқаң жан әкем!

Әділдік үшін аттандағаным,
Ақиқаттың ақ жолын аттамағаным,
Бойыма қуат берген,
Сенің арқаң жан әкем!

Пасықтарға пысқырып қарамағаным,
Адамдарды топқа бөліп алаламағаным,
Бойыма ізгілік нұрын сепкен,
Сенің арқаң жан әкем!

Жастықтың жөнсіз желігіменен,
Есерліктің есірген ессіздігімен,
Ренжіткен кездерім болса,
Кешір мені, жан әкем!

Украина жерінде

Қандай жақсы пәк қылықпен қиялдау,
Алыс қала... балаң сезім қиналды-ау.
Қиыны мен қызығы мол әлемге,
Сіңіп кетті бір бозбала ұяңдау.

Сіңіп кетті сол өмірге сол бала,
Алып ұшқан жүрегімен толғана.
Аман болса бір хабарын береді,
Қарай берме талдырып көз жолға, Ана!

Сыр алдырмай өмір атты шабыста,
Жетті талай Украинада табысқа.
Сонау Карпат... Днепрдің бойында
Сағыныштан жыр оқыды ағысқа.

Н. әскери бөлімі.

Біреуге

Бір соққыдан ұшып кетіп үрейің,
Шыбын жаның шыға жаздап қалған ба?
Дейсің бе әлде бұғып өмір сүрейін,
Бір түкпірде, осынау кең жалғанда.

Шөп-шаланды жамбасыңа жиып ап,
Іннен тұмсық шығармасқа бекіпсің.
Ін аузына сүйек-саяқ үйіп ап,
Бетіңді әрі қаратып-ақ кетіпсің.

Алматыдан қайтарда

Жарқырап қызыл ала нұрға шомған,
Көктемде әсем көңілді шуға толған.
КазМҰУ-дың алаңқайы – бір айдын көл,
Күндізде де, кеште де «құстар» қонған.

Жаутаңдап көз ала алмай Алатаудан,
Алаңдап арыла алмай мың тәтті ойдан.
Еріксіз ерте қайтқан жандай болам,
Қызығы жаңа қызған думан-тойдан.

Он жеті жас

Қар кетіп, көк шықпаған,
Қара қатқақ күндерде,
Қара қуға ұқсаған,
Қараңғы мамық түндерде,
Боянған жаңа жер жүзі,
Үлде мен бүлде гүлдерге,
Жыпырлаған жұлдызы,
Жымың қаққан түндерде.
Биледі-ау бір пәк сезім,
Онда он жеті жаста едім.

Әдет

Тал шыбықтай аруға,
Көз барма сүзілмейтұғын.
Сұлуға – гүл шырынға,
Шөліркеп үзілмейтұғын.

Аңқып иісі алдымнан,
Өтсе уылжып бір сұлу.
Әдетім бар әттең-ай,
Жастық шақтан күрсіну.

Аралыма шақырамын (Әні бар)

Көк толқындар ah ұрғанын,
Әлем естіп жатырғанын,
Есітуге құштар болсаң,
Аралыма шақырамын!

Таңды қалай атырғанын,
Күнді қалай батырғанын.
Көргің келсе ерлерімнің
Аралыма шақырамын!

Жанған кезде жан шырағым,
Шағаладай шарқ ұрамын.
Көргің келсе шалқуымды,
Аралыма шақырамын!

Бұлақ және жастық

Ағады бұлақ, аптығын оның басты кім?
Тұрады дейсің қашанғы орап тасты құм...
Басынан таудың құлаған осы тасбұлақ,
Білсеңіз менің бастықпай жүрген жастығым.
Бөгеген жолын, байлаған жолын тас қаттап,
Кетпейді содан арнасын алып қашқақтап.
Шу асау бұлақ – албырт жүректі жастығым,
Қараған көктен қалғыған құзға асқақтап.

Ағады бұлақ өзінің бұла көркімен,
Шөлдерді іздеп барады әні еркімен.
Менде сол бейне жарқылдап аққан бұлақтай,
Келемін жүріп жүректің алау отымен.

Достарды аңсау
(Әні бар)

Қуана күлсем ортаңда,
Жадырап жаным құлпырды.
Сағынып күтем әр таңда,
Достарым, жарқын күлкіңді.

Сендерде менің тынысым,
Сендермен бірге тың ісім...
Араңда жүрсем шаттанып,
Бақыт та сол ғой мен үшін.

Сендермен гүлдеп жас жаным,
Сыршыл да бола бастадым.
Ақ көңіл, асыл достарым,
Өздерің – менің асқарым.

Толғаныс

Армысың ақ тілеулі, пәк көңілді,
Жаңа жыл, бөлей келдің баққа өңірді.
Арала кең жазира Отанымды,
Ұсынам отауымнан қақ төрімді.

Сен келдің күйге бөлеп, жырға бөлеп,
Дүние өзіңменен жүр дөңгелеп.
Хош енді, мың тоғыз жүз сексен екі,
Тарихта орның қымбат, жұртың бөлек.

Хош енді, ақсақалды ескі жылым,
Соңғы рет мейрамдап қал кешті бүгін.
Армысың, мың тоғыз жүз сексен үшім,
Ал, баста уақыт атты көшті бүгін.

Армысың, жаңа жылым жолдас қылған,
Атсыншы нұр шапақпен алғашқы таң.
Жыл болшы армандар мен армандарды,
Бақыт пен бақыттарды жалғастырған.

Жырынды осындайда ақтар ақын,
Қақсыншы шабыт, сезім ақ қанатын.
Сексен үш, жылым болшы күнің ғажап,
Келесі сексен төртте мақтанатын.

Қазағым

Жомарт болып жаралған,
Біздің қайсар қазақтарда жоқ арман.
Бұл күндері Бақытыңыз бұлардың,
Шалғайына өзі келіп оралған.
Қара көздер, нұрлы көздер тұңғиық,
Күнгірттерге күн шапағын тұр құйып.
Біз сөйлейміз ақылымен Абайдың,
Біз Мұхтар боп ойланамыз, сыр түйіп.

Қызыл тумен безендірген қырларды,
Біз боламыз Аманкелді ұрпағы.
Кеудемізде тұнып біздің тұр бүгін,
Коммунизм нұр таңы.

Біздер мына аңқылдаған жомартпыз,
Бір күніміз өтпес сірә, қонақсыз.
Жаурап келсең жылытамыз, достарым,
Қазағымның от құшағымен орап біз.

Алып домна-қасиетті бай далам,
Ішінде сен «металл» құж-құж қайнаған.
Космостың көк құстарының ұясы ол,
Көгімізде шыркөбелек ойнаған!

Барлық халық бауыр маған, дос маған,
Көңілімде гүлдерім жоқ ашпаған.
Өз бақытым бір басыма жетеді,
Бақыт сұрап көрген емен басқадан...

Ақ қайыңдар

Ақ қайыңдар, ақ қайыңдар тербелген,
Айлы түнде тербелгенін көргем мен.
Сонда мен де тебіренгем еріксіз,
Сонда мен де сыр ұққанмын сендерден.

Жан дүниемді ақ қайыңдар билеген,
Сендерге мен қараушы едім сыйменен.
Жапырағыңды көрген сайын төгілген,
Сұлу қызбен кездескендей күйге енем.

Ақ денеңмен сен тұрасың қымсынып,
Сені көрсем мен өтемін күрсініп.
Сұлу қайың, мұңлы қайың, ақ қайың,
Кейбір сәтте қалам саған сүйсініп.

Жақсылық тілеп жүремін

Достасты десе мәңгіге екі ел жаңадан,
Лүпілдеп жүрек көңілге шаттық тараған.
Күн өткен сайын достардың саны көбейіп,
Қаншама халық сеніммен алға қараған.

Бейбіт күн үшін болмайды әсте бұрқанбай,
Жақсылыққа шөлім келеді әлі шын қанбай.
Езілген елді, адамды барлық бақытқа,
Шақырып Ильич тұғырда биік тұрғандай.

Жақсылықтар елі-құдіретті менің ұлы елім,
Елім деп дәйім соғады құйттай жүрегім.
Шартараптағы ақ көңіл адал жандарға,
Амандық тілеп, қуаныш тілеп жүремін.

Мен сені еске аламын

Күлкіңді еске аламын,
Сылдырап бұлақ аққанда.
Мен сені еске аламын,
Арайлап таң атқанда.

Мен сені еске аламын,
Самал жел беттен өпкенде.
Нұрландырып даланы,
Сұлу ай нұрын төккенде.

Әніңді еске аламын,
Бозторғай шырыл қаққанда.
Мен сені еске аламын,
Жиделер бүршік атқанда.

Н. әскери бөлімі. Украйна.

Әкеме

Жел өтінде бір майысқақ гүл едім,
Албырт едім, әнтек басып жүр едім.
Аямадың шуағыңды бір менен,
Мен өзіңнің ақылыңмен түледім.
Көрдің, көрдің бейнеттің де талайын,
Қайран әке, ағарыпты-ау самайың.
Айта берші ақылыңды әлі де,
Жұлдызың боп, шырағың боп жанайын.

Сағыныш болды сол бір түн...

Есімде сол бір ғажап шақ,
Сайраңдап біздер бір жүрген.
Төңіректе күллі құс сайрап,
Қарсы алған түнді мың жырмен.

Қарсы алды бізді жаз түні,
Желменен жібек аймалап.
Керемет еді назды үнің,
Төбеден тұрды ай қарап.
Үңіліп аппақ параққа,
Мінекей жалғыз отырмын.
Сен жүрсің қазір жырақта,
Сағыныш болды сол бір түн.

Н. әскери бөлімі. Украйна.

Сәулешім

Кездеспей қойдың нағылып,
Тілдеспей қойдың нағылып.
Ойларға малтып бұл күні,
Өзіңді жүрмін сағынып.

Өзің ең гүлдей нәзігім,
Естілмей қойды-ау наз-үнің.
Сүюден басқа беріліп,
Бар еді қандай жазығым.

Көңілдің құсын шырқатшы,
Жүрегім жырын бұрқатшы.
Нұр толып қара көзіңе,
Сәулешім, менің тіл қатшы.

Мұрагер
(Ұлым Досболға)

"Мен шықпаған биікке көтерілген,
Отаныңның ұлы боп өсе білген.
Біз жүрмеген соқпақсыз жолды басып,
Жалғасы бол жан балам кешегінің.

Мен жер болсам, сен ай бол аспандағы,
Кейіпкері бола-ғой дастандағы.
Сен елімнің қаһарман ұланы бол,
Өміріңнің мұқалмай баспалдағы.

Болған жаман жігіттен жырақ елі,
Сен еңбектік атанғын Құлагері.
Мұзбалдағы бола біл Хан Тәңірдің,
Өмірімнің жалғасы - мұнагерім.

Үшінші кітап

"Арсыз болмай атақ жоқ"

(әзіл-сықақ, фельетондар)

Амал

Алшаңдап басып,
Кеудесі көктен асып,
Көңілі көлдей тасып,
Өзін өзгеден тек,
Артық жаралғанға балап,
Бір шоқып, екі-үш қарап,
Қорадан боқ теріп жеп,
Қарны қабақтай толып,
Беті табақтай болып,
Бір қарға жүрді де:
-Көрдің бе, міне,
Мына мені, - деді-
Тарықпан ештеңеден.
Қорыкпаймын тіптен,
Анау жүрген,
Арпылдап үрген,
Ит түгілі Бүркіттен.
Лезде, бірақ,
Бүркіт тұрмақ,
Құзғынды көргенде-ақ,
Құрдай болып жорғалады,
Құлдай болып лыпылдап,
Өз басын әрең қорғалады...
Бұл қарға жүр әлі,
Әдетін сақтап.
Біреуді мақтап,
Біреуді даттап.
Иттерді Бүркітке,
Бүркітті иттерге,
Сыртынан жамандап,
Әйтеуір амалдап...

Өтірік

Екі езуі көпіріп,
Бөсіп кетті Өтірік.
Ойға түсті құйылып,
Шыңға шықты секіріп.
Шындығынды үптеді,
Таудай етті нүктені.
Тарыдай ғып тауынды,
Бұтарлады, бүктеді.
Бәрін түзер тезі боп,
Күймей жүрген кезі жоқ.
Басты Ақиқат құлағын,
Бос мақтаннан мезі боп.
Көріп еді бәстесіп,
Көріп еді серттесіп,
Түсті Шындық бір саты,
Ал, Өтірік кетті өсіп.

Біркақпайлар

Нағыз иттер

-Осы күні біртүрлі «типтер» көріне бастады.

-Ал нағыз иттер сол «типтер». Біліп қой.

Өзі ғой

-Қызметкеріңізден пара алғаныңызды мойындайсыз ғой.

-Жоқ.

-Неге?

-Алмаймын десем де қоймай, тыққыштап, қалтама салып жіберген өзі ғой.

Сүт емес

-Шешей, қымызға сүт қосып жібергенсіз бе?

-Сүт емес, шырағым, су ғой. Ащы болғасын...

ТСС-СС

-Сен маған, мен сағанның заманы өтті-ау деймін а-а?

-Қаш-шан

-Айтқандай, өткендегі шаруа не болды? Ананы тауып қойып едім...

-Тсс-сс... Ертең әкелсейші.

Парақор...

-Ойпырмай, полициялар мен дәрігерлер жалақымыз аз деп зарлайды. Бірақ астарында бір-бір шетелдік машина. Бұл қалай, а?

-Е-е-е, «Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» алатындардың нақ өзі ғой олар. Мінеді сосын... Тіпті, қайта-қайта мінеді көлікті.

Шымшымалар

Өсекші

Ішіп алып арақты,
Гулетіп өсек таратты.
Қысыр сөзді қиқымдап,
Жұртты аузына қаратты.

Ойлағаны өз жәйі

Еңбек етіп терлемеген маңдайы,
Ойлағаны – тек өзінің жағдайы.
Бірақ-дағы кеуде керіп «мен, мен» деп,
Көкең осы төрде отырар тойдағы.

Есер мен есті теңесер

Кері кетіп заман азарда,
Асылдар оңып, тозарда,
Есер мен есті теңесер,
Саудагер болып базарда.

Өңшең мыжу

Өңшең мыжу жиылып,
Құр сөзден куырдақ қуырып,
Жүреді ылғи «ұйлығып».
Бұларға сеніп жүргенде,
Дүние кетті-ау былығып.

Лақтырғыш

Күні түсетін кезде,
Жанында жүреді ағалап.
Атыңды да жамылып,
Талай ісін тындырып.
Діттегеніне жеткен соң,
Не, сен қызметтен кеткен соң,
«Лақтырып» кетеді,
Басқа адамды сағалап...

Жабайы қоғам

-Көшеге шықсақ жартылай жалаңаштарды, теледидарды қоссақ, тыржалаңаштарды көретін болдық ғой.

-Оның несі таңсық. Жартымыз алғашқы қауымдық құрылысқа, жартымыз «жабайы қоғамға» қарай бара жатқан жоқпыз ба?!

Қара қайық

-Біз өмір сүріп жатқан қоғамды неге теңеуге болады?

-Дауыл соқса аударылып түскелі тұрған ұшан теңіздегі қара қайыққа.

Қазаннан қақпақ кетсе...

-Біздегі шенеуніктер қалай байиды?

-«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегенді еске түсірсең түсінесің.

Жұмбақтар

Бұл кімдер?

Өмірде қанша теперіш көрсе де, биік мінберлерде басшыларды мақтайтын адамдар. Бұл кімдер?

(Зиялы қауымнан шыққан жағымпаздар)

ххх

Халықтың маңдай терімен жасалған байлықтан «капитал» жинаса да, оларға шекесінен қарайтын «тұлғалар». Бұл кімдер?

(Лауазымды шенеуніктер)

ххх

Әрі шенеунік, әрі бизнесмендер. Бұл кімдер?

(Халықты қанаушы алаяқтар)

ххх

Шенеуніктерді ішіп-жемегендер дейді,
Халықты зәбір көрмегендер дейді.
Ал тәуелсіз БАҚ-тарды,
Тәуелсіздікке қауіп төндіргендер дейді.
Сыңар езу, сыңар жақ бұл кім?

(Тұрсынбай Жандаулет)

ххх

Қараны ақ деп мақтайды,
Ақты қара деп даттайды.
Біреулердің аузына салып бергенін,
Талғамай-ақ «оттайды».
Бұл кімдер?

(Жалдамалы жорналшылар)

ххх

Әкімдердің қасынан шықпай, жарамсақтанып, жырын арнап мадақтағанда ауыз жаппайды. Ал, халықтың мұңзары мен шерін айтуға келгенде ауыз ашпайды. Бұл кім?

(Бүгінгінің сарай ақыны)

«Арсыз болмай атақ жоқ»

Қырт бөлмеде жалғыз өзі. Жұмсақ орындықта шалқайып отыр. Көңілі тоқ адамға ұқсайды. Алдындағы «ақаңнан» жүз грамм құйып тартып жіберді де, темекісін құшырлана сорып, қос танауынан ауылдағы баяғы қоржын тамның мұржасынан шыққан түтіндей будақдатты-ай кеп. Сосын қайтадан ой құшағына берілді. Қалаған атақтарымды жолын тауып алдым. Осы жасқа дейін жұмыс істеп оңдырмағаным өзім мен өзімді білетін аз ғана адамдарға аян. Мен тышпаған төбе жоқ. 6-7 ай әжік-күжік жұмыста, 5-6 ай жұмыссыз. Әйтеуір уақытты өткіздік. Тек соңғы жылдары жастық шақтағы достарымның арқасында ілдалалап келдім. Қара басымның қамын күйттеумен жүрсем де олар көрмеген болып, білмеген болып жауырды жаба тоқыды. Бірақ, қазір солардан мен оздым. Оларда атақ жоқ, менде атақ көп. Олар үкіметтің жұмысы деп тәтті ұйқысын төрт бөліп, күндіз-түні далақтап жүргенде, мен тыныш ұйықтап, өз шаруамды ыңғайлап, ұпайымды түгендеп жүрдім. Қолында билігі барлармен іздеп барып, таныстым. Адам салып біреулермен жұғыстым. Өзімді мақтаттым біреулерге, өтірікті судай сапыртып. Мен де оларды асқақтаттым. Қазір жергілікті биліктің құрметтісімін. Аналар жүр есіктен сығалап... «Астапыралла, астапыралла». Өз ойынан өзі шошып селк ете қалды. Біреу сезіп қалған жоқ па деп жан-жағына алақ-жұлақ қарады. Ешкім жоқ. Уф! деп демін бір алды. Аузы көпіріп, талай «концертті» қойып сді-ау көшеде. Тфа-тфа беті әрмен. Еске алмай-ақ қояйыншы.

Тағы бір жүз грамды тамаққа тастап жіберді де:

-Та-ақ,- деп ыңыранып телефон тұтқасына қол созды. Арақ емес, су ішіп отырғандай.

-Әй-й, Мырқы, қайдасың?

-Ауылдамын, ағасы.

-Жұрт не деп жатыр мен туралы? Біраздан бері хабарласпадың. Айта бер.

-Мына соңғы алған атағы да артықтау. Ол кісінің жәйін білеміз ғой,- деп жатыр.

-Дей берсін. Мен сияқтылардың талайы «ауданның құрметті азаматы» атанып жүрген жоқ па?!

-Я десейші, иттің итақайы алып жатыр-ғой.

-Әй, бала не тантып кеттің...

-Кешіріңіз, аузымнан шығып кетті ағасы.

-Аузыңа ие болып жүр, демедім бе саған мен.

Мырқы Қырғтың көлеңкесіндей ізіне еріп жүретін інілерінің бірі. Кейде ол осыдан кеңес сұрайды. Өйткені, жоғарғы білімі бар мұның.

-Әй, Мырқы, мен алмаған енді қандай атақ бар?

Ол біраз кідірді. Ойланып жатыр-ау шамасы. Бір кезде ар жақтан:

-Эврика, эврика, - деген дауыс кәндендей шар ете қалды. –Таптым.

-Тапсаң айта қойшы.

-«Облыстың құрметті ардагері» деген атақ шығыпты. Қызық өзі. Түсініксіздеу... Басқалары не сонда а?

-Оны уже алып қойғанмын.

-Ойпырмай, аға, не деген бас. Шала оқып бітірген он жылдық біліммен, жұмыс істеп мандытпай-ақ... Соған қалай басыңыз жетті. Біз жүрміз бес жыл оқыған дипломмен. Дым жоқ. Еңбегіміз еш, тұзымыз сор... Аға, маған да бір атақ алып берсеңші.

-Амалын табу керек. Соның арқасында алдық-ғой бәрін.

-Аға, атақ алатын кезде өмірбаян жазыла ма?

-Жазылады.

-Сізде не диплом, не мамандық жоқ, атестаттан басқа. Не тұрақтап жұмыс істеген жеріңіз жоқ. Кілең жоқ. Сонда

қалай? Менің мүмкіндігім бар екен-ғой...

-«Әй, бала, ебін тапқан екі асайды» деген сөз бар қазақта. Болды енді. Былшылдай бермей, айтсаңшы, қандай атақ бар?

-Алып болдыңыз-ғой, бәрін аға! Депутат болмасаңыз.

-Ай, жарайсың Мырқымбайым. Давай, дайындал. Есіме жақсы салдың. Үгіт-насихат жұмысын жүргізесіңдер. Өзің білетін ауылдық округтен түсемін. Мына жағында қайын жұртым, ана жағында нағашы жұртым. Ортасында өз жұртым... Жігіттерді жина астыртын.

-Аға, ұят емес пе? Әтіберлі қызмет істеген жоқсыз. Әр жерде майда-шүйдә бірдеңелерді тиіп-қашып, әйтеуір... Бәрі біледі ғой. Білім де жоқ. Жұрт күлмей ме?

-Әй, бала ұят-пұятты қой. Жұрт айтады да қояды. Көріп жүрміз. Ұялған аш қалады. Іске кірісейік. Сосын саған да бір атақ алып беремін. Жолын білемін дедім-ғой. Саспа!

-Аға!

-Ау-у-у.

-Мына жанымда тұрған Сиқым айтады. Абай айтыпты дейді...

-Не айтыпты Абайың?

-Абай «Арсыз болмай атақ жоқ»,- депті. Мен атақ алмай-ақ қояйыншы. Ұят скен.

-Өй, Абай айта береді-ғой. Ағаң депутат болса, сен де жаман болмайсың. Қапелімде ұятың ұстап қалыпты-ғой. Давай, дайындал! Сайлауға түсеміз!

Телефон тұтқасын тарс еткізіп орнына қоя салды.

-Мен бұл ағамды төбеме көтеріп жүрсем, сыры енді белгілі болды,- деп Мырқы Сиқымға аңтарыла қарады.

-«Қолыңнан келсе қонышынан бас» деген осы. Заман солай болып кетті ғой,- деп Сиқым ауыр күрсінді.

Қазақстандық демократия

-Қазақстандық демократия дегеніміз не?

-Қазақстандық демократия дегеніміз – ауызға қақпақ, аяққа тұсау деген...

-Түсінбедім. Анығын айтшы.

-Анығы: абайлап сөйлеп, ақырын жүру. Жоғарыға бас шұлғу. Әйтпесе...

-Ал, қазақстандық адам құқын қорғау дегеніміз не?

-Қазақстандық адамның құқын қорғау дегеніміз – адамдарды жұмыссыз қалдырып, жұмыстағылардың жалақысын, зейнеткерлердің зейнетақысын, балалардың жәрдемақысын мандытпау, тағы сондай сондайлар.

-Тоқетері?

-Тоқетері: адамдардың ар-намысын таптап, «бір шыбықпен» айдау.

-Иә-ә, арманымыз аяқ қаптай екен-ау.

Эх, тәуелсіздік

-Біз шынымен тәуелсіз елміз бе?

-Бауырым, еліңді, жеріңді шетелдіктер талапайға салса, зауыт-фабрикаңды шетелдіктер алса, халқың соларға жалданып, құлдан бетер өмір кешсе тәуелсіздігің қайсы? Тәуелсіздік алған ел емес, ел басшылары-ғой.

-Ә-ә, әйтеуір қара халық тәуелсізбіз деп айтпайды, ал, басшылар тәуелсізбіз деп сайрайды. Эх, тәуелсіздік, тәуелсіздік...

«... қыздар сияқты»

-Қазіргі саясат қандай?

-Айтуға ұяласың.

-Ұялма. Біздің қоғамнан ұят қашқалы қашшан

-М-м, тәнін сататын қыздар сияқты.

«Атан»

-«Атан» деген партия шығыпты-ғой.

-Ендеше, ондағылар күндердің күнінде халықтың өздерін атандай бақыртатынын білген де.

Ақпақұлақ

Үй болған соң әлбетте, кесе-аяқ сылдырамай тұра ма? Бір күні ерлі-зайыптылар болмашы нәрсеге бола ұрысып қалады. Сонда айтқанына көнбеген еріне әйелі:

-Осы еркектерге бірдеңе айтсаң бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді, ақпақұлақ- депті. Сөз шымбайына батқасын ері қарап тұрсын ба:

-Ал, әйелдерге бірдеңе айтсаң бар ғой, бір құлағы емес, екі құлағынан бірдей кіріп, ауыздарынан абалап шығады, орыстардың кәндені сияқты,- деп өз жауабына риза болған пішінмен миығынан күліпті.

Бір малға екі сом

Шілденің аптап ыстығында денелері іркілдеген, мәстек қарын екі жолаушы шыттай ақ көйлектері терге шыланып, екі иықтарынан ырс-ырс демалып, бір ауылдық жердің конақ үйіне келді. Амал не, олардың маңдайына іші ластау, әрі қапырық ыстық бөлме тап болды.

-Әй мына мал қораға қанша төлеу керек?- деді олардың бірі бөлмеге көңілі толмай, менсінбегендей паңдана. Сол сәтте:

-Күніне бір малға екі сом, екі малға төрт сом,- деді ойланбастан қонақ үй қызметкері, қарт кісі. Ал, олар оның не айтқанын түсінбегендей болып, тілдерін тістеп үнсіз қалды.

Шақша бас

Көшеде екі дос кездесті. Бірі дәрігер болатын.

-Ау достым-ау, емдеген адамың жазылып шықты, енді неменеге қабағың түксиіп, түнеріп жүрсің,- деп қулана

түсті бірі.

-Е-е, солайы солай ғой. Бірақ соған қай дәрінің шипа болғанын біле алмай, шақшадай басым шарадай қатып жүр,- деді дәрігер.

Тарт қолынды

Бірде көшеде келе жатып шағын мекеменің бастығымен кездейсоқ кездесіп қалдым. Әрине, үлкенге сәлем бермеу, дәстүрімізде жоқ қой. Қасынан үнсіз өтіп кетуге әбессіндімде, сәлем беріп, қолымды ұсындым.

-Тарт қолыңды. –Оның жер тесердей шіңкілдек даусы құлағымды жарып кете жаздады. Аң-таңмын. Мұнысы несі. Аңтарыла бетіне қарадым. Бұғағы салбырап, көзі шатынап кеткен екен.

-Кімді мазақ қылып тұрсың?

-Кешіріңіз... –Мен орнымда қаққан қазықтай қалшиып тұрып қалдым.

Ол кетісімен аялдамада көріп отырған әжелер еріндерін бір сылп еткізіп, таңданған кейіп байқатты. Иә, шындығында да таңданарлық қой бұл.

Япырай, кішіпейілдік, сыйластық деген тым жақсы қасиеттен жұрдай болған неткен бюрократ жан еді. Қол бергеннің несі айып?

Орысша ма, қазақша ма

Демалыс күні болатын. Кешкілік кино көрмек болып театрға бардым. Театр алдында орта жастағылар да, пышақтың жүзіндей қылшылдаған жас жігіттер мен сылқым қыздар да көп екен. Төңіректе музыка үні қалықтайды. Мен жұрттан оқшау шетке барып тұрдым. Бір кезде менің жаныма кірпік, қастарын бояған екі бикеш келді. Қою қара шаштарын мойынының тұсынан қиыпты. Және балағы қырық сантиметрлік кеңдіктегі шалбар киген.

Иә, сонымен менің қасыма келісімен өзара сөйлесіп бір берді дейсің. Қазақша, орысшаны араластырып судай сапырады. Не қазақша емес, не орысша емес. Ең болмаса орыс тілін жетік білсе де бірсәрі ғой. Ал, олар орыс тілін бұрмалап сөйлеп, сонысымен-ақ өздеріне білгішсініп тұр. Мен еріксіз мырс етіп, теріс айналдым

Сатушы ебі

Дүкен іші. Кезекте тұрғандар көп екен. Мен де келіп тұрдым. Сатушы келіншектің қолы қолына жұғар емес. Аузына да тыным жоқ. Есеп шотты қаққанда бес саусағы бірдей жұмыс істейтін тәрізді. Барлап қарасаң, сонысының өзінде де бір гәп жатқан сияқты. Мәселен, шотты сұқ саусағымен қағып тұрып, шынашағымен де «бірлік» деп аталатын бағанадан бір тасты іле кетеді.

-Әй, болсайшы сексимей,- деп шаңқ еткен даусынан селт ете қалдым.

-А-а. Маған бір темекі бере қойыңызшы,-жиырма тиын ұсындым...

-Мә. –Іле «Новость» ұшып келіп алдыма сарт ете түсті.

Сыртқа шыққасын барып білдім, екі тиынымды қымқырғанын. Әр адамнан осылай жегенде...

Үйленгендер айтады...

Бір күні сарқылдап қайнаған самаурындай екпінімен жел есе, екі иінінен дем ала ентіге басып Мырқының жұмалана жетіп келмесі бар ма үйге. Маңдайынан тері шып-шып шығып, жүзі шиқандай қызара, тәмпіш танауы делдиіп кетіпті. Тіпті бұрын байқамайды екенмін, табақтай бетіне жапсыра салған тампық мұрны да, денесін май басқандықтан әзер көрінеді пәтшағардың. Түсі әлемтапырық... Имандай шыным, әдепкіде өзім де сасып қалдым.

-Ау, достым-ау не болды, аманшылық па әйтеуір.

-Алып қашты. Уһ! –Ол сылқ етіп орындыққа қонжия кетті. Мен түсіне алмай қайта сауал қойдым.

-Нені?

-Ой, әлгі Қашқынбек қыз алып қашты деймін. Кешкісін соның тойына барып сылқия бір тоятын болдық. Ха-ха-ха, уһ.

Аң-таңмын.

-Ненің тойы?

-Ай, аңқауым-ай, аңқауым-ай. Соны да білмейсің бе енді, алып қашты деген – үйленді деген сөз емес пе? Есіңде болсын...

-А, солай ма еді?! –Сөз сорабына жаңа түсіндім.

-Солай, сенің де әлі сұрбойдақ болып жүргенің, сол ешнәрсе білмейтіндігінде. Әй, айтшы қашаңғы сен әпендішілеп бостан-бос жүре бересің. Әлде қызтекесің бе?

-Жоқ-ә!

-Ендеше тыңда бала, бұл үйленудің оңай бір әдісі. Саған да айтайын ба?- деді ол жерден жеті қоян тапқандай алға ұмсына түсіп. –Оллаһи, биллаһи мен де солай үйленгенмін.

«Оңай әдіс» деген сөзді естісімен, жұдырықтай жүрегім атша тулап орнымнан үш тұрып, үш отырдым. «Айтшы, айтшы» дедім қашан есітіп сырына қаныққанша ынтыға түсіп. Ол үрген местей кампиған қарнын қос қолымен сипалай отырып, біраз шиқылдап күліп алды да, ешкім есітіп қалмасын дегендей, жан-жағына шағыр көзін жүгіртіп өтті. Сосын сөзін бастады.

-Әгәрәки, ондайды шынымен нөл білмейтін болсаң тыңда дұрыстап, - деді сұқ саусағымен иығыма нұқып қалып. –Мәселенки, сен көшеге шықтың дейік, батылдау болу үшін бұлжымайтын заңды түрде «ақаңнан да» тартып

алған жөн. Айтпақшы, әлбетте астарында жүрісі жайлы, жорғадай бүлкілдеген жеңіл мәшинелерің болу керек, әлгі легковой ше? Сонымен қасындағы сарбаздарыңмен жайменен жүріп отырасың. Кенет, көше бойлай келе жатқан аққудайын сылаң қаққан, қаз мойынды, сұлу мүсінді арудайын қыз көресің. Сөйтесің де ес-түссіз ғашық боласың оған. Өйткені, ондай қызға ғашық болмау... вообшым мүмкін емес. Ол ұнатсын, ұнатпасын бәрі бір. Сосын тіліменен тас жібітіп, тау бұзатын, қыз жүрегіне еркін бойлап, жіпсіз байлайтын, сылқым жігіттердің бірін жібересің ізінен... Әдетте, қыз дегендерің де сондайларға тез құлайды дейді ғой, осы қайсыбір білгішбектерің.

-Кім біліпті, рас та шығар.

-Сөзді бұзба!

-«Бұқтым» ойбай.

-Иә, сонан көнсе көнгені, көнбесе «аузын басып, мойнын бұрап» дегендей матаулы тоқтыша мәшинеге атып ұрасыңдар. Енді бір қиын жері үйге әкелгесін болады. Дегенмен, алдын ала үйге бір жүгірмекті жүгіртіп, сүйінші сұратасыңдар ғой баяғы. Ал келген соң үй-іші той қамтығына кірісіп, дүрбелеңге түскенде, сендер қызды сүйрей-мүйрей апыр-топырмен топалаң келтіріп, түкпіргі бөлмеге енесіңдер де басына ақ жаулық саласыңдар. Бірақ оны жеңгетайлардың бірі немесе «өз етін өзі жұлып жеп» тұрған қуекеш қыздардың бірі салады. Сонымен іс тәмам болады... Қыз алудың тағы бір әдісі бар, ол алдап алу. Ал жаңағымыз ұрлап алу. –Ол шиқылдап тағы біраз күліп алды.

-Қой,қой,- дедім мен шошына, мұның да оңай шаруа емес екенін шақшадай басымның қас қағымда жұмыс істеп кеткендігінен бірден біліп,- Бәлеңнен аулақ. Қыз бүлік шығарса сотталдым десеңші.

-Өй, ол алдын ойламайтын кеще қыздар да. Қайтып

келген қыз атанбау үшін өздері-ақ қалады, нән саспа.

-Жарайды, солай-ақ болсын. Бірақ құдайым-ау, адамгершілік, ар-ұят, қыз намысы деген бар емес пе?!

-Ар-ұят деп қатынсыз өтесің бе, әй сен мырық. Сенің тойыңа барамызбен өңешіміз үзілді ғой, ойлан бірақ, ойлан, - деп майлы денесі іркілдеп, сыртқа шығып кетті Мырқы.

«Бүгін сүрбойдақ атансам, ертең қарт бойдақ атанбасыма кім кепіл? Әсілі, Мырқының сөзінің де жаны бар-ау осы, қой енді Сарқыт досыма барып ақылдасайын» деп ойладым. Ол бар жағдайға қанықкан соң бар дауысымен қарқ-қарқ күліп алды да:

-Достым-ау, - деді, - аяқ астынан сабындай бұзылуың қалай, сені де ай қарағандай күтіп жүрген біреу бар шығар, асықпа. «Сүйемін, күйемін» деспей жолама ешкімге. «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады». Осыны есіңде сақтағайсың тағы да... Осы күндері қайсыбір сабаздардың өткен іске өкініп, ернін тістеп жүргендері де, от боп жанған махабаттары лезде пықсып сөніп, айырылысып жатқандары да көп қой. Соның бәрі сол Мырқы данышпандарыңның айтқан әдістерін қолданған «ерлер-ау»деймін.

Мен екі оттың ортасында ақыл тоқтата алмай, үйленудің қай әдісінің оңтайлы екенін де білмей, әр-сәрі күйде қалдым.

Ой, сұлулардың мінезі-ай!

Үйлену дегеннің өзі бір дәурен-ау шіркін! Мен де сол үйлену деген тәтті ұғымды көңілімнің төріне қонақтатып, болашақ бақыт құсыммен бірге бойдақтық күнімнің соңғы нүктесін қоюға, киноға бармақ мақсатпен, аяулымның үйіне қарай жосып келе жатқанмын. Кенет бір

көшенің қайрылысынан тоқсан градустық «бұрышпен» бұрыла бергенімде, дәл қарсы алдымнан осыдан бір жыл бұрын үйленіп, үстеріне ақ отау тіккен Сиқы деген досым аспаннан түскендей сап ете қалды. Көріспегелі көп болған, құшақтар апыр-шұпыр, айқаса кетті. Тіпті дүрдиген ернімен бетімнің ұшынан да бір сипап өтті. Қайтсін енді, мектепте он жыл бойы ойнақ салып, әскерде айт-дваладап етіктің өкшесін қисайтып, табанын тоздырған сабаздардың бірі емес пе? Жүректің сағынышы мен көңілдің мауқын басқан соң барып, ерің әрең дегенде сөзге келді-ау.

-Әй, Шақыман, мынауың жаңалық қой, кештетіп неғып жүрсің. А-а-а, айтпақшы сен бойдақтар «әлеміндегі» қыздарға көз салатын сұр бойдақтың бірі екенсің-ғой. «О, тоба, мына сұмырай адамның ішіндегіні қайдан біледі ә». Мен де енді ештеңені жасырмадым да, ештеңеден тартынбадым да барлық құпиямды ақтарып салып өте шықтым. Барсын әйда.

-Сұр бойдақ деген аттан құрып-ақ болдым достым. Жапсырған жамаудай қалар емес. Енді міне, жел қуған қаңбақтай домаланып, үйленудің қамында жүргенім рас.

-Так-ойланып қалды. –Әй, оның періштедей ару ма? Әлде, көлде жүзген аққу ма?

-Мен үшін ару да, аққу да сол. Дүниедегі арманым, асылым да сол. Кездескен сайын мойнына ақ білегін асып тұрып, еміренетін наздылығын айтсаңшы. Одан артық қандай махаббат, қандай жар керек?!

-Иә-ә, дұрыс-дұрыс Қозы мен Баяндаймыз десейші. Ал, мінезі ше, мінезі. Әсіресе, мына сендер, творчество адамдары үшін қыз мінезі күнде тыныс алып жүрген ауадай қажет емес пе? «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» дегендей ертең қолыңа сумка ұстатып, аяғыңды жерге тигізбей зыр жүгірте қуып,

жазғаныңның «гонорарын» санап отыратын қуыс кеуде, болып шықпасын.

Мен оның жан дегендегі болашақ жалғыз жарыма кір келтіре сөйлегеніне қаным басыма теуіп, еріксіз алара қарадым. Досым болса қайтейін, аяулыма тілі тимесін. Дауылдай буырқанып келе жатқан алапат ашуды сезген ол, мені қақпақылдап тас боп қатқан жүрегімді жібітуге әрекет жасады. Итте болса дос ғой мұрындықтаған түйедей ыңғайына көне бердім. (Ит деп отырғаным да сол менің сәулешіме артық сөз айтқандығынан).

-Әй, сен ашуланып қалдың ба немене. Мен саған оллаһи достық ақылымды айтып тұрмын. Былай, оңашаға жүрші, мен өз басымнан өткен көп оқиғаның біреуін ғана айтып берейін. Миғұла болмасаң содан титімдей болса да бірдеңе ұғарсың.

-Ал, тыңдайық, данышпансымай бол енді, уақытым аз.

-М-м-м. Асықпашы... Иә, басқа жігіттердей емес, менің шынымды айтсам, әйелжандылығым басым. Соны да түсінбейді, әлгі біздің үйдегі бәтшағар, сенің құрдасың. Бір күні әдеттегідей жұмыстан алшаңдай басып келгеннен кейін, өзіме тиесілі үйдің шаруашылығын бітіріп тастадым да, креслоға аяқты айқастырып тастап конжия отырдым. Бұдан артық не істеуім керек. Сосын жаңа газеттерді аударыстырдым. Жаңалыққа жаным құмар мен қасқа, газеттерді қолға алған соң, мынау дүниені түгел ұмыттым. Құрдасың Қалима ас үйде ас қамымен күйбеңдеп жүр. Өзі-өзімен күбір-күбір, анда-санда дауысы қатқыл шығады. Аяқ-табақтың бір-біріне соғысқан салдыр-гүлдір дыбысы да шыңылдап естіліп жатыр. Мен де бірдеңенің боларын сезгендей қипақтай бастадым. Айтқандай-ақ, бір мезет есікті шалқасынан лақтыра тастап, іштен атып шықты. Түсі оңған шүберектей бозарып кетіпті. Әлсін-әлсін саусағының басына қарап қояды. Сірә, қызыл лакпен

бояған соядай ұзын тырнағын бірдеңе іліп кетсе керек. Енді соның ашуын менен алмақ.

-Омашақ болғыр, омалмай көмектесссеңші.

Бітті. Отыз екі тістен шыққаны осы жалғыз ауыз сөз. Қараймын. Бір кезде өзім үшін сұлу деген сүйіктімнің қазіргі бейнесі жан шошырлық. Жаққан опа-далабы ас буымен еріп кетсе керек, бетіне айғыз-айғыз із тастапты. Келісіп қалыпсың деймін іштей... Күндегі әдеті осы, қабағы да бір жылымайды. Ерлі-зайыптыларға тән наздылық жоқ. Сондықтан болар көңіл құрғыр да күннен-күнге суып бара жатқандай. Баяғы айтқан махабатнамаларым да құмға сіңгендей жоқ болған. Санасызға сан айтсаң да қонбас. Бірақ, соншама тентек болғанымен бүйрегің бұрып-ақ тұрады. Жолдасың ғой. Алайда әлгі бір айтқан ошаған сөзі орындыққа жабыстырғандай орнымнан тұрғызбай қойды. Тапжылмадым.

-Неғып отырсың, тұрсаңшы... омалмай.

Тақа болмаған соң, мен де енді жұмыстан кейін адам сияқты демалуым керектігін, үй шаруашылығының ең болмағанда үштен екісінің әйел байғұстардың үлесінде екендігін, қазірде мұның өзінің ата-бабамыздың бұрынғы салтына қарағанда көп жеңілдігін, басқа еркектердің әйелдеріне мен сияқты көмектеспейтіндігін тәптіштеп тұрып ашып айттым. Ол да әйел жамағаттардың мойнында бес батпан жүк барлығын дәлелдеп, қарсы шабуылға шыққан футболшыдай қасарысып бақты. «Үндемеген үйдей бәледен құтылады» демекші, мен енді жұмған аузымды ашпастан мелшидім де қалдым. Әйел деген құдіреттілердің алдында өз дәрменсіздігіме бас игендей болдым.

-Жарымес, саған тиген мына мен ақымақпын. Неңе қызықтым екен, тіпті сені бар ғой көргім де келмейді,- деді. «Ия жарымес болсам,көргің келмесе менің жетегіме

ермес ең. Өзің емес пе едің осы, үйленуге асыққан. Өзің жаққан отыңа өзің-ақ, жылын қалқам. Менде кінә жоқ, басымды көп қатырма» деп іштей айтысып отыра бердім. Мейлі. Қызықтың көкесі енді басталды. Әлгі періштем бар күшін, сөз қорын жинап алды да, небір ғайбатнамаларды тоғытты дейсің бір. Кәдімгі колхозда бағатын малдардың атымен саусағын бүге санап тұрып, мені атай бастады. «...шошқасың». Қай қазағың мұндай сөзге шыдап көрген. Орнымнан ор қояншa атып тұрдым да, шапалақпен жағынан тартып өттім. Тартуын тартсам да құдай қосқан қосағым ғой, қолым күйгендей бір орнымда сілейдім де қалдым. Ол да бір ауыз тіл қатпастан ашудан булығып, сөйлей алмай келесі бөлмеге барып кірді. Қайта шығып қолына қалам, қағаз алды. «Мына бәтшағар не істегелі жүр» деймін. Аяғымды мысықша басып барып, ептеп есіктен сығаласам, бүкшиіп бірдеме жазып отыр екен. Біреу бір шелек мұздай суды төбемнен лақ еткізіп құя салғандай тілсіз қалдым. Зәрем зәр түбіне кетті. Амал жоқ, сонан үлкен басымды кішірейтіп бас июіме тура келді. Жалма-жан бет әлпетімнің «мимикасын» өзгертіп, жүзімді жылытып, ақсия күліп қасына жетіп бардым. Сәулем деп, гүлім деп, айнам деп әйтеуір тілге оралған сұлу сөздерді он екі рет иіліп тұрып суша сапырдым. Әдепкіде көнбегенімен әйел затының жан-жүрегін елжіретер ыстық сөзімді естіген соң жібиін деді. Ол әлгі жазып отырған қағазын қолыма ұстатты. Бәтір-ау, көз жіберіп қарасам, менің үстімнен бастығыма жазылған шағым екен. Қайдағы-жайдағыларды жазып, сілейтіп салыпты. Мен де оның осы күлімсіреп отырған бір сәттік алтын уақытын пайдаланып, көңілін аулап қалу оймен күліп жібердім. Жағынып жатырмын, тәйірі. Қойшы, не керек ақыры татуластық-ау. Столға келіп отырдық. Тамақ та суып кеткен. Тәбет болмады.

Міне, достым, біздің үйдегі сұлудың мінезі осындай. Бір күндердегі ақылына көркі сай ару дегенім, жанымның жартысы дегенім осындай жау қаһарын қайтарар «батыр» болып шықты. «Жуас түйе жүндеуге жақсы» дейді-ғой. Сөйтіп, бізді де жүндеп жатыр. Дәл қазір страшно. Шынымды айтсам қорқам. Ендігісін өзіңнің патша көңілің білсін.

Мына менің бұрын-сонды досым айтқан «мінез» деген бәлекетті ойлап көрмеген, шақшадай басымның ішіндегі ми деген «механизм» енді тынымсыз ойға көшті. Сиқының сөзінің жаны бар секілді. Шынымен-ақ, ойланып қалдым. «Аяғыңды аңдап баспасаң орға түсесің» деген сөз рас-ау сірә. Сонан «ой, сұлулардың мінезі-ай!» деп бас шайқап, таңдай қаға жүріп кеттім. Менің сүйіктім ондай емес.

Сергелдең

Ертеңгілік үйден шықтым да, бұрын өзім жұмыс істеп кеткен мекеменің кадр бөліміне бардым. Кірместен бұрын туфлиімнің табанына қарағанмын. Құдайға шүкір, жұқарғаны болмаса әлі тесіле қоймапты. Қарауымның себебі: мен бұл есікке бірнеше рет келдім.

Әбден запы болғандықтан ба, сәл батылсызданып тұрдым да есік қақтым.

-Кіріңіз.

Бірден таныдым. Осы кадр бөлімінің бастығының дауысы. Есік ашуым мұң еді, әдеттегі орта бойлы, семіз, жуан қара кісі тампық мұрнына түсіре киген көзәйнегінің үстінен алара қарады. Қараған көз қарасы бар ғой, таяқ жеген боксшының көзін көрдіңіз бе, дәл сондай екен. Ойпырай, неткен ұқсастық... Ішім қылп ете қалды. Тағы да жұмыстың бітпейтінін сезгендеймін.

-Иә, сөйле.

-Ағай мен... Еңбек кітапшамды алуға келіп едім.

-Сен бала айтқанға түсінбейді екенсің,- деді ол бірден

түтігіп.

-Қалайша? Бүгін кел деген күніңіз.

-Әнекей... А, солай ма? Есімнен тарс шығыпты-ау.

-Дәл солай.

-Ендеше... Так, так екі күннен кейін кел. Іздеп көрейін.

-Ойбай, ағасы-ау, сандалғаныма ай болды ғой.

-Әй, шырақ, сен түбі тесілген шелектей таңқылдама. Онан да түсін. Екі күннен кейін кел.

«Жазған құлда шаршау бар ма?» Амалсыз сыртқа шықтым. Сергелдең деген осы болар.

Қызық-ай!

Ғашықтардың обалына қалатын түн еді бұл бір. Неге десеңіз, жерге түскен иненді тауып алатындай ай сүттен жарық-тын. (Неге обал болатынын енді түсінген боларсыздар). Темекімнің түтінін сақиналатып жіберіп, қолағаштай мұрнымды рахатқа батырып келе жатқанмын. Шайтан көрсем де қоркатын түрім жоқ. Бір уақытта көшенің бұрышынан жартылай қызға, жартылай жігітке ұқсаған біреу шыға келді. Ішімді қыж-қыж қайнатып келе жатқан екі жүздей «ақаң» бар еді,қыңбай жүре бердім. Жақындап келгенде байқадым: жаңағы әредігім жалба шашы иығын жапқан жігіт екен. Көзі мысықтың көзіндей жылтырайды. Беті табақтай, мұрны үсіген картоптай. Қатарласа бергенімде бірдене жарқ етті. Пышақ.

-Әмиян керек пе, өмір керек пе?

Батырға да жан керек. Әлгі «екі жүзім» ғайып болып, денем безгек ұстағандай қалшылдап кетті.

-Әрине, өмір.

-Онда әмиян.

-Қазір, қазір,- қолым қалтырап еріксіз қалтама сұғына берді.

Тонаушым асығыс, шоқ басқандай ыршып, жанығып тұр.

-Қане, қане басқа емес, тек ақша шығатын болсын,- деп пышағын мұрнына әкеп тақады. Күдігі бар. «Мынау есуас, қасқа маңдай мені қылжитқанда, өзінің түрменің түбінде шіритінін білмей ме?» деймін іштей.

Пышаққа көзім түсті, сосын аузыма тығылған өкпемді, кеудемді ұрғылаған жүрегімді «орнына қойып» өзіме-өзім келіп алдым да:

-Кәні, көзіңді жоғалт мойның жұлынбай тұрғанда,- деп қорқанып күш көрсеттім.

-Өй, мынаны қара, өле алмай тұрып көрдің бе-ей... Бол қане, ақшаны әкел,- деп өзінікіндей-ақ, өгізше өкірді.

-Сен білесің бе? – дедім шырт түкіріп,- қолыңдағының қандай пышақ екенін. Ол біздің заводта жасалған. Онымен менің мұрнымды кеспек түгілі, бір жапырақ қағаз да кесе алмайсың. Мұның мақтамен бауыздағанмен бірдей, әулием. (Имандай шыным, өтірік айтсам желкемнің шұқырын көрмейін, ай сайын біздің өніміздің жартысы бракқа шығатын).

-А-а-а-а. –Сасып қалды.

-Иә, иә ол да бір, ағаш та бір.

Анау да тоқсан тоғыз есалаң ба немене, пышағына қарап тұрып, сықыр-сықыр тісін қайрады. Сосын:

-Мен шағым жазамын, -деді өкіністен көзі бақшиып, - брак жібергендерің үшін білдің бе?

-Мейлің. Шағымданған жалғыз сен емес, адамның брагы,- деп жүре бердім мен...

Осы оқиғаға әлі күнге дейін күлкім келеді. Ой, қызық-ай! Бұл өмірде не болмайды.

«Алло, мен Шижағадамын»

Зәредей де қосарым жоқ.... Сізге өтірік, бізге шын мен осыдан аттай жеті жыл бұрын Арал қаласындағы Уәлиханов переулогы, 29 үйінің (бұрынғы 35 3-үй) төрінен 1-50 деген айдар тағып орын алғаным да, үй иелері арқа-жарқа қуанышқа кенеліп еді. Шынымды айтсам көрші-қолаңдарымен де, жақын-жуық, дос-жарандарымен де, мен арқылы хабарласып рахатқа батқанды. Ал, маған қаншама алғыс жауды десеңші олардан. Бірақ, бұл дәуренім ұзаққа бармады. Кесел айтып келе ме, аяқ астынан тым-тырыс, жұмған аузымды ашпастан жұмыс істемей қалдым. Сол сол-ақ екен үй иесі сергелдең түсті дейсің бір. Аудандық байланыс бөліміне күніге он барып он келеді. Сабаздар-ай, олардың да жауабы дап-дайын екен. Байланыс цехының бастығы Қ.Тайров та өте шеберлікпен жылы сөйлеп, арқадан қағып шығарып салады. Бірде «линия үзілді», бірде «кабель тозды» дейді. Дәлелсымақтары осы. Ал, шынтуайтында оны жалғау әсте, қиын ба екен? Әлбетте, бұл құнтсыздық, жауапсыздық десем имандай шыным, артық айтпаған да, өтірік айтпаған да болар ем.

Арада айлар елеусіз өтіп жатты. Менің ием жөнделеді деген үп-үлкен үмітпен төрт айға ақшасын да төлеп қойды. Өкінішке орай, жөнделмеді. Сонымен не керек әне-мінемен олар, сергелдеңмен үй иесі, мылқау адамша тұнжыр қалыпта мен де жыл-он екі айды өткіздік. Бірақ, көрші телефондардың бәрі түгелдей тым жақсы жұмыс істеп тұрды.

Бір күні менің қарамды батырып, Шижағадан бірақ шығарды. Сөйтіп, ғайыптан зым-зия жоғалған менен үй иесі айырылып қалған еді. Сонан үш жыл өткен соң іздеу сала жүріп, табыстық-ау әйтеуір. Ол «сені іздеп баспаған тауым, жүрмеген жерім жоқ» дейді, мен

«қолдан келмегесін шара қайсы, амалсыз осы жерде жүріп жатырмын» деймін. Осылайша бір-бірімізге мұңымызды шаққан соң, ол «тәуекел етіп тағы бір ізденемін» деп уәде беріп кеткен. Әлі хабар жоқ. Менің екі көзім төрт болып, тағатсыздана күтіп жүрген жайым бар. Ұзынқұлақтан есітемін иемнің әуре-сарсаңға түсіп жүргенін. Сірә, олар тағы бір дәлел тапқан болар... Мен сол кісінің атындамын, ал менің рахатымды басқа біреу көріп отыр. Нанбасаңыз қараңыз,тіпті телефон анықтамасында да менің номерім дәл сол кісінің аты-жөнінің тұсына тайға таңба басқандай етіп жазылған. Солай бола тұрса да байланыс бөлімінің басшылары заңсыздыққа жол беріп отыр.

Құрметті редакция! Мен сізге бұрынғы иеммен қайта табыстырар, ал байланыс бөлімінің басшылары ойланып жөнге келер деген үмітпен шағым етіп отырмын. Тәлкекке түскен тағдырымды айту айып емес шығар.

Сәлеммен 1-50 номерлі телефон.

«Ойлан, басеке!»

Ферма бастығы Салпаңбай машинадан түсті де, шырт-шырт түкіре аяғын алшаңдай басып шопан үйіне қарай бет алды. Мына мүшкіл хәлімізді көріп, көңілге демеу болар бір сөз айтар деп дәмеленген қойлар,оның қайырылмасын аңғарып жамырай маңырады. Тосын дауыстан бастық шошына жалт қарады. Осы сәтте әлгі қойларға тіл бітіп, сөйлей жөнелмесі бар ма? Бастықтың зәре-құты қалмай, қорыққаннан көзі шарасынан шығып кете жаздады.

-О, басеке,- деп сөз бастады отардан ілгері оза бір кәрі саулық, - өзіңе айтар мұңым бар, берірек жақындап құлақ салыңыз маған. ... Сонау жылы қыстың басында төбеңді бір көрсетіп кеткенің бар. Онда да бізбен тілдеспей сыртымыздан мәз боп кете бардыңыз. Ал онан соң бір келіп істеген қылығыңыз өзіңізге аян. Есіңізде

ме? Әкелген «жынды суыңызға» сылкия тойып, жүре алмаған соң ел болып жабылып, машинаңызға көтеріп мінгізіп жібергеніміз. Бұл келгеніңізде де құралақан емес екенсіз. Қойыныңыздан сол «қисық аяғыңыздың» қылтиған басын көріп тұрмын. Мүмкін тағы сондай халге жетерсіз. Бірақ, ғафу етіңіз, сізді ондай ғып машинаңызға құрметпен мінгізуге бізде күш жоқ.

Астымыз сыз, үстіміз қар. Жеуге шөп жоқ, жүруге әл жоқ. Құр сүлдеміз ғана қалды. Шөпті қаңтардың аяғын ала тауысып, ақпанның басында шіріген шөпті талғажау еттік. Салдық деген қораңыз анау, ашық-тесік. Күні-түні жел үлеп, қар борайды. Аштан өліп бара жатқан соң амал бар ма, аз да болса баспана болып тұрған осының қамысын жеп жатырмыз...

Бізге қамқорлық жасайтын шопандардың да өз жағдайы мәз емес. Көрпе-жастықтарымен ашық-тесік жатқан үйлерін бітеді. Алаша, киіздерін біздің қорамызға жапты. Сіздің жүрісіңіз мынау. Қарныңыз тойғанша тамақ ішіп, ұйқы қандыра жылы жерде жатқан сіз, біздің жағдайымызды қайдан білейін деп едіңіз. Кешегі жыландай зәрін шашқан қаһарлы қаңтарда бізді ойладыңыз ба? Әй, қайдам, басеке...

Көктем де жақын қалды. Көк майса шөпті бырт-бырт үзіп жейтін күн бар ма екен, шіркін! Ол күнге жетеміз бе, жоқ па?... Әзірге өмірден күдер үзіп тұрған жайымыз бар.

-Ол армандарыңа жетесіңдер,- деді Салпаңбай байланған тілі жаңа шешіліп,- қайғырмаңдар, енді қалған азғантай күнге өлмейсіңдер...

-Олай демеңіз, басеке. Азғантай дегенмен соған да біраз күн бар-ау. Көктемнің алғашқы айының да өзіне тән ызғары болатын... Ойланыңыз, басеке!

Салпаңбай әдетінше шиқандай бетін бір сипап машинасына барып мінді. Шынында, ойланғаны жөн болар оның.

Біртүрлі талап

Мінбеге жаңадан болған ферма басқарушысы Тарпаңбай көтерілді де, көпшілік бұрын естімеген талап қоя бастады.

1. Бірде біреуің қыбырламайсыңдар, яғни ауылдан сыртқа қарға адым аттап шықпайсыңдар. Өйткені ферма жұмысы ақсайды.

2. Менің рұхсатымсыз той-томалақ жасалынбайды. Себебі, бұл біздің қаншама алтындай уақытымызды алады. Дайындық-пайындық деп жүресіңдер сол.

3. Дүкеннен арақ-шарап сатылмайтын болсын. Бас ауыртып дегендей бұл да жұмысқа кедергі келтіреді. Тек мейрамдар да ғана болады.

Соңғы талабым: маған қарсы сөйлемейсіңдер. Бәріңде менің ығыммен жүріп, айтқанды орындайсыңдар. Сонда ғана ісіміз оңға басады, - деп сөзін аяқтады.

Қазір Тарпаңбай өз айтқандарын жүзеге асыруды қолға алған сияқты. Бірақ, ақырының не боларын кім білсін?

Өсекші дос

Бетіңе қарап күледі,
Өсекке құлақ түреді.
Бір сөз айтса асырар,
Жақсылық жағын жасырар.

Өз қылығын көрмейді,
Өзгені мінеп, сөйлейді.
Елдер оны ез дейді,
Бірақ соны сезбейді.

Өз ісіне сенбейді,
Не жұмысы өнбейді.
Шындықты айтсаң бетіне,
Оған тіпті төзбейді.

Ақыл айтсаң әлдене,
Басың қалады пәлеге.
Төсін ұрады мен, мен деп
Бітірмей-ақ, ештеңе.

Талқылап көр, халайық,
Әділ сөзге барайық.
Дұрыс па осы бұрыс па,
Ой жіберіп қарайық!

Жақсылық күтем демегін.

-Әй, жігіт, тоқта,
Бір сомың жоқ па?
-Жоқ, деп міңгірледім.
Деді: өтірікті соқпа.

Басым арақтан сырқырап,
Ішім аштан шұрқырап,
Ішкенімді көрдің бе,
Аузымда тұр бұрқырап...

...Арақ үшін жұғысқан,
Кеудесі кең қуыстан.
Жақсылық күтем демегін,
Дәл осыдан туысқан!

Байлардың балалары

Бір күні жаңа қазақтардың балалары дауласып жатыр.
-Менің әкем сенің әкеңнен әлдекайда бай!
-Ал, менің әкемнің ақылы көп.
-Менің әкем сенің әкеңе қарызға ақша берді.
-Е-е-е, всё. Әкем енді ол қарызды қайтармайды.
-Мәә, ендеше қырғын болады.

Тіс дәрігері

Баласы мектеп бітіріп, «дәрігер болғым келеді» деп қоймаған соң Дәурен досы Сәуренмен ақылдаспақ болды.

-Осылай да осылай, кейін көлденең пайдасы молырақ маман болуы үшін қандай факультетке түскені дұрыс? – деп сұрады.

Сәурен көп ойланып отырып:

-Менің ақылымды тыңдасаң, стоматология дұрыс-ау,- деді.

-Неге?

-Өйткені, адам баласының кез келген мүшесі біреу немесе екеуден аспайды. Ал тіс дегенің 32-ғой!

Қызыл комиссар

Совхоздың кеңсе қызметкерлері күнде кешкісін жұмыстан қайтарда кеңсе алдында сәл-пәл әңгімедүкен құратындары бар екен. Сондай күндердің бірінде алдарынан 40-тың үстіндегі бойы тіп-тік совхоз директоры адымдап өтеді. Партия ұйымының хатшысы Байтоқ «ойпырмай, мынау актың офицерінен айнымайды ә-ә» дейді. Оған бәрі бір күлісіп алады.

Екі-үш күннен соң тағы сол жерде тұрғанда, совхоз директоры да келіп әңгімеге араласады. Сөз арасында:

-Бәке, осы мен кімге ұқсаймын,- дейді. Тұрғандар бір-біріне «кім жеткізді дегендей» үрпиісе қарайды. Үнсіз. Байтоқ болса аспай-саспай:

-Актың офицеріне ұқсайсыз-ғой,- дейді.

-Ал өзіңіз ше?

-Мен қызыл комиссармын-ғой,- дейді жайбарақат. Бәрі ду күліпті.

Байтоқ содан кейін, «қызыл комиссар» атанып кеткен екен.

Байеке!

Совет өкіметі тараған кез. Совхоз атымен жоқ болған. Бір ауылдасы Байтоққа:

-«Қызыл комиссарлар» Совет өкіметімен бірге келмеске кетті. Енді Сізді кім дейміз,- депті. Сонда Байтоқ іркілместен:

-Байеке, деген ат сұранып тұрған жоқ па?! Бүгінде бай болдық, Байеке болдық, құдайға шүкір!- деген екен.

Жүретства

Қалада оқып жүре ме, жұмыс істеп жүре ме бір қыз ауылына қайтып бара жатса керек. Таксистке келеді.

-Ағай, ауылға баратства?

-Да!

-Ағай, қашан жүретства?

-Міне, қазір жүремін.

-Ой, ағай, қазақша білемін деп айтпайсыз ба?

Мен бағанадан бері орысша айтып тұрсам сізге. Ұят-ай!

Тұрық

-Зере кайдасың?

-Аялдамада тұрық.

-Бір өзің бе?

-Жоқ. Сәрсен екеуміз отырық.

-Жарайды, ендеше.

-Ах-ха.

***

Міне, қазіргі жастардың сөздерінің сиқы.

МАЗМҰНЫ

Бірінші кітап. ҚЫРМЫЗЫ ҒҰМЫР 3
Киіктің лағы 4
Түнгі жауын 7
Махаббат мақамы 9
Сағыныш 11
Адалдық 16
Партизандар соқпағы 21
Бармысың, махаббат? 27
Кешіру 35
Қызыл орамалды қыз 41
Үміт 49
Зұлымдық 75
Қаңғыбастар 86
Көкбет 98
Алғашқы қар 111
Екінші кітап. СЕЗІМ ПЕРНЕЛЕРІ 113
Ақбөгет, Беларығым 114
Құса қылма 115
Жаңылды 115
Аруананы көргенде 116
Ұғысалық жүрекпен 117
Дауым бар 117
Күмбірледі күйлерім 118
Шындық 118
Дақ түсірмей... 119
Немере 119
Өзім жайлы 120
Кел, жаңа жыл! 120
Бастарыңды қосыңдар 121
Мәні қалай? 122
Әулие өлкем 122
Аққуым 123
Туған жердің түтіні 123
Жарыма 124
Теңіз қайта толса... 124
Өмір жайлы ойланам 126
Қартаймасын жүрегім 126

Иттер үріп... 127
Отыздан астым асқақтап 128
Аралым естен кетпейді 129
Дархан ой 130
Түсер еске 130
Күресуші ек 131
Қателік 131
Тау қыраны 132
Даланың адал ұлы 133
Жүрек сыры 133
Сүйеді екем мен сені 134
Төте жол іздемедім 134
Іштен жылап тұрсақ та 135
Күз 136
Ақ тілегі анамның 136
Әке рухына 137
Украина жерінде 138
Біреуге 138
Алматыдан қайтарда 139
Он жеті жас 139
Әдет 139
Аралыма шақырамын 140
Бұлақ және жастық 140
Достарды аңсау 141
Толғаныс 141
Қазағым 142
Ақ қайыңдар 143
Жақсылық тілеп жүремін 143
Мен сені еске аламын 144
Әкеме 145
Сағыныш болды сол бір түн... 145
Сәулешім 145
Мұрагер 146
Үшінші кітап. "АРСЫЗ БОЛМАЙ АТАҚ ЖОҚ" 147
Амал 148
Өтірік 149
Нағыз иттер 149
Өзі ғой 149
Сүт емес 149

ТСС-СС 150
Паракор... 150
Өсекші 150
Ойлағаны өз жәйі 150
Есер мен есті теңесер 150
Оңшең мыжу 151
Лақтырғыш 151
Жабайы қоғам 151
Қара қайық 151
Қазаннан қақпақ кетсе... 151
Бұл кімдер? 152
«Арсыз болмай атақ жоқ» 153
Қазақстандық демократия 156
Эх, тәуелсіздік 156
«... қыздар сияқты» 156
«Атан» 157
Ақпақұлақ 157
Бір малға екі сом 157
Шақша бас 157
Тарт қолынды 158
Орысша ма, қазақша ма 158
Сатушы ебі 159
Үйленгендер айтады... 159
Ой, сұлулардың мінезі-ай! 162
Сергелдең 167
Қызық-ай! 168
«Алло, мен Шижағадамын» 170
«Ойлан, басеке!» 171
Біртүрлі талап 173
Өсекші дос 173
Жақсылық күтем демегін. 174
Байлардың балалары 174
Тіс дәрігері 175
Қызыл комиссар 175
Байеке! 176
Жүретства 176
Тұрық 176

Шымкентбай ЖЫЛМАҒАНБЕТОВ

ӨМІР КӨШІНДЕ

(Әңгімелер, өлеңдер, әзіл-сықақ, фельетондар)

Редактор Шыңғыс Әлімов
Техникалық редакторы Абзал Оңалбай
Корректоры Аида Аманова
Баспашы Сембина Шынар

ISBN 978-601-259-144-6

Басуға 07.11.2023 ж. қол қойылды.
Офсеттік қағаз, қалыңдығы 80 гр/м.
Офсеттік басылым. Пішіні 60x84 1/16
Шартты баспа табағы 11,25
Есепті баспа табағы
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 5236
Бағасы келісімді.

ЖШС «Формат-Принт» баспаханасы,
080003, Тараз қаласы, Камиль Рахмати 33-үй
Тел.: 8(7262) 52-60-56, copy-format@mail.ru
saidullaev_i_k 87004654248

Шымкентбай Өмірзақұлы
ЖЫЛМАҒАНБЕТОВ

Мамандығы – журналист.

Қазақстанның Құрметті журналисі.

Қазақстан Журналистер Одағының «Алтын медалінің» иегері.

Әңгімелері, өлеңдері, әзіл-сықақтары кезінде облыстық, республикалық басылымдарда жарияланып тұрған.

Қылмыс тақырыбына жазылған әңгімелері «Қателіктің құны» деген атпен кітап болып шыққан.